

**МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ-2023:
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ҮРДІСТЕРІ**

МӘСЛИХАТТАРДЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА 30 ЖЫЛ ТОЛУЫНА ОРАЙ

Астана
2024

УДК 323/324

ББК 66.1

М36

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының Ғылыми кеңесімен басып шығаруға ұсынылған

Редакциялық алқа: А.С. Жолдыбалина, Ж.М. Санхаева, А.Г. Үрпекова, Қ.С. Сайлау, Д.Б. Өтеғали, Қ.Е. Ықылас

Мәслихат депутаттарын сайлау-2023: ерекшеліктері мен үрдістері (Мәслихаттардың құрылғанына 30 жыл толуына орай). Ұжымдық монография. – Астана: Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты, 2024. – 208 б.

ISBN 978-601-81083-7-2

Ұжымдық монографияда өткен 2023 жылғы мәслихат сайлауының негізгі аспектілері талданады. Зерттеудің өзектілігі жаңа сайлау жүйесіне өтумен байланысты. Сондай-ақ кандидаттарды ұсыну және тіркеу рәсімдері, дауыс беру қорытындылары, жалпы аймақтарда жаңа электоралды мәдениетті қалыптастыру барысы сараланды.

Авторлар мынадай аспектілерге ерекше назар аударды: сайлаудағы бәсекелестік деңгейі; кандидаттың жетістіктер мен сәтсіздіктері; сайлауды байқау процесі; сайлаудың гендерлік аспектісі; цифрлық технологияларды қолдану. Зерттеудің негізгі қорытындысы – мәслихаттағы сайлау науқаны өңірлердегі саяси және сайлау үдерістерінің динамикасын жандандырып, жаңа сайлау ережелерінің пайда болуымен ерекшеленді.

Басылым сайлау үдерістерін зерттеушілерге, саясаттанушылар мен сарапшыларға, сайлауды ұйымдастырушылар мен қатысушыларға арналған.

© ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ, 2024

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.	4
Зерттеудің қысқаша мазмұны	10
I ТАРАУ. Ойынның жаңа ережелері: мәслихат сайлау жүйесіне талдау	14
1.1. Аралас сайлау жүйесіне көшу және бір мандатты округтерді қайтару	14
1.2. Мәслихат сайлауын өткізудің жаңартылған тәртібі	19
Сайлау кезеңдері.	20
Сайлау бюллетеньдері.	27
Үміткерлерге қойылатын талаптар.	28
Депутаттарды қайта сайлау және кері шақыру.	31
II ТАРАУ. 2023 жылғы сайлаудың құрылымы мен динамикасы: сайлаушылар, кандидаттар және үгіт-насихат.	34
2.1. 2023 жылғы сайлаудағы сайлаушылардың әлеуметтік-демографиялық портреті	34
2.2. Ұсынудан тіркеуге дейін: негізгі көрсеткіштер.	55
2.3. Үгіт-насихат жұмыстарының ерекшеліктері.	80
2.4. Дауыс беру нәтижелері: шолу және негізгі трендтер.	96
2.5. 2023 жылғы мәслихат сайлауын бақылау процестері	133
III ТАРАУ. Аймақтық сайлаудың сандық мүмкіндіктері: халықаралық тәжірибе.	160
ҚОРЫТЫНДЫ	177
№1 қосымша. 2023 жылғы сайлау бюллетеньдері	183
№2 қосымша. Кандидаттарды ұсыну және тіркеу нәтижелері	184
№3 қосымша. 2023 жылғы мәслихат депутаттарын сайлау жөніндегі үгіт-насихат материалдары	199

КІРІСПЕ

Мәслихаттар – өкілді орган ретінде азаматтардың өңірлерді басқаруында ашықтық пен белсенділікті нығайтуға ықпал ететін, халық пен билік арасындағы өзара іс-қимылдың негізгі тетігі. Соңғы онжылдықта Қазақстандағы мәслихат институты бірқатар заңнамалық және ұйымдастырушылық реформаларда көрініс тапқан елеулі өзгерістер мен дамудан өтті.

1990 жылдары мәслихаттардың қызметін реттейтін алғашқы нормалар қабылданған сәттен бастап, қазіргі заманға дейін өкілді органды нығайту және құрылымдық жаңғырту бойынша маңызды қадамдар жасалды. 1993 жылы желтоқсанда Қазақстанда «Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы» Заңына сәйкес мәслихаттар институты құрылды. Бұл нормативтік акт жергілікті өкілдіктің функцияларын облыстық, қалалық және аудандық кеңестерден жаңа өкілді орган – мәслихаттарға беруге негіз болды. Бұл 1994 жылғы 7 наурызда мәслихаттардың алғашқы сайлауын өткізуге бастама еді.

Қазіргі уақытта мәслихат депутаттары бірнеше деңгейде, оның ішінде облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, сондай-ақ қалалық және аудандық мәслихаттарда жұмыс істейді. Мәслихаттардың қызметі «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі. Қосымша, мәслихаттардың үлгілік регламенті аясында мәслихат¹ сессиялары барысында, сайлаушылармен және жұртшылықпен, БАҚпен өзара іс-қимылын, қоса алғанда, мемлекеттік органдармен және лауазымды тұлғалармен қарым-қатынаста депутаттардың мінез-құлық стандарттарын айқындайтын депутаттық әдеп нормалары белгіленеді.

Мәслихаттар конституциялық реформа аясында басталған дәйекті өзгерістердің нәтижесінде жергілікті деңгейде өз өкілеттіктерін едәуір нығайтты және кеңейтті. Олардың қызметі басқарушылық және реттеуші функциялардың кең спектрін

¹ Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 3 желтоқсандағы №704 Жарлығы. Мәслихаттың үлгілік регламентін бекіту туралы

қамтиды. Мәслихаттардың өкілеттіктерін негізгі бірнеше түрге бөлуге болады (№1 кесте):

№1 кесте. Мәслихаттардың өкілеттіктері

Құзыреттілік саласы	Өкілеттіктер мен функциялар
Әкімшілік аумақты басқару	Жылыту маусымы, жануарларды ұстау, абаттандыруды жақсарту, жасыл желектерді қорғау қағидаларын үйлестіру
Ережелерді реттеу	Денсаулық сақтау жүйесінің жұмыс істеуін жақсарту жөніндегі іс-шараларды, неке және отбасы институтын нығайту, әлеуметтік-экономикалық қолдау, өмірлік қиын жағдайда адамдарды (отбасыларды) қолдау индикаторларын бекіту
Әлеуметтік сала	Сессиялар мен отырыстардың күн тәртібіне ұсыныстар мен ескертулерді бекіту, енгізу, заңнаманың орындалуын тексеруді ұсыну, лауазымды тұлғалардың есептерін тыңдау туралы ұсыныстар енгізу
Депутаттардың өкілеттіктері	Фракция немесе топ түрінде депутаттық бірлестіктер құру
Депутаттық бірлестіктер	Әкімдіктің дербес құрамын келісу, әкімге сенімсіздік білдіру туралы мәселеге бастамашылық жасау, оны Президент немесе жоғары тұрған әкім алдында қызметтен босату туралы мәселе көтеру
Келісу және бақылау	Әкімдіктің дербес құрамын келісу, әкімге сенімсіздік білдіру туралы мәселеге бастамашылық жасау, оны Президент немесе жоғары тұрған әкім алдында қызметтен босату туралы мәселе көтеру

Дереккөз: «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңы.

Мәслихат депутаттары Парламент Сенатына депутат сайлаған секілді, облыстардың немесе республикалық маңызы бар қалалардың әкімдері сияқты бірқатар маңызды функцияларды жүзеге асыра отырып, елдің саяси жүйесінде шешуші рөл атқарады. Осылайша, мәслихат депутаттары биліктің атқарушы

және заң шығарушы тармағының өкілдігі мен тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін, басқару жүйесінің ажырамас бөлігі.

Мәслихаттардың ықпалын күшейту қажеттілігімен бірге Президент Қ.К.Тоқаев өзінің «Жаңа Қазақстан: жаңару және жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауында азаматтардың жергілікті деңгейдегі өкілеті билікке деген сенімін арттырудың маңыздылығын атап өтті². Бұл сайлаушылар мен олардың таңдаған өкілдері арасындағы өзара іс-қимыл тетіктерін жақсартудың маңыздылығын көрсетеді. Аймақтық деңгейде шешім қабылдауда үлкен жауапкершілік пен ашықтықты қамтамасыз етеді.

Демек, мәслихат депутаттарының құрамын қалыптастыру процесі маңызды. Олар өз кезегінде жергілікті сайлаушылардың мүдделерін қорғап, Парламент Сенаты мен басқа да билік органдарының сайлау нәтижесін анықтайды. Мәслихат депутаттарын сайлаудың маңыздылығы олардың жергілікті деңгейде де, республикалық деңгейде де қабылданатын шешімдер мен заңдардың заңдылығы мен ашықтығын қамтамасыз ете отырып, өңірлік деңгейде қоғамның пікірі мен мүдделерінің әртүрлілігін көрсету қабілетінде жатыр.

Соңғы конституциялық реформаларға сәйкес, мәслихат депутаттарын сайлау аралас сайлау жүйесіне ауыстырылды. Тұтастай алғанда, өзгерістер республикалық маңызы бар қалалар мәслихаттарының депутаттарын сайлау үшін аралас сайлау жүйесіне көшуді, аудандық мәслихаттар мен облыстық маңызы бар қалалар мәслихаттарының депутаттарын сайлау үшін мажоритарлық жүйені енгізуді, депутаттарды кері қайтарып алу рәсімін белгілеуді, сондай-ақ мәслихат хатшысы лауазымын төрағаға айналдыруды қамтыды.

Соңғы сайлау науқаны жаңа сайлау ережелерімен ерекшеленді. Бұл жергілікті сайлау процесін барынша жандандырды. Мәселен, облыстар мен Астана, Алматы және Шымкент қалалары мәслихаттарының депутаттары партиялық тізімдер бойынша да, бір мандатты округтер бойынша да сайланды. Ал аудандық мәслихаттардың депутаттары – бір мандатты округтер бойынша дауыс жинады. Бұдан басқа, сайлау жарияланған кезде екі

² Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы – Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты (akorda.kz)

жаңа партия – «Respublica» және Қазақстан «Байтақ» Жасылдар партиясы (бұдан әрі – «Байтақ») тіркелді. Олар да өкілді органдардың депутаттық орындары үшін сайлау жарысына қосылды. Мұның бәрі саяси өмірді одан әрі әртараптандырды әрі сайлаушылар үшін сайлау мүмкіндіктерін кеңейтті.

Сонымен, мәслихат депутаттары тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің халқы арасында өткізілетін жалпы сайлау арқылы бес жыл мерзімге сайланады. Сайлау рәсімдеріне сәйкес, сайлаушылар тікелей сайлау құқығы және жасырын дауыс беру кезінде мәслихат депутаттарына дауыс береді. 20 жасқа толған Қазақстан Республикасының кез келген азаматы мәслихат депутаты болады. Әркім тек бір мәслихатта ғана депутаттық орын ала алады³.

Мәслихат құзіретті болу үшін оның жалпы құрамының кемінде төрттен үш бөлігін депутаттар сайлауы қажет. Әрбір мәслихаттағы депутаттардың саны оның деңгейіне байланысты Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясымен (ҚР ОСК) сайлауды тағайындау кезеңінде айқындалады:

- облыстық мәслихатта, республикалық маңызы бар қалалардың мәслихаттарында – 50-ге дейін;
- қалалық мәслихатта – 30-ға дейін;
- аудандық мәслихатта – 25-ке дейін.

Осы зерттеу аясында мәслихат сайлауының мысалына сүйене отырып, жергілікті сайлаудың негізгі аспектілерін қарастыру ұсынылады. Жергілікті депутаттарды сайлаудың жаңартылған тәртібіне, кандидаттарды ұсыну және тіркеу рәсімдеріне, сондай-ақ олардың саяси динамикаға әсерін анықтау мақсатында дауыс беру нәтижелерін талдауға ерекше назар аударылады. Осы мәселелерді зерделеу мәслихат депутаттарын сайлаудағы сайлау науқандарының ерекшеліктерін түсінуге және өңірлер бөлінісінде сайлау мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Алынған нәтижелер сайлау процесін жетілдіру және жергілікті деңгейде демократиялық институттарды нығайту бойынша ұсыныстар әзірлеуге негіз бола алады. Зерттеу барысында келесі сұрақтар қарастырылады:

³ Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңы. Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы

- Сайлау процесін реттейтін заңнамалық актілерге қандай өзгерістер енгізілді және олар жергілікті сайлау процесіне қалай әсер етті?

- Кандидаттарды ұсыну, оларды тіркеу рәсімін, сайлау науқанының кезеңін және сайлау қорытындыларын қоса алғанда, әрбір кезеңде жергілікті деңгейде сайлау процесінде қандай тенденциялар мен динамика бар?

- Азаматтардың сайлау процестеріне қатысу деңгейі қандай, Қазақстанның қазіргі демографиялық жағдайындағы сайлаушы мен депутаттың портреті қандай?

- Әртүрлі аймақтардың сайлау процестеріндегі негізгі айырмашылықтар мен ұқсастықтар қандай, бұл айырмашылықтарға қандай факторлар әсер етеді?

- Жергілікті сайлауды бақылау тәжірибесінде қандай тенденциялар байқалады?

Монографияда 2023 жылғы барлық деңгейдегі мәслихат сайлауына әр тараптан қарауға мүмкіндік беретін кешенді әдістеме қолданылған. Деректердің негізгі көзі бастапқы және қайталама көздерден алынған статистикалық ақпарат болды. Мәселен, 2023 жылғы сайлау бойынша неғұрлым егжей-тегжейлі ақпарат алу үшін ҚР ОСК, аумақтық сайлау комиссияларына, облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың әкімдіктеріне, саяси партияларға ресми сұрау жіберілді. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының статистикалық деректері пайдаланылды.

Сайлау заңнамасы мен сайлау жүйелерінің өзгерістерін салыстыру – оның дамуын бағалауға, 2023 жылғы науқан басталар алдында статус-квоны анықтауға мүмкіндік берді. Үгіт-насихат науқандарын жан-жақты бағалау, мәслихаттардың деңгейіне байланысты ерекшеліктерді анықтау үшін сараптамалық сауалнама жүргізілді. Оған 25 сарапшы, саясаттанушы және қоғам қайраткерлері қатысты. Сараптамалық сауалнамаға 2023 жылғы үгіт-насихат науқанын бағалауға қатысты негізгі 6 сұрақ енгізілді. Сараптамалық талдау статистикалық нәтижелерді толықтыратын сапалы деректерді ұсынды.

Ұсынылған зерттеу практикалық маңызға ие. Өйткені оның қорытындылары мен ұсынымдары мәслихат депутатын сайлау

рәсімін жетілдіру үшін тікелей қолданылуы мүмкін. Сонымен қатар, олар саяси партиялар мен кандидаттарға жергілікті сайлау контекстінде сайлау науқанын ұйымдастыруда, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытуда және азаматтық қоғамның қазіргі заманғы қиындықтарын шешуде пайдалы болуы мүмкін. Сонымен қатар, зерттеу жергілікті өзін-өзі басқару және азаматтық қоғам мәселелерін қарастырады. Бұл саясаттанушы ғалымдар үшін, сондай-ақ жергілікті демократиялық процестерді жетілдіруге ұмтылатын саяси қайраткерлер мен қоғам белсенділері үшін қызықты болуы мүмкін.

ЗЕРТТЕУДІҢ ҚЫСҚАША МАЗМҰНЫ

- Мәслихат сайлауында мажоритарлық жүйені ұзақ уақыт қолданғаннан кейін соңғы жылдары пропорционалды, содан кейін аралас жүйеге ауысу болды. Жергілікті деңгейдегі алғашқы 7 сайлау циклі мажоритарлық жүйе (1994 жылдан 2016 жылға дейін), біреуі пропорционалды бойынша (2021 жылы) өтті. 2023 жылы облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың мәслихат сайлауы үшін аралас сайлау жүйесі пайдаланылып, ал аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың мәслихаттары үшін мажоритарлық жүйе қайта енгізілді.
- **2022 жылғы сайлау және партиялық реформалардың негізгі мақсаты – мәслихат депутаттарының өкілдігі мен есеп беруін кеңейту.** Бір мандатты округтер бойынша тәуелсіз кандидаттарды ұсыну мүмкіндігі, бюллетеньдегі «барлығына қарсымын» бағананы, сондай-ақ бір мандатты округтер бойынша депутаттарды кері қайтарып алу мүмкіндігі маңызды болды.
- Макроөңірлердің арасында әртүрлі жас топтарының өкілдігінде айырмашылық бар: **жастар мегаполистер мен оңтүстік макроөңірлердегі сайлаушылардың едәуір үлесін құрайды.** Ал солтүстік және шығыс макроөңірлерде егде жастағы сайлаушылар көп. Бұдан басқа, гендерлік бөліністе егде жастағы тұрғындар арасында әйел сайлаушыларының басым болуы байқалады. Ал жас сайлаушылар арасында ер адамдардың үлесі жоғары. Сонымен қатар, болашақ сайлау циклдары жас ер сайлаушылардың үлесін арттырады деп болжауға болады.
- Соңғы үш сайлау циклінде дауыс берудің, сайлауға қатысу **деңгейінің төмендеуі байқалады.** Бұл ретте сайлау жүйесін түсіндіру жөніндегі неғұрлым белсенді жұмыс – сайлаушылардың сайлауға неғұрлым белсенді қатысуына ықпал етуі мүмкін.
- Бір мандатты округтер бойынша барлық деңгейдегі мәслихатқа кандидаттарды ұсыну кезеңінде партиядан тыс кан-

дидаттардың айтарлықтай белсенділігі байқалады. **Ұсыну кезеңіндегі орын үшін бәсекелестіктің жоғары деңгейі тіркелгеннен кейін де сақталады. Бұл өңірлердегі саяси белсенділіктің тұрақтылығын көрсетеді.** Сонымен қатар, тіркеуден бас тартудың негізгі себебі – үміткерлердің өз кандидатураларын алып тастау туралы өтініштері. Бұл дайындықтың жеткіліксіздігі мен қаржылық кедергілерге байланысты болуы мүмкін.

- **Бір мандатты округтер бойынша ұсыну кезеңінде партиялық емес кандидаттардың белсенділігі айтарлықтай жоғары болса, партиялық кандидаттар тіркеу кезеңінен өтуде жоғары тиімділік көрсетті.** «АМАНАТ» пен «Ауыл» партиялары барынша белсенділік танытып, тиімділік көрсетті. Ал басқа партиялар барлық деңгейдегі мәслихатты толық қамти алған жоқ. Бұл сайлау қорытындысы бойынша партиялар нәтижесіне әсер етті. Партиялардың белсенділігі ірі қалаларда және Түркістан облысында байқалды.
- **Сайлау қорытындылары бойынша негізгі трендтердің бірі – бір мандаттық округтер бойынша партиялық емес кандидаттармен салыстырғанда партиялық кандидаттардың үстемдігі.** Бұл құбылыс партиялар ұсынатын ұйымдастырушылық, үгіт-насихаттық қолдаудың маңыздылығын көрсетеді. Алайда, аудандық және қалалық мәслихаттар деңгейінде партиялық емес кандидаттардың облыстық деңгейге қарағанда өкілдігі көбірек. Бұл сайлаушылардың аздығына және партиялық қолдаудың әсері төмендейтін науқандардың ауқымына байланысты болуы мүмкін.
- 2023 жылғы мәслихат сайлауының қорытындысы бойынша бәсекелестік деңгейі өңірге және мәслихат деңгейіне байланысты өзгеріп отырады. **Қалаларда саяси белсенділік пен халықтың хабардарлығы жоғары. Бұл сайлаудың жоғары бәсекелестігіне ықпал етеді. Сонымен қатар, бірқатар аймақтарда бәсекелестік төмендігі байқалды.** Бұл сайлау артықшылықтарының тұрақтылығын және белгілі бір саяси күштердің үстемдігін көрсетеді. Сондай-ақ, аймақтарда бәсекелестік деңгейінде айтарлықтай айырмашылық бар.

Бұл саяси белсенділік пен сайлау сезімдерінің гетерогенділігін көрсетеді.

- **Әйелдер өкілдігіне әсер ететін маңызды факторлардың бірі – олардың өз кандидатураларын ұсытудағы төмен белсенділігі.** Сонымен бірге, зерттеу көрсеткендей, саяси партиялар қазіргі уақытта әйелдерді мәслихатқа тартудың жалғыз тиімді саяси арнасы. Сондай-ақ, неғұрлым мәслихат деңгейі төмен, соғұрлым әйел кандидаттардың жеңіске жету мүмкіндігі жоғары екенін атап өткен жөн.
- **Мәслихатқа сайлануда кандидаттардың электоральды кампаниясы мәслихат деңгейіне байланысты әртүрлі болды.** Облыстық және қалалық мәслихат деңгейінде кандидаттар өз бағдарламаларын тарату үшін БАҚ пен әлеуметтік желілерді белсенді пайдаланды. Ал аудандық деңгейде жеке кездесулер мен баспа үгіт материалдарын таратуға басты назар аударылды. Бұл сайлау округтерінің ауқымындағы айырмашылықтарға, сайлаушылар санына және аймақтардың әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктеріне байланысты. Үгіт-насихатта партиялық қолдау мен ілгерілеуді үйлестіру маңызды рөл атқарды.
- Сайлауды бақылау – бақылаушылар санының тұрақты өсуін көрсетеді. Сонымен бірге олардың ұсынылуының аумақтық біркелкілігін көрсетеді. Аймаққа байланысты бақылаушылар санында ауытқу бар. Аймақ/қала көлемі мен бақылаушылар саны арасында нақты байланыс жоқ; ірі қалаларға қарағанда шағын қалаларда бақылаушылар көбірек болуы мүмкін. Бұны жергілікті халықтың азаматтық белсенділігінің әртүрлі деңгейімен және ҰЕҰ секторының дамуымен түсіндіруге болады.
- **2023 жылғы сайлаудағы партиялар бақылаудың маңыздылығына көбірек назар аударып, бақылаушыларын сайлау учаскелеріне белсенді түрде жібере бастады.** Ең белсенді мониторингтік миссияны негізінен тәжірибелі «AMANAT», «Ауыл» парламенттік партиялары, «Ақ жол» демократиялық партиясы және өз бақылаушыларын жұмылдыру үшін қажетті әлеуеті бар Қазақстан Халық партия-

сы (ҚХП) жүргізді. «Respublica», «Байтақ» партиялары тарапынан өңірлер мен қалаларды өз бақылаушыларымен қамту аз болды. Бұл аталған партиялардың жергілікті жерлерде партиялық белсенділігі туралы мәселені қайта қарау қажеттігін көрсетеді. Ең аз бақылаушылар саны Жалпыұлттық социал-демократиялық партияда (ЖСДП) болды. Бұл партияның алдыңғы сайлауға қатыспауы байланысты болып, олардың жақтастары санына әсер етуі мүмкін.

I ТАРАУ. ОЙЫННЫҢ ЖАҢА ЕРЕЖЕЛЕРІ: МӘСЛИХАТ САЙЛАУ ЖҮЙЕСІНЕ ТАЛДАУ

1.1. Аралас сайлау жүйесіне көшу және бір мандатты округтерді қайтару

Тәуелсіз Қазақстан тарихында аралас сайлау жүйесі парламенттік сайлауда екі рет қолданылды. 1999 жылы алғаш рет жүзеге асырылды. Бірінші реформа Қазақ ССР және тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қолданылған мажоритарлық жүйеден бас тартуды белгіледі. Бұл ретте мажоритарлық элемент басым болды, яғни Мәжілістің II сайланған 77 депутатының тек 10-ы ғана пропорционалды жүйе бойынша сайланды.

Содан кейін 2007 жылдан 2021 жылға дейінгі сайлауда қолданылған пропорционалды жүйеге толық ауысу жүзеге асырылды. Осы тұрғыдан алғанда, 1999–2007 жылдардағы аралас жүйені Қазақстан Парламенті төменгі палатасына сайлаудың мажоритарлық жүйесінен пропорционалды жүйеге кезең-кезеңімен ауысуындағы аралық буын ретінде қарастыруға болады.



1999 жылғы сайлаудағы сайлау учаскесі

1999 жылы Мәжіліс сайлауының аралас жүйеге ауысуынан кейін мәслихат депутаттарын сайлау тәртібінде ауысу болмағанын айта кету керек. Сонымен қатар, мәслихат депутаттарын сайлау жүйесінде Мәжіліс депутаттарын пропорционалды жүйе бойынша сайлауға ауысқаннан кейін де өзгеріс болған жоқ.

2018 жылы мәслихат депутаттарын сайлаудың пропорционалды жүйесі енгізілді. Осылайша, партиялық тізім бойынша сайлау жергілікті деңгейдегі депутаттар үшін де енгізілді. Мәслихат депутаттары осы жүйе бойынша 2021 жылы сайланды (№2 кесте).

№2 кесте. Қазақстандағы мәслихат сайлауы

№	Мәслихат депутаттарын сайлау	Сайлау жүйесі
1	1994 жылғы 7 наурыз	Абсолюттік көпшілікке негізделген мажоритарлы сайлау жүйесі
2	1999 жылғы 10 қазан	
3	2003 жылғы 20 қыркүйек	
4	2007 жылғы 18 тамыз	
5	2012 жылғы 15 қаңтар	
6	2016 жылғы 16 наурыз	
7	2021 жылғы 10 қаңтар	Пропорционалды сайлау жүйесі
8	2023 жылғы 19 наурыз	Аралас сайлау жүйесі – аралас сайлау жүйесі бойынша облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мәслихаттарының депутаттарын сайлау. Мажоритарлық сайлау жүйесі – аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар мәслихаттарының депутаттарын сайлау



2021 жылғы сайлаудағы сайлау учаскесі

2022-2023 жылдары аралас сайлау жүйесіне көшудің екінші кезеңі өтті. Бұл жолғы өзгерістер тек Мәжіліске ғана емес, облыспен республикалық маңызы бар қалалардың мәслихаттарына да әсер етті. Депутаттарды сайлау кезінде мажоритарлық үлес Мәжілістен мәслихаттарға қарай біртіндеп өсіп келе жатқанын атап өткен жөн. Мәселен, Парламенттің төменгі палатасының депутаттары негізінен партиялық тізімдер бойынша сайланды: депутаттардың 70%-ы 29 округтен сайланған бір мандатты 30%-ға қарсы. Облыстың және республикалық маңызы бар қалалардың мәслихаттарында депутаттардың 50%-ы партиялық тізім бойынша, қалған 50%-ы бір мандатты округтерде сайланады. Осылайша пропорционалды және мажоритарлық құрамдас бөліктер арасындағы тепе-теңдік қамтамасыз етіледі. Өз кезегінде аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар мәслихаттарының барлық депутаты мажоритарлық жүйе бойынша сайланады (№3 кесте).

№3 кесте. Қазақстандағы сайлауда пайдаланылған сайлау жүйелері туралы салыстырмалы ақпарат, 2016-2023 жж.

Сайланатын орган	Сайлау-2016	Сайлау-2021	Сайлау-2023
Мәжіліс	<p>Партиялық тізім бойынша сайланатын 98 депутат,</p> <p>партиялар 7% дауыс шегін еңсеруі керек</p> <p>Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын 9 депутат</p>	<p>Партиялық тізім бойынша сайланатын 98 депутат,</p> <p>партиялар 7% дауыс шегін еңсеруі керек</p> <p>Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын 9 депутат</p>	<p>Партиялық тізім бойынша сайланатын 69 депутат,</p> <p>партиялар 5% дауыс шегін еңсеруі керек</p> <p>Бір мандатты округтерде сайланатын 29 депутат,</p> <p>салыстырмалы көпшілік жүйесі</p>
Облыстар мен республикалық маңызы бар қалалар мәслихаттары	<p>депутаттар бір мандатты округтерде сайланады</p> <p>салыстырмалы көпшілік жүйесі</p>	<p>депутаттар партиялық тізім бойынша сайланады</p> <p>партиялар 7% дауыс шегін еңсеруі керек</p>	<p>депутаттардың 50%-ы партиялық тізім бойынша сайланады</p> <p>партиялар 5% дауыс шегін еңсеруі керек</p> <p>депутаттардың 50%-ы бір мандатты округтерде сайланады</p> <p>салыстырмалы көпшілік жүйесі</p>

Сайланатын орган	Сайлау-2016	Сайлау-2021	Сайлау-2023
Аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар мәслихаттары	депутаттар бір мандатты округтерде сайланады салыстырмалы көпшілік жүйесі	депутаттар партиялық тізім бойынша сайланады партиялар 7% дауыс шегін еңсеруі керек	депутаттар 100% бір мандатты округтерде сайланады салыстырмалы көпшілік жүйесі

Дереккөз: «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңы, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі N 2464 Конституциялық заңы.

Аралас сайлау жүйесі мажоритарлық және пропорционалды компонент арасындағы байланыс негізінде жіктелетінін айта кету керек. Бұл жағдайда параллель және компенсационалды дауыс беру жүйелері ерекшеленеді⁴. Қатар дауыс беру депутаттарды бір мандатты округтер мен партиялық тізім бойынша сайлау және бөлу бір-біріне тәуелсіз бөлек өтетінін білдіреді. Бұл жүйе Қазақстанда, сондай-ақ көрші Қырғызстанда, Ресейде, Тәжікстанда қолданылады. Компенсационалды дауыс беру кезінде алдымен округтер бойынша депутаттық мандаттар бөлініп, содан кейін Парламенттің қорытынды құрамы мүмкіндігінше пропорционалды болатындай етіп партиялық тізім бойынша бөлу формуласы қолданылады. Аралас жүйелер аралас мажоритарлық және аралас пропорционалды жүйеге компоненттердің біреуінің басымдылығына байланысты да ерекшеленеді.

⁴ Shugart, M., & Wattenberg, M. P. Mixed-member electoral systems: The best of both worlds?. Oxford University Press: Oxford, 2001.

Еліміздің әкімшілік-аумақтық бөлінісінде өзгерістер болған жағдайда мәслихаттар құру мен депутаттар жұмысының тәртібін жеке атап өту қажет. Осындай өзгеріс 2021 және 2023 жылдардағы мәслихат сайлауы кезінде орын алды. Сол кезде үш жаңа облыс – Абай, Жетісу және Ұлытау облыстары құрылды. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» ҚР Заңына сәйкес жаңа аудандар немесе облыстар құрылған жағдайда, партиялық тізім бойынша сайланған мәслихат депутаттары саяси партиялардың пікірін ескере отырып, бөлінген өңірлердегі халық санына барабар бөлінеді. Сондай-ақ, заңда бір мандатты округтерде сайланған депутаттарды олардың округінің белгілі бір аймаққа жататындығына сәйкес бөлу қарастырылған. Аудандар немесе облыстар біріккен жағдайда мәслихат депутаттары өз өкілеттіктерін сақтайды және мәслихаттың келесі сессиясы басталғанға дейін қайта ұйымдастырылған мәслихат депутаттары болады.

2022 жылғы реформалар аясында саяси партиялардың сайланатын органдарға өтуі үшін дауыс шегін 7%-дан 5%-ға дейін төмендетуді, саяси партияларды тіркеу процесін жеңілдететін өзгерістерді қамтитын партиялық заңнамалық реформалар да маңызды. Бұл 2022-2023 жылдары жаңадан екі партияның тіркелуіне, сайлау қорытындылары бойынша мәслихаттарда партиялық өкілдіктің кеңеюіне әкелді (2 тарауды қараңыз). Құқықтаушы ғалым Мүслім Хасенов «2022 жылғы конституциялық реформа және Қазақстандағы кеңесші демократия институтын дамыту туралы» атты жұмысында билік тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлу аясында маңызды құрамдас бөліктер ретінде сайлау және партиялық реформалардың оң әсерін атап өтеді⁵.

1.2. Мәслихат сайлауын өткізудің жаңартылған тәртібі

Бұдан әрі сайлау заңнамасына, атап айтқанда мәслихаттарға депутаттарды сайлауды реттейтін негізгі ережелер мен жаңалықтарды қарау ұсынылады.

⁵ М. Х. Хасенов 2022 жылғы конституциялық реформа және Қазақстандағы кеңесші демократия институтын дамыту туралы талдамалық баяндама. Астана, 2023 [Электрондық ресурс] URL: https://api.kipd.kz/storage/uploads/images/2023/12/28/O%20конституционной%20реформе%202022%20года%20и%20развитии%20института%20совещательной%20демократии%20в%20Казахстане_1703744375.pdf

Сайлау кезеңдері

ҚР ОСК жұмыс істеп тұрған шақырылымның өкілеттігі аяқталғанға дейін үш ай бұрын мәслихат депутаттарын сайлауды тағайындайды не Президенттің мәслихат өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы Жарлығы негізінде сайлауды тағайындайды. Бірінші жағдайда сайлау депутаттардың өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін кемінде бір ай бұрын, екінші жағдайда – олардың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған күннен бастап екі айдан кешіктірілмей өткізіледі.



2023 жылғы сайлаудағы сайлау науқанының кезеңдері⁶

Қазақстан тәжірибесінде Мәжіліс пен мәслихатқа сайлауды біріктіру қарастырылған. Өйткені екі жағдайда да депутаттардың өкілеттік мерзімі – 5 жыл. Екі сайлауды бір күнде өткізу мәслихат депутаттарын сайлау кезінде сайлаушылардың көп келуіне мүмкіндік береді. Сол арқылы жергілікті сайлау кезіндегі негізгі проблемалардың бірін шешуге болады. Мысалы, чехиялық зерттеушілер жүргізген 97 елдегі сайлаудың салыстырмалы талдауына сәйкес⁷, муниципалитеттерге жергілікті сайлау мен ұлттық сайлауды бір күнде өткізу сайлауға қатысу деңгейіне тиімді әсер етеді (дауыс берудің міндетті сипатымен қатар).

⁶ Сайлау науқанының кезеңдері. [Электрондық ресурсы] URL: media (www.gov.kz)

⁷ Kouba K., Novák J., & Strnad, M. (). Explaining voter turnout in local elections: A global comparative perspective // Contemporary Politics/ 2021. No 27(1). P. 58-78.

Сайлауды тағайындау туралы хабарландырудан кейін ҚР ОСК мәслихат депутаттарын сайлауды қоса алғанда, партиялық тізім бойынша саяси партияларды сайлауға қатысуға жіберу мәселесін қарастырады⁸. Саяси партиялар мен олардың қызметі елдің заңнамасына сәйкес келу міндетті. Жергілікті сайлау жағдайында партияны партиялық тізім бойынша сайлауға қатысуға жіберудің міндетті шарты – өңірлерде партия филиалдарының болуы.

Соңғы сайлау реформасының ерекшелігі – 2018 жылға дейін жергілікті сайлауда қолданылған бір мандатты округтердің құрылуына оралу. Аумақтық сайлау комиссиялары (АСК) депутаттық мандаттардың халық арасында біркелкі бөлінуін қамтамасыз ету үшін өңірлердің әкімшілік-аумақтық бөлінуін және сайлаушылар санын ескере отырып, бір мандатты округтер құрады. Шекаралары көрсетілген сайлау округтерінің тізімі туралы ақпарат сайлау уақыты белгіленгеннен кейін он күннен кешіктірілмей БАҚ-та жарияланады.

Кандидаттарды ұсыну мәслихат деңгейіне байланысты әртүрлі болады. Облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың мәслихат депутаттарын сайлау үшін партиялық тізім мен бір мандатты округтер пайдаланылады. Ал аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың мәслихат депутаттары тек мажоритарлық жүйе арқылы сайланады. Тек саяси партиялар партиялық тізім бойынша кандидаттар ұсына алады. Бір мандатты округтер бойынша партиялардан басқа кандидаттарды қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері және жеке азаматтар өзін-өзі ұсына алады.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» ҚР ҚК 103-бабының 6-тармағында: *«ешкім біреуден артық сайлау округінде кандидат болып ұсыныла алмайды»* ескертілгенін айта кету керек. Бұл бір азаматтың бірнеше мәслихатқа ұсыныла алмайтындығын білдіреді. Әрі кандидаттардың бір округтегі сайлау науқанына назар аударуын қамтамасыз етеді. Бір кандидат екі округтегі сайлауда жеңіске жетсе, саяси науқаннан шеттетіледі.

Кандидаттарды ұсыну – сайлау күніне 60 күн қалғанда басталып, сайлау күніне 30 күн қалғанда сағат 18.00-де аяқталады.

⁸ Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектері N 2464 Конституциялық заңы. Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы, 12-баптың 2-1-тармағы.

Үміткерлерді ұсынуға бір айға жуық уақыт беріледі. Кандидаттар немесе партиялық тізім жеткіліксіз болған жағдайда ғана 20 күннен аспайтын мерзімге ұзартуға болады.

Кандидаттардың талаптарға сәйкестігін тексергеннен кейін, тіркеу алдында сайлау жарнасы енгізіледі. Жарна ЕТЖ-ның бес еселенген мөлшеріне тең (2023 жылғы сайлау алдында 350 мың теңге) және оны бір мандатты округтердегі кандидаттар да, партиялық тізім бойынша ұсынылған кандидаттар үшін партиялар да енгізеді. Егер олар 5%-дан көп дауыс жинаса, жарна үміткерлерге немесе партияларға қайтарылады; 3%-дан 5%-ға дейін жинаған партиялар жарнаның жартысын қайтарады. Алдыңғы сайлауда 5% немесе одан жоғары балл жинаған саяси партиялар үлес қоспайды.

Тіркеу кезеңінен өту үшін ұсынылған кандидаттар №4 кестеде көрсетілгендей кандидаттарды ұсыну түріне байланысты ерекшеленетін барлық қажетті құжаттарды ұсынады.

№4 кесте. Кандидаттарды тіркеу кезінде талап етілетін құжаттар

<p>Партиялық тізім бойынша</p>	<p>Бір мандатты округтердегі партиядан немесе қоғамдық бірлестіктен</p>	<p>Өзін-өзі ұсынушылар</p>
<p>саяси партияның жоғары органының партиялық тізімді ұсыну туралы хаттамасынан үзінді көшірме</p>	<p>кандидатты ұсыну туралы партияның немесе қоғамдық бірлестіктің жоғары басшылық органының хаттамасынан үзінді</p>	<p>округ бойынша кандидат ретінде сайлауға түсу ниеті туралы өтініш</p>
<p>партиялық тізімге енген әрбір адам туралы өмірбаяндық деректер;</p>	<p>өмірбаяндық деректер</p>	<p>өмірбаяндық деректер</p>
<p>саяси партияның сайлау жарнасын енгізгенін растайтын құжат</p>	<p>кандидаттың сайлау жарнасын енгізгенін растайтын құжат</p>	<p>кандидаттың сайлау жарнасын енгізгенін растайтын құжат</p>

Партиялық тізім бойынша	Бір мандатты округтердегі партиядан немесе қоғамдық бірлестіктен	Өзін-өзі ұсынушылар
кандидат пен оның жұбайының (зайыбының) активтер мен міндеттемелер туралы декларацияларды тапсырғаны туралы мемлекеттік кіріс органының анықтамасы	кандидат пен оның жұбайының (зайыбының) активтермен міндеттемелер туралы декларацияларды тапсырғаны туралы мемлекеттік кіріс органының анықтамасы	кандидат пен оның жұбайының (зайыбының) активтері мен міндеттемелері туралы декларацияларды тапсырғаны туралы мемлекеттік кіріс органының анықтамасы
кандидаттың партиялық тізімге енгізілуге келісімі туралы өтініші азаматтың партиялық тізімге енгізуге келісімі туралы өтініші	кандидаттың партиядан немесе қоғамдық бірлестіктен депутаттыққа кандидат болып дауысқа түсуге келісімі туралы өтініші	сайлау округі бойынша кандидат болып дауысқа түсу ниеті туралы өтініші
кандидаттың саяси партияға мүшелігін растайтын құжат		

Дереккөз: «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі N 2464 Конституциялық заңы.

Кандидаттар немесе партиялар сайлау заңнамасын бұзған жағдайда сайлау комиссиясы оларды тіркеуден бас тартады. Тіркеуден бас тартуға себеп болатын заң бұзушылықтарға – партиялардың ұсыну тәртібін бұзуы; үгіт-насихат ережелерін бұзу (мерзімінен тыс үгіт жүргізу, жала жабу сияқты); лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану; сайлаушыларға пара беру; декларация тапсыру кезінде активтерді жасыру; кандидаттардың мәлімделген талаптарға сәйкес келмеуі және т.б. жатады⁹.

Партиялық тізім бойынша ұсынылған үміткерлерді тіркеу кезінде әйелдер, жастар және мүгедектігі бар адамдар үшін жиынтық 30% квота сақталуы тиіс¹⁰. Қазақстандық сарапшылар Мәжілісте де, мәслихаттарда да партиялық тізім бойынша

⁹ Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі N 2464 Конституциялық заңы. Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы. 104-баптың 6 және 6-1-тармақтары»

¹⁰ Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі N 2464 Конституциялық заңы. Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы. 104-баптың 6 және 6-1-тармақтары»

сайлауда көзделген бұл шара осы әлеуметтік-демографиялық топтардың халық қалаулылары арасында позитивті дискриминация және өкілдігін қамтамасыз етуге бағытталғанын атап өтті¹¹. Кандидатты және партиялық тізімді тіркеу туралы хабарламаны тиісті сайлау комиссиясы тіркеуден кейін 7 күн ішінде жариялайды.

Бір мандатты округтер бойынша партиялық тізім мен кандидаттарды тіркеу, егер сайлауды тағайындау кезінде өзгеше белгіленбесе, кандидаттарды ұсынудың басталуымен бір күнде басталып, сайлау күніне 25 күн қалғанда (кандидатура аяқталғаннан кейін 5 күннен кейін) сағат 18:00-де аяқталады.

Сайлау алдындағы үгіт-насихат кезеңінің басталуы – тіркеу аяқталған кезде басталып, сайлау өтуге бір күн қалғанға дейін жалғасады. Ал сайлау өткізуден бір күн бұрынғы уақыт «тыныштық күні» деп аталады. Мәслихат депутаттығына кандидаттар, басқа сайлаудағы кандидаттар сияқты БАҚ-та, жария іс-шараларда, онлайн-платформаларда және баспа, аудио және өзге де материалдар арқылы үгіттеуге мүмкіндігі бар. Сайлау алдындағы үгіт аясында АСК мәслихат сайлауында кандидаттар мен саяси партиялар арасында пікірталас өткізуге құқылы.

Кандидаттар мен саяси партиялар атынан үгітті олардың сенім білдірілген адамдары жүргізе алады. Мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметкерлеріне, әскери қызметшілерге, сайлау комиссияларының мүшелеріне кандидаттар үшін үгіт жүргізуге тыйым салынады. Сондай-ақ, Қазақстан зайырлы мемлекет болғандықтан діни бірлестіктерді үгіттеуге тыйым салынады.

Кандидаттардың үгіт-насихат жұмыстарына тең қол жетімділігі мен барлық сайлау науқандарының ашықтығын қамтамасыз ету маңызды. Бұны сайлаушылар үгіт материалдарына тап болған кезде анықтай алады. Бұл мәселе үгітті қаржыландыру және үгіт материалдары үшін алаңдар беру кезінде ескеріледі. Үгіт-насихат науқанын қаржыландыру республикалық бюджеттен және сайлау қорынан жүзеге асырылады. Оған

¹¹ Ибраева А. Қазақстанда алғаш рет партиялық тізімдер үшін гендерлік квоталар енгізілді [Электрондық ресурс] URL: <https://kz.kursiv.media/2020-07-05/v-kazakhstanepervyye-vveli-gendernyye-kvoty-dlya-partiynykh-spiskov/>

кандидаттың өзі және азаматтардан ерікті қайырмалдықтар кіреді.

Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын кандидаттардың үгітке жұмсайтын қаржы шығынының мөлшерін ҚР ОСК белгілейді. Барлық үміткерге қаржы тең бөлінеді¹². Қоғамдық іс-шаралар үшін үміткерлер жергілікті атқарушы органдарға жүгіне алады. Олар барлық кандидат үшін тең қарап, іс-шараны өткізуге орын бөле алады. Кандидаттар сайлау науқаны аясында жариялайтын материалдар міндетті түрде үгіт-насихат деп белгіленуі керек. Теңдік пен ашықтық БАҚ-та және онлайн-платформаларда да қамтамасыз етіледі.

Жалпы, тек онлайн-үгіттеу туралы жаңа ережелерді қоспағанда, үгіт-насихат ережелерінде үлкен өзгерістер болған жоқ. Ал онлайн-үгітті қолдану әр сайлау циклінде тез өсіп келеді. Жаңа ережелер 2023 жылғы сайлау қарсаңында енгізіліп, іс жүзінде сыналды. Оған сәйкес, шарттық негізде үгіт-насихат жүргізу үшін өз платформаларын ұсынғысы келетін онлайн-пайдаланушылар үгіт-насихат материалдарын орналастыру шарттары мен құны туралы мәліметтерді үгіт басталғанға дейін 5 күннен кешіктірмей сайлау комиссияларына жіберуге міндетті¹³. Бұл үгіттің барлық нысанының заң нормаларына, соның ішінде онлайн-кеңістікте сәйкестігін қамтамасыз ету үшін қажет.

Жоғарыда айтылғандай, тыныштық күні сайлау күнінен бұрын болады. Сайлаудың алдындағы күні, сондай-ақ сайлау күні кандидат үшін де, партия үшін де үгіт-насихаттың кез келген түріне тыйым салынады. Бұл тәжірибе сайлаушылардың барлық кандидаттарды үгіт-насихат немесе басқа ақпарат негізінде дербес бағалауға және келесі күні кімге дауыс беретінін түсінуге уақыт болуы үшін қолданылады.

¹² 2023 жылғы 19 наурызға тағайындалған Қазақстан Республикасы мәслихаттары депутаттарының кезектен тыс сайлауында республикалық бюджет қаражатынан жабылатын аудандық мәслихаттар депутаттығына кандидаттың шығыстарының мөлшерін белгілеу туралы: [Электрондық ресурс]// ҚР Орталық сайлау комиссиясы. URL: <https://www.election.gov.kz/rus/news/acts/index.php?ID=8548>

¹³ Партиялық тізімдерді тіркеу, жеребе тарту, шетелдік байқаушыларды аккредиттеу және сайлау алдындағы үгіт қорытындылары туралы: [Электрондық ресурс]// ҚР Орталық сайлау комиссиясы. URL: <https://www.election.gov.kz/rus/news/releases/index.php?ID=8532>

Сайлау күні дауыс беру сағат 7:00-ден 20:00-ге дейін өтеді. Дауыс беруге арналған үй-жайларда жасырын дауыс беруге жарамды кабиналардың саны жеткілікті болуы тиіс. Олар сондай-ақ бюллетеньдер мен қоқыс жәшігін орнату орындарын алдын ала анықтауы керек. «Байқаушылар, сенім білдірілген адамдар, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері мен сайлау комиссиясы мүшелерінің сайлау жәшіктерін, жасырын дауыс беруге арналған кабиналарға кіруді және шығуды бақылау» мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс¹⁴. ҚР ОСК сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі азаматтардың сайлау учаскелеріне кедергісіз кіруіне ерекше назар аударады. Мұнда 2022¹⁵ және 2023¹⁶ жылғы сайлауда мүгедек адамдардың сайлау құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс тобының қызметі аясында ҚР ОСК шараларын жеке атап өткен жөн.

Дауыс санау сағат 20:00-ден кейін немесе дауыс беру уақыты өзгертілген болса, дауыс беру аяқталғаннан кейін басталады. Заңда дауыс санау кезінде байқаушылардың болуы көзделеді. Жаңа дауыс беру жүйесі дауыс санау кезеңінде күрделене түседі – егер 2021 жылғы сайлауда олар Мәжіліс пен мәслихаттарға екі-үш бюллетень бойынша есеп жүргізсе, 2023 жылы олардың саны төрт-беске дейін өскенін айта кету керек.

Сайлау күні сауалнама нәтижелерін жариялауға тыйым салынады. Сондықтан аккредитация алған социологиялық институттар жүргізетін exit-poll нәтижелері 0:00-ден кейін жарияланады. Мәслихаттарға сайлау қорытындыларын сайлау өткізілгеннен кейін 7 күннен кешіктірмей АСК жариялайды. Сайланған депутаттар жазбаша өтініш беріп, тиісті сайлау комиссиясында тіркелгеннен кейін қызметке кіріседі.

¹⁴ Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі N 2464 Конституциялық заңы. Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы. 39-бап

¹⁵ ҚР ОСК жанындағы мүгедектігі бар адамдардың сайлау құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс тобының отырысы өтті [Электрондық ресурс] // ҚР Орталық сайлау комиссиясы. URL: https://www.election.gov.kz/rus/news/releases/index.php?ID=7803&sphrase_id=63311

¹⁶ Мүгедек адамдардың сайлау құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс тобының отырысы туралы баспасөз хабарламасы [электрондық ресурс] // ҚР Орталық сайлау комиссиясы. URL: https://www.election.gov.kz/rus/news/releases/index.php?ID=8796&sphrase_id=63311

Сайлау бюллетеньдері.

Сайлауда партиялық тізім мен бір мандатты округтер бойынша депутаттар Мәжіліс пен мәслихатқа сайланатындықтан, сайлау күні сайлаушыларға бірнеше бюллетень беріледі. Республикалық маңызы бар қалаларда төрт бюллетень берілсе, облыстарда – бес. Олардың екеуі – Парламенттің төменгі палатасына сайланатын депутаттарға дауыс беруге арналған (партиялық тізім мен бір мандатты округ бойынша), екеуі – бірінші деңгейдегі мәслихатқа сайлауға арналған (сонымен қатар партиялық тізім мен бір мандатты округ бойынша). Бесінші бюллетень – тек мажоритарлық жүйе бойынша сайланатын аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың мәслихат депутаттарын сайлауға арналған. Бюллетень учаскеде тіркелген сайлаушылар санына сәйкес мөлшерде және 1% резервтік көлемде басып шығарылады.

Бюллетеньде саяси партияларды орналастыру партия өкілдерінің қатысуымен ҚР ОСК-да жеребе тарту әдісімен жүргізіледі. Тізімдегі бұл тәртіп екі бюллетеньде де сақталады: Мәжіліске және мәслихаттарға сайлау бойынша. Кандидаттарды бір мандатты округтер бойынша орналастыру мемлекеттік тілдің алфавиттік тәртібімен жүргізіледі. Барлық кандидаттың есімі бір параққа сәйкес келуі керек, сондықтан кандидаттар саны көп болған кезде (16-дан астам) бюллетень ұзындығы ұлғаяды. Мысалы, 2023 жылғы сайлауда Астана және Алматы сайлау округтерінде сондай жағдай болды.

2023 жылғы сайлау аясында бірнеше бюллетень алу кезіндегі шатасуды азайту мақсатында ҚР ОСК түрлі түсті бюллетеньдер дайындады (№1 қосымшаны қараңыз):

- партиялық тізім бойынша бірінші деңгейдегі мәслихат депутаттарын сайлау үшін – күлгін;
- бір мандатты округтер бойынша бірінші деңгейдегі мәслихат депутаттарын сайлау үшін – қызғылт сары;
- екінші деңгейдегі мәслихат депутаттарын сайлау үшін – сұр¹⁷.

¹⁷ 2023 жылғы 27 ақпанда Орталық сайлау комиссиясының отырысы туралы пресс-релиз. [Электрондық ресурс]// ҚР Орталық сайлау комиссиясы. URL: https://www.election.gov.kz/rus/news/releases/index.php?ID=8619&sphrase_id=63297

Бюллетеньдерді суретке түсіру мәселесі назар аудартады. Қазақстанда тек бос бюллетеньді суретке түсіруге болады. Өйткені бюллетеньнің фотосуреті, әсіресе әлеуметтік желілерде жарияланған жағдайда, сайлау күні¹⁸ үгіт және дауыс беру құпиясы қағидатын бұзу ретінде бағаланады.

2022 жылғы президенттік сайлау қарсаңында сайлау бюллетеніне «барлығына қарсымын» деген бағана енгізілді. Невада университетінің зерттеушілері бұл графикті қолдану сайлаушыларға сайлаудың бір немесе басқа аспектісіне наразылықтарын айқынырақ білдіруге мүмкіндік береді деп сендіреді. Осылайша, билік сайлаушылардың «барлығына қарсымын» деп ерекше жоғары дауыс берген аймақта өзгерістер енгізу қажеттілігі туралы сайлаушылардан ұсыныс алады¹⁹. Қазақстандық саясаттанушы Эдуард Полетаевтың айтуынша, бұл саяси партиялардың қызметін одан әрі жетілдіруге ынталандыру болмақ²⁰. «Барлығына қарсымын» дауыс беру үшін келуге оң әсер етуі мүмкін, өйткені кез келген нұсқаға қанағаттанбаған және соның салдарынан сайлауға келмеуі мүмкін сайлаушылар дауыс беруге келіп, осы бағанды белгілеуге бейім болады.

Үміткерлерге қойылатын талаптар

Депутаттыққа кандидаттарға қойылатын басты талап – оның белсенді сайлау құқығының (сайлауда дауыс беру құқығының) және Қазақстан Республикасының азаматтығының болуы.

Жас шегі тұрғысынан «20 жасқа толған Қазақстан Республикасының азаматы мәслихат депутаты болып сайлана алады». Бұл талап ҚР Конституциясының 86-бабының 3-тармағында баяндалған. Ол мәслихатқа сайлана алады. Себебі мәслихат – жасы бойынша ең төменгі шегі. Мәселен,

¹⁸ Сайлау кабинасында бюллетеньмен селфи жасаудың жауапкершілігі қандай? Алматы АСК түсіндірді. [Электрондық ресурсы] URL https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/li-otvetstvennost-selfi-byulletenem-izbiratelnoy-kabinke-494040/

¹⁹ Damore, D. F., Waters, M. M., & Bowler, S. Unhappy, uninformed, or uninterested? Understanding “none of the above” voting // Political Research Quarterly. 2012. No 65(4). P. 895-907.

²⁰ Полетаев Э. «Барлығына қарсы» дауыс беру заңды наразылықтың бір түрі. [Электрондық ресурсы] URL: <https://informburo.kz/mneniya/eduard-poletaev/golosovanie-protiv-vsex-yavlyaetsya-formoi-legalnogo-protesta>

25 жастан бастап – Мәжіліс депутаты немесе әкім, 30 жастан бастап – сенатор, 40 жастан бастап – Президент бола алады (№5 кесте).

№5 кесте. Қазақстанда сайланатын лауазымдарға кандидаттың жасына қойылатын талаптар

	<p>Мәслихат депутаты (барлық деңгейдегі)</p>	<p>20 жас</p>
	<p>Әкім (аудандық маңызы бар қаланың, ауданның, ауылдық округтің, кенттің, ауылдың)</p>	<p>25 жас</p>
	<p>Парламент Мәжілісінің депутаты</p>	<p>25 жас</p>
	<p>Парламент Сенатының депутаты</p>	<p>30 жас</p>
	<p>Президент</p>	<p>40 жас</p>

Жергілікті өкілді органдарға сайлау үшін осы жас мөлшерін көрші елдердегі талаптармен салыстыруға болады. Мәсе-

лен, Өзбекстан²¹ мен Қырғызстанда²² 21 жасқа толған азаматтар жергілікті органдарға депутаттыққа кандидат бола алады. Қазақстанға қарағанда 1 жас үлкен. Ал Тәжікстанда сайлау құқығы бар адамдар, яғни 18 жастан бастап жергілікті халық мәжілістеріне қатыса алады²³.

«[...] сот әрекетке қабілетсіз деп таныған, сондай-ақ сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында отырған азаматтардың сайлауға және сайлануға құқығы жоқ» екенін айта кету керек²⁴. Бұл азаматтар белсенді сайлау құқығынан айырылған.

Қазақстандағы сайлауда кандидаттарға қойылатын талаптарда сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзушылықтың болмауы да маңызды. Мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпы күресі аясында кез келген сайлауда сот сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп таныған адамдарды ұсынуға тыйым салынады.

Мәслихат сайлауында кандидаттың өзі сайланатын округте немесе өңірде тұруға міндетті екендігі туралы талап жоқ екенін атап өткен жөн. Бұл кандидаттар Мәжіліс сайлауына қойылатын Қазақстан аумағында соңғы 10 жыл тұруы тиіс²⁵ деген талаптан өзгеше. Алайда, бұл жағдайда да белгілі бір округте тұру талаптары қарастырылмаған. Мәслихат деңгейінде депутат сайланғаннан кейін оны сайлаған қаланың немесе ауданның аумағында тұруы тиіс деген норма ғана бар²⁶.

Тұрғылықты жері туралы талаптың болмауының артықшылықтары да, кемшіліктері де бар. Бір жағынан, бұл өз округінің ерекшеліктерімен таныс кандидаттарды ұсынуға ықпал

²¹ Өзбекстан Республикасының Сайлау Кодексі. [Электрондық ресурс] URL: <https://lex.uz/ru/docs/4386846#6712508>

²² Қырғыз Республикасының Заңы. Жергілікті кеңештер депутаттарын сайлау туралы. [Электрондық ресурс] URL: https://shailoo.gov.kg/ru/ZakonodatelstvoMyyzamdar/ZakonyMyyzamdar/O_vyborax_deputatov_mestnyx_keneshei/

²³ Жергілікті мемлекеттік органдар туралы. Тәжікстан Республикасының Конституциялық Заңы. [Электрондық ресурс] URL: <https://www.andoz.tj/docs/zakoni/O%20местных%20органах%20государственной%20власти.pdf>

²⁴ Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995. 3-тармақ, 33-бап.

²⁵ ҚР ОСК отырысы туралы баспасөз релизі. 23 қаңтар 2023 ж.: [Электрондық ресурс]// ҚР Орталық сайлау комиссиясы. URL: <https://www.election.gov.kz/rus/news/releases/index.php?ID=8257>

²⁶ Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңы. Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы. 21-баптың 2-тармағы

етеді және Нидерланды Твенте университетінің зерттеуінде айтылғандай, округтің тікелей өкілдерін жергілікті органдарға сайлауды қамтамасыз етеді²⁷. Бұл сондай-ақ партияларды аймақтық филиалдарды дамытуға және жергілікті өкілді органдарда орындарды қамтамасыз ету үшін округтердің максималды санында олардың өкілдігін қамтамасыз етуге итермелейді. Екінші жағынан, бұл – азаматтардың билік органдарына сайлану Конституциялық құқығын қосымша шектеу²⁸. Өйткені жергілікті сайлауға кандидат ретінде қатысуға құқығы бар азаматтардың саны азаяды.

Депутаттарды қайта сайлау және кері шақыру

2022 жылғы конституциялық реформалардан кейінгі жергілікті сайлаудың маңызды ерекшелігі – «шығып қалғандардың орнына мәслихат депутаттарының сайлауын» өткізуді қайтару. Бұл депутаттардың үлкен үлесі (облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың мәслихаттарындағы депутаттардың 50%-ы және аудандық және қалалық мәслихаттардағы барлық депутаты) бір мандатты округтерде сайланатындығына байланысты болып отыр. Егер партиялық тізім бойынша сайланған депутаттардың шығуы – олар үшін саяси партиялар басқа кандидатпен алмастыруды білдірсе, бір мандатты округтерден шығуы – осы округте қайта дауыс беру қажеттігін білдіреді. «Тәуелсіз Қазақстанның тарихы: парламенттік және жергілікті өзін-өзі басқару» кітабында атап өтілгендей, мәслихат депутаттарының кетуі және олардың орнына жаңаларын сайлау жергілікті өкілді органдар үшін табиғи құбылыс²⁹.

Бұл тәжірибе 2018 жылға дейін, барлық мәслихат депутаттары мажоритарлық жүйе бойынша сайланғанға дейін болды. Мәслихат депутаттығынан шығарылғандардың орнына сайлау өткізу – стандартты сайлау қағидалары бойынша өтеді. Бір қызығы, мұндай сайлау мәслихаттарды шақыру өкілеттігінің соңғы жылында өткізілмейді. VIII шақырылған мәслихат депутаттары жұмыс істеген сәттен бастап, шығып қалғандардың орнына де-

²⁷ Van der Kolk, H. Local electoral systems in Western Europe // Local Government Studies. 2007. No 33(2). P. 159-180.

²⁸ Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995. 33-баптың 2-тармағы.

²⁹ Мұстафаев Н., Шибугов М., Тәуелсіз Қазақстан тарихы: парламенттік және жергілікті өзін-өзі басқару. Алматы, 2022. Б. 32.

путаттарды сайлаудың екі циклі өтті: 2023 жылғы 29 қазан және 2024 жылғы 31 наурыз.

Қазақстанның сайлау заңнамасы бір мандатты округтер бойынша сайланған депутаттарды мәжілісте де, мәслихаттарда да кері қайтарып алу мүмкіндігін көздейді. Басқаша айтқанда, бұл депутаттардың мандаты императивті. Императивті мандат Қазақстанның сайланбалы заңнамасы үшін жаңалық екенін айта кету керек. Мажоритарлық жүйені пайдаланудың алдыңғы жылдарында Қазақстан сайлаушыларының мәслихат депутаттарын да, Мәжіліс депутаттарын да кері қайтарып алуға мүмкіндігі болмады.

Императивті мандат – сайлаушылардың сенімін жоғалтқан депутаттың мандаты, оның ішінде сайлауалды бағдарламаны орындамағаны үшін, оның өкілеттік мерзімінің бірінші және соңғы жылын қоспағанда, кері қайтарып алынуы мүмкін дегенді білдіреді. Депутатты кері қайтарып алу және жаңа депутатты сайлау рәсімі «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» ҚР ҚК 13-2-тарауында көрсетілген. Сайлаушы депутатты кері қайтарып алу туралы өтінішпен АСК-ке жүгінгеннен кейін үш күн ішінде АСК оның өтінішін қарайды. Өтініш тіркелген жағдайда АСК депутаттың пікірі бойынша қол жинау үшін интернет-ресурстарда қол қою парағын жариялайды.

Содан кейін қол жинау процедурасы жүреді. Өтініштің бастамашысы оларды округ аумағында өтініші тіркелген күннен бастап 30 күн ішінде жинайды. Кері қайтарып алу процесін бастау үшін округтегі сайлаушылардың кем дегенде 10%-ы қол қоюы қажет. Он күн ішінде АСК қолтаңбаларды тексеріп, депутатты кері қайтарып алу бойынша дауыс беруді өткізу туралы шешім қабылдайды.

Осы шешім қабылданғаннан кейін үш күн ішінде депутатқа дауыс беру туралы шешім қабылданған күннен бастап екі ай ішінде өткізілетін оны кері қайтарып алу бойынша дауыс беруге бастамашылық жасау туралы хабарлама жіберіледі. Бастамашы мен депутатқа үгіт үшін кезең беріледі, ол мәслихат депутаттары үшін үш күн (Мәжіліс депутаттары үшін бес күн) құрайды.

Депутатты кері шақырып алу үшін оның пікірі бойынша дауыс беру күні округ сайлаушыларының кемінде үштен бірі қатысуы және қатысушылардың жартысынан көбі депутатты кері шақы-

рып алуға дауыс беруі қажет. Мұндай жағдайда тиісті сайлау комиссиясы заңға сәйкес жаңа депутатты сайлауды тағайындайды.

Қорытындылай келе, мәслихаттарға қатысты 2022-2023 жылдардағы сайлау заңнамасының реформалары Қазақстан тарихындағы ең ауқымды реформалардың бірі болғанын атап өткен жөн. Аралас сайлау жүйесін енгізу, бір мандатты округтерді қайтару, өзін-өзі ұсыну мүмкіндіктері, партиялық тізім үшін міндетті квота, бюллетеньдердегі «барлығына қарсымын» бағананы, депутаттарды кері қайтарып алу – осы өзгерістердің барлығы сайлаушылар тарапынан да, кандидаттар тарапынан да жергілікті деңгейде сайлау жүйесінің одан әрі дамуына ықпал етеді.

II ТАРАУ. 2023 ЖЫЛҒЫ САЙЛАУДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ДИНАМИКАСЫ: САЙЛАУШЫЛАР, КАНДИДАТТАР ЖӘНЕ ҮГІТ-НАСИХАТ

2.1. 2023 жылғы сайлаудағы сайлаушылардың әлеуметтік-демографиялық портреті

Сайлау комиссияларының, кандидаттардың және саяси партиялардың өңірлердегі халықтың демографиялық құрамы туралы ұсынуы мәслихат сайлауын тиімді ұйымдастыру мен өткізудің маңызды факторларының бірі. Бұл сайлау комиссиялары мен бір мандатты округтерге үміткер болған жағдайда өте маңызды. Өйткені олардың сайлаушыларын түсіну деңгейі сайлау кезіндегі қызметтерінің сәттілігіне тікелей әсер етеді.

Осы тарауда Қазақстан өңірлеріндегі сайлаушылардың неғұрлым маңызды әлеуметтік-демографиялық сипаттамаларын, оның ішінде жалпы санын, жас және гендерлік құрамын, сондай-ақ сайлау жасындағы қала және ауыл тұрғындарының құрамы қаралады. ҚР ОСК³⁰, сондай-ақ ҚР СЖРА ҰСБ статистикалық деректері негізге алынды³¹.

Сайлаушылар саны.

Сайлаушылар тізімін жасау тәртібі ҚР ОСК қаулысымен реттеледі³². Қаулыға сәйкес сайлаушылар тізімін қалыптастыруға жергілікті атқарушы органдар жауап береді. Азаматты белгілі бір сайлау учаскесіндегі сайлаушылар тізіміне енгізу үшін оның белсенді сайлау құқығы, сондай-ақ осы учаскенің аумағында тұрғылықты жері бойынша тіркелуі қажет. Басқа өңірде уақытша тіркелген жағдайда азамат тиісті өңірдің жергілікті атқарушы органдарына өзін сайлаушылар тізіміне енгізу туралы өтініш береді³³.

³⁰ 2023 жылғы 19 наурыздағы сайлау қорытындылары туралы баспасөз релизі [Электрондық ресурc] // ҚР Орталық сайлау комиссиясы. URL: <https://www.election.gov.kz/rus/Итоги%20выборов/itogi-vyborov-5.php>

³¹ Ұлттық статистика бюросы. Қазақстан Республикасы халқының саны. [Электрондық ресурc] URL: <https://stat.gov.kz/api/iblock/element/6582/file/ru/>

³² Сайлаушылардың дауыс беруге арналған тізімдерін қалыптастыру, сондай-ақ оларды сайлау комиссияларына ұсыну қағидаларын бекіту туралы - «Әділет» АҚЖ (zan.kz)

³³ ҚР ОСК өтінші [Электрондық ресурc] // ҚР Орталық сайлау комиссиясы. URL: <https://www.election.gov.kz/rus/news/releases/index.php?ID=8291>

Осы ережелерді ескере отырып, 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының сайлаушылар тізіліміне белсенді сайлау құқығы бар 11 976 406 азамат енгізілгенін атап өткен жөн³⁴. Сайлау өткізілетін күні сайлаушылар саны 12 027 454 адамға жетті (өсім – 51 408 адам, +0,43%).

Сайлаушылар саны ең көп өңір – Алматы қаласы (1,2 млн адам), Түркістан (1,17 млн адам) және Алматы облысы (966,3 мың адам). Олар халықтың жалпы саны бойынша ең ірі өңірлер. Алматы қаласында және Түркістан облысында (сайлаушылар саны 1 млн-нан асатын өңірлер) Мәжіліс сайлауы үшін бір мандатты үш округ, Алматы облысында – екі округ ұйымдастырылды. Сондай-ақ, халық саны мәслихаттардағы мандаттар санына, әсіресе аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар деңгейінде әсер ететін факторлардың бірі. Мысалы, облыстық АСК деректері бойынша Түркістан облысында аудан және облыстық маңызы бар қала мәслихаттарында 292 мандат, Алматы облысында 190 мандат бар.

Сайлаушылардың ең аз саны Маңғыстау (412,2 мың адам), Солтүстік Қазақстан (382,3 мың адам) және Ұлытау облыстарында (141,3 мың адам) тіркелді. АСК ұсынған деректерге сәйкес Солтүстік Қазақстан облысында аудан және облыстық маңызы бар қала мәслихаттарында 163 мандат, Ұлытау облысында – 57 мандат, Маңғыстау облысында – 105 мандат бар (№6 кесте).

№6 кесте. Қазақстан өңірлеріндегі сайлаушылар саны мен халықтың жалпы саны, 2023 жыл

№	Өңір	Сайлаушылар саны (2023 жылғы 19 наурыз), адам ³⁵	Аудан және облыстық маңызы бар қала мәслихаттағы мандат саны, адам.	Облыс және республикалық маңызы бар қалалардағы мәслихаттағы мандат саны, адам.
1	Абай облысы	416 191	128	30 (15+15)
2	Ақмола облысы	517 816	233	32 (16+16)
3	Ақтөбе облысы	562 698	171	34 (17+17)

³⁴ ҚР ОСК отырысы туралы БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ 23 қаңтар 2023 ж. [Электрондық ресурс] // ҚР Орталық сайлау комиссиясы. URL: <https://www.election.gov.kz/rus/news/releases/index.php?ID=8289>

³⁵ 2023 жылғы 19 наурыздағы сайлау қорытындылары туралы баспасөз релизи [Электрондық ресурс] // ҚР Орталық сайлау комиссиясы. URL: <https://www.election.gov.kz/rus/Итоги%20выборов/itogi-vyborov-5.php>

№	Өңір	Сайлаушылар саны (2023 жылғы 19 наурыз), адам ³⁵	Аудан және облыстық маңызы бар қала мәслихаттағы мандат саны, адам.	Облыс және республикалық маңызы бар қалалардағы мәслихаттағы мандат саны, адам.
4	Алматы облысы	966 304	190	38 (19+19)
5	Атырау облысы	412 382	110	30 (15+15)
6	Батыс Қазақстан облысы	442 446	158	30 (15+15)
7	Жамбыл облысы	717 116	174	36 (18+18)
8	Жетісу облысы	443 617	136	32 (16+16)
9	Қарағанды облысы	761 471	178	36 (18+18)
10	Қостанай облысы	554 655	232	32 (16+16)
11	Қызылорда облысы	486 034	120	32 (16+16)
12	Маңғыстау облысы	412 183	105	32 (16+16)
13	Павлодар облысы	512 343	157	32 (16+16)
14	Солтүстік Қазақстан облысы	382 307	163	30 (15+15)
15	Түркістан облысы	1 168 728	292	46 (23+23)
16	Ұлытау облысы	141 285	57	26 (13+13)
17	Шығыс Қазақстан облысы	499 206	142	32 (16+16)
18	Астана қ.	788 931	-	34 (17+17)
19	Алматы қ.	1 202 078	-	42 (21+21)
20	Шымкент қ.	639 663	-	32 (16+16)
	Барлығы	12 027 454	2 747	668

Дереккөз: ҚР ОСК және облыстық АСК ұсынған деректер. Ескерту: ең жоғары көрсеткіштері бар аймақтар – жасыл, ең төменгі – қызыл түспен ерекшеленеді. Бірінші деңгейдегі мәслихаттағы мандат саны бар бағанда жақшада алдымен бір мандатты округтер бойынша, содан кейін – партиялық тізім бойынша мандат саны көрсетілді.

Сайлаушылардың аздығы туу динамикасына, ішкі және сыртқы көші-қонға байланысты болуы мүмкін. Әрі қарай, сайлаушылардың жас ерекшеліктерін қарастыруға болады.

Жасы бойынша демографиялық деректер.

Жоғарыда аталған трендтер жас топтары бөлінісінде халықтың деректерімен расталады. Мысалы, Маңғыстау (26,3%), Түркістан (28,1%) облыстарында және Шымкент қаласында (29%) 18 жастан 29 жасқа дейінгі халықтың ең жоғары үлесі (ел бойынша орташа көрсеткіш – 22,5%) тұрады.

Бұл ретте Маңғыстау облысы (13,4%) мен Шымкент қаласы (13,4%) және Астана қаласы (12,9%) халықтың 61 жастан асқан өкілдері бойынша ең төмен көрсеткіштерге ие. Ел бойынша орташа көрсеткіш – 18,6%.

Керісінше Шығыс Қазақстан (27,5%) мен Солтүстік Қазақстан (26,4%) және Қостанай облысы (24,1%) 61 жастан асқан халықтың үлесі бойынша көшбасшы. Сондай-ақ Абай облысы (17,2%), Солтүстік Қазақстан облысы (16,4%) және Шығыс Қазақстан облысы (15,4%) халықтың 18 бен 29 жас аралығындағы ең төмен көрсеткішке ие.

Жалпы алғанда, елдегі ең көп сайлаушы – 30 бен 45 жас аралығындағы азаматтар екенін атап өткен жөн. Олардың саны аймақтардағы барлық басқа топтан асып түседі. Ел бойынша орта есеппен 34,8%. Басқаша айтқанда, бұл топ сайлауды ұйымдастырудағы сайлау комиссиялары үшін және сайлау алдындағы үгіт кезінде кандидаттар үшін ең маңызды топ. Осы санаттағы көшбасшылар – Астана қаласы (41,1%), Маңғыстау (38,1%), Алматы облысы (36,9%) (№7 кесте).

№7 кесте. 2023 жылдың басындағы жас топтары бойынша өңірлердегі халық үлесі, 18 және одан жоғары жас %-бен

№	Өңір	18-29	30-45	46-60	61 және одан жоғары
	Ел бойынша орташа	22,5%	34,8%	24,2%	18,6%
1	Абай облысы	17,2%	31,8%	28,1%	22,9%
2	Ақмола облысы	19,1%	32,7%	25,8%	22,4%

№	Өңір	18-29	30-45	46-60	61 және одан жоғары
3	Ақтөбе облысы	22,4%	35,5%	24,7%	17,4%
4	Алматы облысы	21,3%	36,9%	24,8%	17,0%
5	Атырау облысы	24,5%	36,8%	23,8%	14,9%
6	Батыс Қазақстан облысы	19,8%	33,9%	25,8%	20,4%
7	Жамбыл облысы	21,7%	34,0%	25,7%	18,5%
8	Жетісу облысы	20,2%	33,3%	26,5%	20,0%
9	Қарағанды облысы	19,4%	33,0%	24,8%	22,8%
10	Қостанай облысы	18,1%	32,2%	25,5%	24,1%
11	Қызылорда облысы	24,8%	34,4%	25,3%	15,6%
12	Маңғыстау облысы	26,3%	38,1%	22,2%	13,4%
13	Павлодар облысы	17,5%	32,7%	26,6%	23,2%
14	Солтүстік Қазақстан облысы	16,4%	31,3%	25,9%	26,4%
15	Түркістан облысы	28,1%	33,6%	23,9%	14,4%
16	Ұлытау облысы	21,1%	33,0%	26,5%	19,3%
17	Шығыс Қазақстан облысы	15,4%	32,1%	25,0%	27,5%
18	Астана қ.	25,5%	41,1%	20,5%	12,9%
19	Алматы қ.	24,7%	35,9%	21,6%	17,8%
20	Шымкент қ.	29,0%	36,4%	21,2%	13,4%
	Стандартты ауытқу	3,8%	2,4%	1,9%	4,3%

Дереккөз: ҚР СЖРА ҮСБ дерегі.

Мұнда әр жас санатындағы стандартты ауытқуды қарастыру ұсынылады³⁶. Бұл көрсеткіш белгілі бір санаттағы мәндердің орташа мәннен қаншалықты ерекшеленетінін анықтау үшін қолданылады. Үлкен ауытқу көрсеткіштердің бір-бірінен және орташа көрсеткіштен алысырақ екенін және деректердің ауқымды таралуын білдіреді. Аз ауытқу мәндердің орташа мәнге жақын екенін және бір-бірінен азырақ ерекшеленетінін білдіреді.

³⁶ Стандартты ауытқу көрсеткіші мына формула бойынша есептеледі:
$$\sigma = \sqrt{\frac{\sum(x_i - \mu)^2}{N}}$$

Формула мәндері мынаны білдіреді (жоғарыда келтірілген деректер мысалында): x_i – санаттардың әрқайсысындағы әр аймақ үшін мән, μ – әр санаттағы ел бойынша орташа мән, N – мәндер саны (20 аймақ санына сәйкес).

Ең төменгі көрсеткіш 46 жастан 60 жасқа дейінгі топта байқалады. Бұл дегеніміз, бұл топтағы аймақтар арасындағы мәндер бір-бірінен және елдегі орташа мәннен ең аз ерекшеленеді. Бұл топтың өкілдері аймақтар бойынша біркелкі бөлінген. Сайлауды өткізу кезінде бұл белгілі бір жас тобындағы сайлаушыларды тарту бойынша қандай да бір шаралар аймақтан аймаққа азырақ ерекшеленетінін білдіреді.

Стандартты ауытқудың ең жоғары көрсеткіші (4,3%) 61 жастан асқан ең үлкен жас тобында байқалады. Бұл осы жас тобының өкілдігі бойынша аймақтар арасындағы айырмашылық анағұрлым маңызды екенін көрсетеді. Мысалы, Шығыс Қазақстан облысының көрсеткіші (27,5%, өңірлер арасындағы ең жоғары мән) Астана қаласының көрсеткішінен екі есе артық (12,9%, өңірлер арасындағы ең төменгі мән).

Әрбір жас санатындағы азаматтардың үлесі бойынша трендтер тұтастай алғанда макроөңірлер бөлінісінде сақталады: жастар ең аз – Шығыс макроөңірде (16,2%), ең көп – оңтүстік (24,6%) және Батыс (23,8%) (№8 кесте).

№8 кесте. 2023 жылдың басындағы жас топтары бойынша макроөңірлердегі халықтың үлесі, %

№	Макроаймақ*	18-29	30-45	46-60	61 және одан жоғары
1	Шығыс	16,2%	32,0%	26,3%	25,5%
2	Батыс	23,2%	36,0%	24,2%	16,7%
3	Солтүстік (Астананы қоспағанда)	17,9%	32,3%	25,9%	23,8%
4	Орталық	19,6%	33,0%	25,0%	22,3%
5	Оңтүстік (Алматы мен Шымкентті қоспағанда)	23,8%	34,6%	25,0%	16,6%

Дереккөз: ҚР СЖРА УСБ дерегі.

* Солтүстік макроөңір – Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қостанай, Павлодар облыстары; Шығыс – Шығыс Қазақстан облысы, Абай; Батыс – Батыс Қазақстан, Атырау, Ақтөбе, Маңғыстау облыстары; Орталық – Қарағанды, Ұлытау облыстары; Оңтүстік – Жамбыл, Алматы, Қызылорда, Түркістан, Жетісу облыстары.

Деректер Астана, Алматы, Шымкент республикалық маңызы бар қалаларсыз ұсынылды.

Сайлауды ұйымдастыру аясында ең жас (18-29 жас) және ең қарт сайлаушылар тобындағы (61 және одан жоғары) аймақтар арасындағы айырмашылыққа назар аудару қажет. Оңтүстік, батыс аймақтар мен мегаполистердің жас тұрғындары сайлау кезінде шығыс және солтүстік облыстардың қарт тұрғындарына қарағанда сайлау комиссиялары мен кандидаттардың басқа тәсілдерін талап етеді. Мысалы, сайлауға жастардың қатысуы – төмен, ал егде жастағы халық сайлауға көбірек қатысады және консервативті кандидаттарды қолдауға бейім.

Алматы, Шымкент қалалары, Маңғыстау және Түркістан облыстары сияқты өңірлердегі сайлаудың болашақ циклдарында осы өңірлерде 18 жасқа дейінгі балалар санының көп болуына байланысты сайлаушылар саны басқа облыстарға қарағанда тезірек өсетіні анық.

Гендер.

Сайлау жасындағы халықтың гендерлік бөлінуі аймақтар арасында аздап өзгереді. Бұл көрсеткіш бойынша стандартты ауытқу 1,27%. Егер аймақтардағы халықтың жалпы саны есепке алынса, әйелдер мен ерлер арасындағы айырмашылық одан да аз болады (ст. ауытқу = 0,98%). Дегенмен, кейбір трендтерді атап өткен жөн.

Біріншіден, республикалық маңызы бар қалалардағы сайлау жасындағы әйелдердің үлесі жоғары. Астана (54,2%), Алматы (55,7%) қалалары осы көрсеткіш бойынша барлық өңірлер арасында (Қарағанды облысы да бар) топ-3-ке кіреді; Шымкент қаласында (53,4%) ол сондай-ақ орташадан (52,5%) жоғары. Мысалы, Алматы қаласында әйелдер мен ерлер үлесі арасындағы айырмашылық 10%-дан асса, Астана қаласындағы айырмашылық 8,6%. Бұл мегаполистердегі саяси партиялар мен кандидаттардың назарын аударуы мүмкін, өйткені әйелдердің сайлау мінез-құлқы ерлерге қарағанда біршама ерекшеленеді. Мысалы, неміс элеуметтанушыларының зерттеуіне сәйкес, әлемнің көптеген елдерінде әйелдер сайлауда аз консервативті кандидаттарды таңдайтын үрдіс бар³⁷.

Екіншіден, ерлер оңтүстік аймақтарда салыстырмалы түрде жоғары, бірақ көп жағдайда сайлау жасындағы еркек-

³⁷ Hude, A. Seven Decades of Gender Differences in German Voting Behavior. // KZfSS Kölner Zeitschrift für Soziologie und Sozialpsychologie. 2023. No 75(2). P.143-170.

тердің үлесі 50%-дан аз. Топ-3 құрамына Алматы (ерлер 49,1%), Қызылорда (49,3%) және Түркістан облыстары (50,3%) сияқты өңірлер кіреді.

Айта кетейік, еліміз бойынша тек Түркістан облысында сайлау жасындағы ерлер үлесі әйелдердің үлесінен асып түседі, алайда айырмашылық шамалы (+0,6%). Басқа өңірлерде әйелдердің үлесі жоғары (№9 кесте).


№9 кесте. 2023 жылдың басындағы гендерлік және өңірлердегі сайлау жасындағы (18 жас және одан жоғары) халықтың үлесі

№	Өңір	Сайлау жасындағы халық, %		Жалпы халық, %	
		Әйел	еркек	Әйел	еркек
	Ел бойынша орташа	52,5%	47,5%	48,8%	51,2%
1	Абай облысы	52,2%	47,8%	49,0%	51,0%
2	Ақмола облысы	52,0%	48,0%	48,9%	51,1%
3	Ақтөбе облысы	52,3%	47,7%	49,0%	51,0%
4	Алматы облысы	50,9%	49,1%	50,0%	50,0%
5	Атырау облысы	52,0%	48,0%	49,4%	50,6%
6	Батыс Қазақстан облысы	52,4%	47,6%	48,9%	51,1%
7	Жамбыл облысы	51,4%	48,6%	49,6%	50,4%
8	Жетісу облысы	51,6%	48,4%	49,4%	50,6%
9	Қарағанды облысы	53,5%	46,5%	47,8%	52,2%
10	Қостанай облысы	52,7%	47,3%	48,3%	51,7%
11	Қызылорда облысы	50,7%	49,3%	50,2%	49,8%
12	Маңғыстау облысы	51,5%	48,5%	49,7%	50,3%
13	Павлодар облысы	53,2%	46,8%	48,0%	52,0%

№	Өңір	Сайлау жасындағы халық, %		Жалпы халық, %	
		Әйел	еркек	Әйел	еркек
14	Солтүстік Қазақстан облысы	52,7%	47,3%	48,3%	51,7%
15	Түркістан облысы	49,7%	50,3%	50,9%	49,1%
16	Ұлытау облысы	52,0%	48,0%	49,0%	51,0%
17	Шығыс Қазақстан облысы	53,3%	46,7%	47,9%	52,1%
18	Астана қ.	54,2%	45,8%	47,7%	52,3%
19	Алматы қ.	55,7%	44,3%	46,4%	53,6%
20	Шымкент қ.	53,4%	46,6%	48,3%	51,7%
	Стандартты ауытқу	1,27%		0,98%	

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ дерегі.

Бұл әйелдердің сайлау жасына жеткен халық арасында өкілдік ету тұрғысынан аз, бірақ артықшылығы бар деп айтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, айырмашылық №1 суретте көрсетілгендей жас ұлғайған сайын әйелдер саны артып келеді.



№1 сурет. 2023 жылдың басында жас бөлінісінде Қазақстандағы ерлер мен әйелдердің үлесі

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ дерегі.

Сонымен қатар, 2023 жылдың басында Қазақстанда 18 жасқа толмаған ерлердің үлесі, әсіресе 14 жасқа толмаған қазақстандықтар арасында, әйелдерден жоғары екендігіне назар аудару

қажет. Мысалы, Түркістан облысында болашақ сайлауда сайлаушылардың маңызды тобы жас ер адамдар болуы мүмкін. Ал Солтүстік Қазақстан немесе Шығыс Қазақстан облыстарында егде жастағы әйелдер маңызды топ болады деп болжауға негіз бар.

Урбанизация.

Мәслихат сайлауын қарастыра отырып, өңірлердің урбанизация деңгейін анықтауда ерекше маңыздылығын атап өткен жөн. Сайлау комиссияларының мәслихат сайлауын ұйымдастыруы және өткізуі (әсіресе аудандар деңгейінде), сайлаушылардың ауылдарда қаншалықты көп тұратындығына, аймақтағы халықтың тығыздығының қаншалықты жоғары екендігіне байланысты кандидаттарға жүктеме беріледі.

Аймақтар арасында урбанизация деңгейінде айтарлықтай үлкен айырмашылық бар екенін айта кету керек. Елеулі алшақтық стандартты ауытқу көрсеткішінде байқалады. Ол – 17,3% (республикалық маңызы бар қалаларды есепке алмағанда). Бұл көрсеткіш бойынша айырмашылық гендерлік және жас құрамындағы аймақтар арасындағы айырмашылыққа қарағанда едәуір үлкен. (№10 кесте)

№10 кесте. Тұрғылықты жері бойынша өңірлердегі сайлау жасындағы халық саны, 2023 жылдың басындағы дерек

№	Өңір	Сайлау жасындағы халық, %		Ауыл саны ³⁸	Халық тығыздығы, адам/км ²	Ауыл тұрғындарының орташа саны, адам.
		Қала	Ауыл			
	Ел бойынша орташа	63,1%	36,9%	370,3	7,25	1513,8
1	Абай облысы	61,0%	39,0%	327	3,3	732,3

³⁸ Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бірліктері (2023 жылдың басына). [Электрондық ресурсы] URL: <https://stat.gov.kz/ru/industries/social-statistics/demography/publications/6381/#:~:text=%D0%92%D0%A0%D0%B5%D1%81%D0%BF%D1%83%D0%B1%D0%BB%D0%B8%D0%BA%D0%B5%D0%9A%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D1%85%D1%81%D1%82%D0%B0%D0%BD%D0%BD%D0%B0%D0%BD%D0%B0%D0%BB%D0%BE,177%2C%20%D1%81%D0%B5%D0%BB%20%2D%20%20295>

№	Өңір	Сайлау жасындағы халық, %		Ауыл саны ³⁸	Халық тығыздығы, адам/км ²	Ауыл тұрғындарының орташа саны, адам.
		Қала	Ауыл			
2	Ақмола облысы	56,2%	43,8%	589	5,4	587,5
3	Ақтөбе облысы	74,9%	25,1%	315	3,1	748,2
4	Алматы облысы	16,2%	83,8%	380	14,3	3321,1
5	Атырау облысы	55,3%	44,7%	153	5,8	2030,2
6	Батыс Қазақстан облысы	56,5%	43,5%	416	4,5	724,4
7	Жамбыл облысы	44,2%	55,8%	367	8,4	1883,4
8	Жетісу облысы	44,4%	55,6%	352	5,9	1102,6
9	Қарағанды облысы	81,9%	18,1%	349	4,7	608,8
10	Қостанай облысы	62,2%	37,8%	517	4,2	613,1
11	Қызылорда облысы	46,9%	53,1%	230	3,7	1923,7
12	Маңғыстау облысы	46,5%	53,5%	59	4,6	7121,2
13	Павлодар облысы	71,9%	28,1%	352	6,1	630,8

№	Өңір	Сайлау жасындағы халық, %		Ауыл саны ³⁸	Халықтығыздығы, адам/км ²	Ауыл тұрғындарының орташа саны, адам.
		Қала	Ауыл			
14	Солтүстік Қазақстан облысы	49,0%	51,0%	635	5,5	433,3
15	Түркістан облысы	24,1%	75,9%	826	18,2	1937,0
16	Ұлытау облысы	79,5%	20,5%	72	1,2	643,3
17	Шығыс Қазақстан облысы	66,8%	33,2%	356	7,5	693,4
18	Астана қ.	100%	-	-	1625,1	-
19	Алматы қ.	100%	-	-	3081,4	-
20	Шымкент қ.	100%	-	-	999,6	-
	Стандартты ауытқу (республикалық маңызы бар қалаларды қоспағанда)	17,3%				

Дереккөз: ҚР СЖРА ҮСБ дерегі.

Республикалық маңызы бар қалаларды қоспағанда, урбанизацияның ең жоғары көрсеткіші – Ақтөбе (74,9%), Қарағанды (81,9%) және Ұлытау облыстарында (79,5%) байқалады.


Облыстар арасында урбанизация деңгейі Түркістан (25,1%), Алматы (44,2%) және Жамбыл облыстарында (24,1%) төмен. Түркістан және Алматы облыстарында урбанизация деңгейі өте төмен, тіпті елдегі орташа мәннен екі есе төмен (63,1%) екенін айта кету керек.

Солтүстік үш облыста: Қостанай, Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарында ауылдар саны мен халық тығыздығы арасындағы айтарлықтай алшақтықты атап өту қажет (№2 сурет). Халық тығыздығының көрсеткіштері ел бойынша орташадан төмен болған кезде (км²-ге 7,25 адам), осы облыстарда ауылдар саны орташадан жоғары (370,3 ауыл).

Осы өңірлерде сайлау алдындағы үгіт-насихат жұмыстары аясында барлық сайлаушыны қамту – логистика тұрғысынан үлкен шығынды талап етеді. Ал өңірлердегі барлық кандидаттың көлік шығыны үшін тең сома бөлінеді. Бұл партиялар мен кандидаттарды үгіт-насихаттың басқа әдістеріне, соның ішінде теледидар мен интернет-ресурстарға жүгінуге итермелеуі мүмкін. Бұл жағдайда партиялық кандидаттардың артықшылығы бар, өйткені саяси партиялар өзін-өзі ұсынушылармен салыстырғанда үлкен ресурстық базаға ие.

Мұндай аймақтарда сайлау комиссияларының мүшелеріне жүктеме аз, өйткені орта есеппен учаске мен округке сайлаушылар аз келеді. Мысалы, Түркістан облысында бір учаскеге орта есеппен 1285 сайлаушы келсе, Солтүстік Қазақстан облысында бір учаскеге 534 сайлаушы келеді.

Оңтүстік облыстардағы ауылдық жерлерде тұратын азаматтардың жоғары үлесімен қатар, осы облыстардағы халықтың тығыздығының жоғары екендігін атап өткен жөн. Халық тығыздығы ең жоғары үш облыс ауыл халқының үлесі бойынша да көшбасшы: Түркістан (км²-ге 18,2 адам), Алматы (км²-ге 14,3 адам) және Жамбыл облысы (км²-ге 8,4 адам). Халықтың жоғары тығыздығы сайлау алдындағы үгіт-насихат жүргізу тұрғысынан жұмысты жеңілдетеді. Халқы аз аудандар мен облыстармен салыстырғанда партиялар мен кандидаттарға ауылдарға бару және сайлаушылармен кездесу өткізу тиімдірек. Сонымен қатар, сайлаушылардың жоғары саны, әсіресе сайлау күні, учаскелік қызметкерлерге үлкен жүктеме түсіреді.



№2 сурет. Халық тығыздығы және облыстардағы ауыл саны, 2023 жылдың басындағы дерек

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ дерегі.

Сайлаушылардың әлеуметтік-демографиялық сипаттамаларын талдауды қорытындылай келе, сайлауды ұйымдастыру және сайлау алдындағы үгіт жүргізу гендерлік және орта жастағы сайлаушылар тобы тұрғысынан өңірлер үшін анағұрлым ұқсас болатынын атап өтуге болады. Сонымен қатар, мегаполистерде облыстармен салыстырғанда әйелдердің көп екенін айтуға болады. Сайлау жасындағы әйелдерден еркектері көп жалғыз облыс – Түркістан.

Сонымен қатар, қала және ауыл тұрғындарының құрамы, жастар мен қарттар бойынша аймақтар арасында айырмашылық айтарлықтай білінеді. Мысалы, Шығыс және Солтүстік макроөңірлерде егде жастағы сайлаушылар үлесі жоғары. Сонымен қатар, мегаполистер, батыс және оңтүстік макроөңірлерде жастардың жоғары өкілдігі бар. Урбанизация деңгейі еліміздің орталығында және солтүстігінде жоғары (егер Астана

қаласының халқы ескерілсе). Бұл ретте, халықтың тығыздығы төмен және солтүстік макроөңірдегі ауылдардың салыстырмалы түрде жоғары саны оңтүстік облыстармен салыстырғанда сайлауды ұйымдастыру және өткізу кезінде өзге тәсілдерді талап етеді.

2016, 2021 және 2023 жылдардағы сайлауға қатысу

Өңірлердегі сайлаушылардың әлеуметтік-демографиялық сипаттамаларын қарастыра отырып, сайлаушылардың өткен сайлауға қаншалықты белсенді қатысқанын және олардың дауысы мәслихат сайлауында, атап айтқанда облыстар мен республикалық маңызы бар қалалар деңгейінде қалай бөлінгенін атап өту қажет.

2016 жылғы сайлау қорытындысы бойынша сайлаушылардың келуі туралы ақпаратты қарауға болады. Қазақстанда Мәжіліс пен мәслихат депутаттары бір күнде сайланатындықтан, парламенттік сайлау қорытындысы бойынша дауыс беруге жалпылама тоқталайық. 2016 жылы сайлаушылардың дауыс беруге қатысуы айтарлықтай жоғары болды. Іс жүзінде барлық өңірде келу көрсеткіші 70%-дан асып, Алматы облысында (қазіргі Жетісу облысы мен Алматы облысы) 94,1%-ға жетті. Еліміздің ең ірі мегаполисі – Алматы қаласында келу деңгейі төмен болды (34,1%). Ел бойынша дауыс беруге сайлаушылардың 77,1%-ы келген. Бұл Қазақстанда парламенттік сайлау өткізу тарихындағы ең жоғары көрсеткіштердің бірі және соңғы 20 жылдағы ең жоғары көрсеткіш (№11 кесте).

№11 кесте. 2016 жылы облыстар мен республикалық маңызы бар қалалар мәслихат сайлауына дауыс беруге келу көрсеткіші

№	Өңір	Келу көрсеткіші
1	Ақмола облысы	79,7%
2	Ақтөбе облысы	80,3%
3	Алматы облысы	94,1%

4	Атырау облысы	85,4%
5	Батыс Қазақстан облысы	73,7%
6	Жамбыл облысы	82,7%
7	Қарағанды облысы	78,8%
8	Қостанай облысы	84,9%
9	Қызылорда облысы	81,8%
10	Маңғыстау облысы	75,9%
11	Оңтүстік Қазақстан облысы	85,1%
12	Павлодар облысы	72,9%
13	Солтүстік Қазақстан облысы	81,6%
14	Шығыс Қазақстан облысы	82,4%
15	Астана қ.	74,7%
16	Алматы қ.	34,1%
	Ел бойынша қорытынды келу	77,1%

Дереккөз: ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ (2016). Қазақстандағы парламенттік сайлау: қорытындылар мен бағалар. Аналитикалық есеп. ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ: Астана

Алдыңғы тарауларда айтылғандай, 2021 жылы мәслихат депутаттарын сайлау пропорционалды жүйе бойынша өтті. Осыған байланысты, келуден басқа, облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың мәслихаттары деңгейінде әрбір қаты-

сушы партияның партиялық тізімі үшін берілген дауыстардың үлесі туралы деректерді қарауға болады (№12 кесте).

№12 кесте. 2021 жылы облыстар мен республикалық маңызы бар қалалар мәслихат сайлауына келу және оның нәтижелері, %

№	Өңір	«AMANAT» (Nur Otan)	«Ауыл»	«Ақ жол	«ADAL»	ҚХП	Келу көрсеткіші
1	Ақмола облысы	75,7	8,9	8,9	6,5	-	72,8
2	Ақтөбе облысы	80,7	8,1	8,6	2,5	-	58,8
3	Алматы облысы	80,5	8,9	1,6	0,4	8,5	73,5
4	Атырау облысы	78,7	8,5	8,8	4,1	-	56,4
5	Батыс Қазақстан облысы	83,8	8,3	8,4	2,1	-	62,4
6	Жамбыл облысы	81,2	8,5	8,7	1,7	-	72,2
7	Қарағанды облысы	74,3	7,8	8,6	1,6	7,8	70,5
8	Қостанай облысы	78,2	10,1	10,2	1,5	-	70,1
9	Қызылорда облысы	77,3	9,0	9,1	3,4	-	73,9
10	Маңғыстау облысы	81,7	8,5	8,6	1,2	-	54,5
11	Оңтүстік Қазақстан облысы	78,5	8,4	7,5	5,6	-	71,3
12	Павлодар облысы	78,1	8,7	10,5	2,7	-	75,5
13	Солтүстік Қазақстан облысы	80,4	8,7	8,6	0,1	0,1	64,5
14	Шығыс Қазақстан облысы	84,5	7,6	7,9	0,0	-	72,4

№	Өңір	«AMANAT» (Nur Otan)	«Ауыл»	«Ақ жол»	«ADAL»	ҚХП	Келу көрсеткіші
15	Астана қ.	83,6	1,0	7,4	0,6	7,4	45,1
16	Алматы қ.	68,1	7,7	10,1	6,8	7,3	30,2
17	Шымкент қ.	78,6	9,4	9,6	1,0	1,3	56,5

Дереккөз: ҚР ОСК ұсынған деректер.


2021 жылғы сайлау қорытындысы бойынша облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың мәслихаттарындағы мандаттың көбі «Nur Otan» партиясына (қазіргі «AMANAT») тиесілі болды. «Ауыл» партиясы Астана қаласынан (1%) басқа барлық өңірде шекті 7%-ды еңсерді. «Ақ жол» партиясы Алматы облысын (1,6%) қоспағанда, барлық өңірде жинады. «ADAL» партиясы Ақмола облысы (6,8%) мен Алматы қаласында (6,5%) ғана белгіленген межеге жақын болса да, өзге өңірде 7%-ға жеткізе алмады. ҚКП тек 6 өңірде партиялық тізім жасады, оның ішінде 4 өңірде: Алматы мен Қарағанды облыстарында және Астана мен Алматы қалаларында мандаттар алуға қол жеткізді. Осылайша, бірінші деңгейдегі мәслихаттарда әр өңірде кемінде үш партияның депутаттары ұсынылды, ал Қарағанды облысы мен Алматы қаласында олардың саны төртке жетті.

Бұл ретте М. Шибутов өзінің «2021 жылғы мәслихат сайлауы: орындарды бөлу нәтижелері» атты баяндамасында партияларды сайлау қорытындыларын ескере отырып, келесі сайлау науқандарына дайындаудың маңыздылығын атап өтті. Бұл филиал басшыларын ротациялау, партиялардың жаңа белсенділерін тартумен жұмыс істеу және т.б. бойынша неғұрлым батыл шараларды талап етуі мүмкін³⁹.

Сайлаудың екі циклі бойынша қорытынды қатысуды талдай отырып, барлық аймақта осы көрсеткіштің төмендеуін атап өтуге болады (№3 суретті қараңыз). 2021 жылы ел бойынша қорытынды келу 66,3% құрады, бұл 2016 жылғы келуден 10%-дан

³⁹ Шибутов М. 2021 жылғы мәслихат сайлауы: орындарды бөлу нәтижелері. Алматы-Нұр-сұлтан, 2021, 32 б.

төмен. Ең жоғары көрсеткіш Солтүстік Қазақстан (75,5%), Алматы (73,5%) және Қызылорда облыстарында (73,9%) байқалады, ал ең төмен көрсеткіш Алматы қаласында (30,2%) тіркелді.



№3 сурет. 2016 және 2021 жылғы дауыс беруді салыстыру, %

Дереккөз: ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ (2016). «Қазақстандағы парламенттік сайлау: қорытындылар мен бағалар. Аналитикалық есеп.». Астана, ҚР ОСК деректері.

Ескерту: Түркістан облысының 2016 жылғы нәтижелерінде Оңтүстік Қазақстан облысының деректері келтірілген.

Қазақстан азаматтарының дауыс беру белсенділігінің біршама төмендегенін атап өтуге болады. Бұл динамика парламенттік және жергілікті сайлауға халықтың салыстырмалы түрде төмен қатысуының жаһандық трендін көрсетеді⁴⁰. Соңғы жылдары келу көрсеткіштерінің төмендігіне қарамастан, Мәжіліспен мәслихат сайлауын бір күнде өткізу азаматтардың жергілікті сайлауда дауыс беруіне, сайлауға қатысуына оң әсер ететіні сөзсіз.

⁴⁰ Kostelka, F., Blais, A. The generational and institutional sources of the global decline in voter turnout // World politics. 2021. No 73(4). P.629-667.

2023 жылғы сайлауға қатысу

Бұл жерде сайлаудың барлық деңгейі үшін сайлауға қатысу жөніндегі деректер Мәжіліс пен мәслихат сайлауын қатар өткендігіне байланысты бірыңғай болғанын атап өткен жөн.

Жалпы, көптеген өңірде дауыс беруге келу 50-60% деңгейінде. 2021 жылғы сайлау көрсеткіштерімен салыстырғанда, барлық өңірде келудің төмендеуі байқалады.

Деректер сайлаушылардың көпшілігі күннің бірінші жартысында дауыс беретінін көрсетеді. Бұл жерде Алматы қаласын (6,7%) атап өткен жөн, ол басқа өңірлермен салыстырғанда кешкі 16:00-ден 20:00-ге дейін келудің ең үлкен өсімін көрсетті.

Сайлауға қатысудың ең жоғарғы деңгейі Жамбыл (65,21%), Солтүстік Қазақстан (65,25%), Қостанай (65,10%) және Қызылорда (67,21%) облыстарында байқалды. Бұл жерде 2021 жылмен салыстырғанда бұрын осы көрсеткіш бойынша көшбасшы болған Ақмола және Алматы сияқты облыстарда келу айтарлықтай төмендегенін атап өткен жөн.

Сайлауға қатысудың ең төменгі деңгейі – республикалық маңызы бар Алматы (25,82%), Астана (42,91%) және Шымкент (45,46%) қалаларында тіркелді. Қалалық агломерациялар әртүрлі факторларға, соның ішінде халықтың жұмыспен қамтылуына, саяси апатия деңгейіне байланысты белсенділіктің төмендеуі мүмкін екен көрсетеді. Бұл аймақтар сайлаушылардың белсенділігін арттыру үшін ерекше назар аударуды қажет етеді (№13 кесте).

№13 кесте. Сайлаушылардың дауыс беруге келуі

№	Өңір	Сайлаушылар саны (2023 жылғы 19 наурыздағы дерек), адам ⁴¹	10:00-де келгендер	16:00-де келгендер	Келгендердің жалпы көрсеткіші
	Қазақстан Республикасы	12 027 454	14,21% ⁴²	51,98% ⁴³	54,19% ⁴⁴

⁴¹ 2023 жылғы 19 наурыздағы сайлау қорытындылары туралы баспасөз релизи [Электрондық ресурс]// ҚР Орталық сайлау комиссиясы. URL: <https://www.election.gov.kz/rus/Итоги%20выборов/itogi-vyborov-5.php>

⁴² Азаматтардың сағат 10.10-ға келуі туралы баспасөз релизи [Электрондық ресурс]// ҚР Орталық сайлау комиссиясы. URL: <https://www.election.gov.kz/rus/news/releases/index.php?ID=8876>

⁴³ Азаматтардың сағат 16.10-ға келуі туралы баспасөз релизи [Электрондық ресурс]// ҚР Орталық сайлау комиссиясы. URL: <https://www.election.gov.kz/rus/news/releases/index.php?ID=8887>

⁴⁴ Азаматтардың сағат 22.10-ға келуі туралы баспасөз релизи [Электрондық

№	Өңір	Сайлаушылар саны (2023 жылғы 19 наурыздағы дерек), адам ⁴¹	10:00-де келгендер	16:00-де келгендер	Келгендердің жалпы көрсеткіші
1	Абай облысы	416 191	15,13%	55,23%	57,02%
2	Ақмола облысы	517 816	15,61%	58,96%	60,01%
3	Ақтөбе облысы	562 698	12, 44%	56,32%	58,0%
4	Алматы облысы	966 304	15,32 %	59,45%	60,03%
5	Атырау облысы	412 382	12,94%	48,15%	51,23%
6	Батыс Қазақстан облысы	442 446	12,96%	58,61%	59,20%
7	Жамбыл облысы	717 116	16,54%	64,78%	65,21%
8	Жетісу облысы	443 617	15,93%	54,82%	55,32%
9	Қарағанды облысы	761 471	16,31%	58,21%	59,48%
10	Қостанай облысы	554 655	16,23%	64,81%	65,10%
11	Қызылорда облысы	486 034	12,64%	64,95%	67,21%
12	Маңғыстау облысы	412 183	12,36%	53,84%	54,10%
13	Павлодар облысы	512 343	16,49%	58,43%	58,68%
14	Солтүстік Қазақстан облысы	382 307	15,93%	63,66%	65,25%
15	Түркістан облысы	1 168 728	15,62%	49,14%	53,01%
16	Ұлытау облысы	141 285	16,38%	58,26%	58,99%
17	Шығыс Қазақстан облысы	499 206	16,11%	63,09%	64,15%
18	Астана қ.	788 931	13,58%	38,57%	42,91%
19	Алматы қ.	1 202 078	8,51%	19,14%	25,86%
20	Шымкент қ.	639 663	12,57%	42,31%	45,46%


Дереккөз: ҚР ОСК ұсынған деректер.

Қазақстан облыстары, қалалары мен аудандарындағы сайлаушылардың дауыс беруге келуін салыстыру барысын-

ресурсы]// ҚР Орталық сайлау комиссиясы. URL: <https://www.election.gov.kz/rus/news/releases/index.php?ID=8901>

да, негізінен ауылдардың, ауылдық округтердің және аудандық маңызы бар қалалардың тұрғындары көбірек келетіні атап өтіледі. Ал қала тұрғындары белсенді сайлау құқығын жүзеге асыруда пассивті.

Қалалар мен аудандардағы сайлауға келушілер арасындағы ең үлкен алшақтық Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Алматы облыстары мен Абай және Жетісу облыстарында байқалады. Ең аз алшақтық Маңғыстау мен Түркістан облыстарында тіркелді (№4 сурет).



№4 сурет. Қазақстан облыстарының қалалары мен аудандарындағы дауыс беруге келу, %

Дереккөз: АСК ұсынған мәліметтер.

2.2. Ұсынудан тіркеуге дейін: негізгі көрсеткіштер

Кандидаттарды ұсыну және тіркеу процесі – сайлауға кімнің қатысуға және сайлаушылардың дауысы үшін кімнің күресуге болатындығын анықтайтын сайлау жүйесіндегі негізгі кезеңдердің бірі.

Кандидаттарды ұсыну әртүрлі тәсілдермен жүзеге асырылуы мүмкін. Соның ішінде өзін-өзі ұсыну, саяси партиялар немесе қоғамдық бірлестіктердің ұсынуы бар. Кандидаттарды тіркеу кезеңінде заңда белгіленген талаптарға сәйкес келетін және сайлау бюллетеніне енгізілуі мүмкін адамдар айқындалады.

Осы зерттеу аясында бір мандатты округтер бойынша кандидаттар екі үлкен топқа – **партиялық және партиялық емес** бөлінгенін айта кету керек. Біріншісіне – партия ұсынған кандидаттар, екіншісіне – қоғамдық бірлестіктерден ұсынылған кандидаттар, сондай-ақ өзін-өзі ұсынған кандидаттар кіреді.

Бұдан басқа, зерттеу жұмысында бәсекелестіктің екі түрі зерттеледі: мәслихаттағы орын санына кандидаттар санының сәйкессіздігі салдарынан **орын үшін бәсекелестік**; сондай-ақ сайлау қорытындылары бойынша келесі тарауда келтірілетін, дауыс беру нәтижесіне негізделген сайлау бәсекелестігі.

Бір мандатты округтер бойынша ұсыну кезеңі. Статистикалық деректер бойынша **облыстар, республикалық маңызы бар қалалар** мәслихаттарының депутаттарын сайлауға бір мандатты округтер бойынша жалпы 334 орынға 1712 кандидат немесе бір мандатқа 5,1 кандидат ұсынылды. Оның ішінде 631 кандидат (1 мандатқа 1,9) партиялардан ұсынылса, 1081 кандидат (1 мандатқа 3,2) партиялық емес кандидаттар болды. Бұл көрсеткіш бойынша партия кандидаттарына қарағанда партиялық емес кандидаттардың белсенділігі байқалды деп айтуға болады.

Өңірлік бөліністе республикалық маңызы бар қалаларда азаматтардың мәслихатқа барынша белсенді ұсынылғаны байқалды. Мысалы, Алматы қ. (210 кандидат), Астана қ. (193), Шымкент қ. (146). Ең аз белсенділік Ұлытау (43), Атырау (50) және Қызылорда (58) облыстарында тіркелді.

Кандидаттардың ұсыну кезеңінде белсенділігі өңірдегі мәслихаттардың ұсынылған орындарының санына байланысты болмағанын атап өткен жөн. Мәселен, өңірлік бөліністе мәслихатта бір мандатты округтер бойынша көбірек орын Түркістан облысында ұсынылды (23 орын), оған 118 үміткер таласады. Бұл олардың өңірлік бөліністе ұсынылуы бойынша төртінші сандық көрсеткіш.

Саяси партиялардан кандидаттар Түркістан облысында ең көп ұсынылды (72 кандидат), бұл ел бойынша партиядан ұсынылғандардың 10%-ына тең. Тиісінше, бұл аймақта партиядан орын алу үшін үміткерлердің бәсекелестігінің жоғары деңгейі тіркелді (1 мандатқа 3,1).

Партиядан кандидаттар ең азы Қостанай және Маңғыстау облыстарында ұсынылды (әрқайсысы 19 үміткерден), онда орын үшін бәсекелестік деңгейі төмен болды (1 мандатқа 1,2-ден).

Партиялық емес кандидаттар республикалық маңызы бар қалаларда: Алматы қаласында (163), Астана қаласында (151) және Шымкент қаласында (112) белсенділік танытты. Тізімде көрсетілген үш қаладан ұсынылған үміткерлер елдегі барлық партиялық емес кандидаттардың 39,4%-ына тең болды. Партиялық емес кандидаттар арасында орын үшін бәсекелестіктің жоғары деңгейі елдегі ең ірі үш қалада байқалды. Астана қ. (1 мандатқа 8,9), Алматы қ. (7,8) және Шымкент қ. (7).

Жалпы, орын үшін бәсекелестік деңгейі ұсынудың белсенділік көрсеткішімен тікелей байланысты. 14-кестеден көріп отырғанымыздай, аймақтық бөлімде орын үшін бәсекелестіктің ең жоғары деңгейі үміткерлердің саны көп аймақтарда байқалды. Тиісінше, орын үшін бәсекелестіктің төмен деңгейі кандидаттардың саны ең аз облыстарда тіркелді: Ұлытау, Атырау (әрқайсысы 3,3) және Алматы (3,4) облыстары.

Республикалық маңызы бар қалаларда орын үшін бәсекелестік көрсеткіші республика бойынша орташа көрсеткіштен едәуір жоғары екенін айта кету керек. (№14 кесте).

№14 кесте. Облыстық, республикалық маңызы бар қалалар мен Астананың мәслихат депутаттығына бір мандатты округтерден кандидаттарды ұсыну қорытындысы

№	Өңір	Орын саны	Ұсынылды	Партиялық	Партиядан тыс	Бір мандатқа кандидаттардың орташа саны	Бір мандатқа партиядан кандидаттардың орташа саны	Бір мандатқа партиялық емес кандидаттардың орташа саны
1	Абай облысы	15	57	21	36	3,8	1,4	2,4

МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ-2023: ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ҮРДІСТЕРІ

№	Өңір	Орын саны	Ұсынылды	Партиялық	Партиядан тыс	Бір мандатқа кандидаттардың орташа саны	Бір мандатқа партиядан кандидаттардың орташа саны	Бір мандатқа партиялық емес кандидаттардың орташа саны
2	Ақмола облысы	16	64	24	40	4	1,5	2,5
3	Ақтөбе облысы	17	85	28	57	5	1,6	3,4
4	Алматы облысы	19	64	31	33	3,4	1,6	1,8
5	Атырау облысы	15	50	25	25	3,3	1,7	1,7
6	Батыс Қазақстан облысы	15	64	23	41	4,3	1,5	2,7
7	Жамбыл облысы	18	86	33	53	4,8	1,8	2,9
8	Жетісу облысы	16	63	25	38	3,9	1,6	2,4
9	Қарағанды облысы	18	70	28	42	3,9	1,6	2,3
10	Қостанай облысы	16	59	19	40	3,7	1,2	2,5
11	Қызылорда облысы	16	58	22	36	3,6	1,4	2,3
12.	Маңғыстау облысы	16	78	19	59	4,9	1,2	3,7
13	Павлодар облысы	16	71	39	32	4,4	2,4	2
14	Солтүстік Қазақстан облысы	15	62	44	18	4,1	2,9	1,2
15	Түркістан облысы	23	118	72	46	5,1	3,1	2
16	Ұлытау облысы	13	43	32	11	3,3	2,5	0,8
17	Шығыс Қазақстан облысы	16	71	23	48	4,4	1,4	3
18	Астана қ.	17	193	42	151	11,4	2,5	8,9
19	Алматы қ.	21	210	47	163	10	2,2	7,8
20	Шымкент қ.	16	146	34	112	9,1	2,1	7
ҚР бойынша		334	1 712	717	1 081	5,1	1,9	3,2

Дереккөз: АСК ұсынған мәліметтер

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың мәслихат депутаттығына кандидаттарды партиялық тізім бойынша ұсынудың осы қорытындыларын талдау бірқатар мәселені анықтауға мүмкіндік берді:

- Ел көлемінде партиялық тізім бойынша ең көп кандидаты «AMANAT» партиясы ұсынды – 698 кандидат. Екінші орында – «Ақ жол» партиясы (199 кандидат) тұр. Көшбасшылар үштігін «Respublica» партиясы (182 кандидат) түйіндеді.

- Өңірлік бөліністе «AMANAT» партиясынан Алматы қаласында (63), Түркістан (46) және Павлодар облыстарында ұсынылды. «Ауыл» партиясы Павлодар және Түркістан облыстарынан (10). «Respublica» партиясы Қостанай облысында (19), Астана қаласында (16), Алматы қаласында және Түркістан облысында (15) салыстырмалы түрде көп кандидат ұсынды. ҚХП-ы ұсынылғандардың негізгі үлесі Алматы қаласына тиесілі (42). «Ақ жол» партиясы облыста (24) және Алматы қаласында (20) көбірек кандидат ұсынды.

- Статистикалық деректерге сәйкес, «Ауылдан» басқа барлық партия Алматы қаласына өз кандидаттарын ұсынуға ерекше назар аударды. «AMANAT», «Ауыл» және «Respublica» сияқты партиялар ерекше назар аударған тағы бір өңір – Түркістан облысы.

Бұл жерде «Байтақ» партиясы бойынша ақпараттың жоқтығын атап өткен жөн. Деректер ұсынбаған және барлық деңгейдегі мәслихат сайлауына кандидаттар мен партиялық тізім ұсынбаған ЖСДП-ны да атап өтуге болады. (№15 кесте)

№15 кесте. Облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалар мен Астананың мәслихат депутаттығына кандидаттарды партиялық тізім бойынша ұсыну қорытындысы

№	Өңір	Орын саны	AMANAT	Ауыл	Respublica	ҚХП	Ақ жол
1	Абай облысы	15	29	8	5	10	24
2	Ақмола облысы	16	33	6	10	6	7
3	Ақтөбе облысы	17	32	9	5	5	5

№	Өңір	Орын саны	АМАНАТ	Ауыл	Respublica	ҚХП	Ақ жол
4	Алматы облысы	19	36	6	10	10	14
5	Атырау облысы	15	30	7	5	9	9
6	БҚО	15	32	6	5	8	6
7	Жамбыл облысы	18	37	3	11	6	11
8	Жетісу облысы	16	34	9	8	5	8
9	Қарағанды облысы	18	26	7	4	12	5
10	Қостанай облысы	16	36	6	19	8	10
11	Қызылорда облысы	16	34	4	7	4	13
12	Маңғыстау облысы	16	32	5	10	6	6
13	Павлодар облысы	16	40	10	9	5	1
14	СҚО	15	30	6	5	7	7
15	Түркістан облысы	23	46	10	15	6	12
16	Ұлытау облысы	13	28	5	12	6	11
17	ШҚО	16	36	7	7	4	5
18	Астана қ.	17	33	7	16	13	12
19	Алматы қ.	21	63	6	15	42	20
20	Шымкент қ.	16	31	6	4	6	13
ҚР бойынша		334	698	133	182	178	199

Дереккөз: Саяси партиялар ұсынған мәліметтер

Бір мандатты округтер бойынша қалалық мәслихаттарға ұсыну. 617 орынға 2 542 кандидат (1 мандатқа 4 үміткер) ұсынылды, оның ішінде 1 079 кандидат (1 мандатқа 1,7) партиядан және 1 463 кандидат партиядан тыс (1 мандатқа 2,3) ұсынылды. Осылайша, қалалық мәслихат деңгейінде де партиялық емес азаматтар белсенді болды.

Алайда өңірлер арасында сайлауға партиясыз азаматтарға қарағанда партиялардың кандидат ұсынуы бойынша Павлодар, Жамбыл, Атырау және Солтүстік Қазақстан облыстары, сондай-ақ Ұлытау облысы ерекшеленді.

Өңірлер бөлінісінде сандық көрсеткіштер бойынша ең көп кандидат Қарағанды (396) және Түркістан облыстарынан (233) ұсынылды. Қалалық мәслихат деңгейінде кандидат ұсыну белсенділігі – ұсынылған орындарға тікелей байланысты екенін атап өткен жөн. Атап айтқанда, қалалық мәслихат деңгейінде бір мандатты округтер бойынша Қарағанды облысында ең көп орын ұсынылды (94 орын). Салыстырмалы түрде ең аз кандидат Алматы облысында ұсынылды (48).

Ұсынылу барысында бір орын үшін бәсекелестіктің жоғары деңгейі Түркістан (1 мандатқа 5,3), Ақтөбе (4,8) және Маңғыстау облыстарында (4,6) тіркелген, бұл ел бойынша орын үшін бәсекелестік көрсеткішінен асып түседі (4). Орын үшін бәсекелестіктің салыстырмалы түрде төмен деңгейі Ұлытау облысында (3,2) және Қостанай облысында (3,3) байқалды. (№16 кесте)

№16 кесте. Бір мандатты округтер бойынша қалалық мәслихат депутаттығына кандидаттарды ұсыну қорытындылары

№	Өңір	Орын саны	Ұсынылған	Партиядан	Партиядан тыс	Бір мандатқа кандидаттардың орташа саны	Бір мандатқа партиядан кандидаттардың орташа саны	Бір мандатқа партиядан тыс кандидаттардың орташа саны
1	Абай облысы	34	120	53	67	3,5	1,5	2
2	Ақмола облысы	41	157	70	87	3,8	1,7	2,1
3	Ақтөбе облысы	32	155	58	97	4,8	1,8	3
4	Алматы облысы	12	48	21	27	4	1,7	2,3
5	Атырау облысы	25	84	44	40	3,4	1,8	1,6
6	БҚО	24	104	45	59	4,3	1,9	2,4
7	Жамбыл облысы	27	105	53	52	3,9	2	1,9
8	Жетісу облысы	29	99	37	62	3,4	1,3	2,1
9	Қарағанды облысы	94	396	154	242	4,2	1,6	2,6
10	Қостанай облысы	56	186	61	125	3,3	1,1	2,2
11	Қызылорда облысы	23	97	37	60	4,2	1,6	2,6
12	Маңғыстау облысы	35	162	57	105	4,6	1,6	3
13	Павлодар облысы	51	215	121	94	4,2	2,4	1,8

№	Өңір	Орын саны	Ұсынылған	Партиядан	Партиядан тыс	Бір мандатқа кандидаттардың орташа саны	Бір мандатқа партиядан кандидаттардың орташа саны	Бір мандатқа партиядан тыс кандидаттардың орташа саны
14	СҚО	18	75	41	34	4,2	2,3	1,9
15	Түркістан облысы	44	233	61	172	5,3	1,4	3,9
16	Ұлытау облысы	36	115	93	22	3,2	2,6	0,6
17	ШҚО	50	191	73	118	3,8	1,4	2,4
ҚР бойынша		631	2542	1079	1463	4	1,7	2,3

Дереккөз: АСК ұсынған мәліметтер

Бұдан әрі аудандық мәслихат депутаттығына кандидаттарды ұсыну нәтижелері берілді. Еліміз бойынша аудандық мәслихаттарға депутаттарды сайлауға 2130 орынға 7512 кандидат немесе 1 мандатқа 3,5 кандидат таласады. Олардың ішінде 3054 кандидат (жалпы санының 40,7%) – саяси партиялардан, 4 458 (59,3%) – партиялық емес кандидат. Партиялық кандидаттар арасындағы орын үшін бәсекелестік көрсеткіші 1 мандатқа 1,4 кандидат, ал партиялық емес кандидаттар арасында 1 мандатқа 2,1 кандидат сай келді.

Өңірлік бөліністе Солтүстік Қазақстан (342 кандидат) және Павлодар (251) облыстарында, сондай-ақ Ұлытау облысында (47) партиясыз кандидаттарға қарағанда партиядан ұсынылған кандидаттар белсендірек болды. Бұл партиядан ұсынылған кандидаттар арасында орын алу үшін жоғары бәсекелестікке алып келеді. Басқа аймақтарда негізінен партиялық емес кандидаттар көп болды. Бұл ретте өңірлердің ішінде партиядан ұсынылған кандидаттар Ақтөбе облысының Темір ауданында (19-ға қарсы 10), Алматы облысының Қарасай ауданында (40-қа қарсы 38), Түркістан облысының Сарыағаш ауданында (89-ға қарсы 33), Шығыс Қазақстан облысының Тарбағатай ауданында (36-ға қарсы 10) басым болды.

Орын үшін бәсекелестіктің салыстырмалы түрде жоғары деңгейі Түркістан (1 мандатқа 4,8), Жамбыл (1 мандатқа 4) облыстарында, ал төмен деңгейі Ұлытау (1 мандатқа 2,3) және Шығыс Қазақстан облысында (1 мандатқа 2,5) байқалады. Сонымен қа-

тар, партиялық емес кандидаттар арасында орын үшін бәсеке-лестіктің жоғары деңгейі Түркістан (1 мандатқа 3,2), Жамбыл (1 мандатқа 2,6), Қызылорда (1 мандатқа 2,5) облыстарында және ең төменгі деңгей – Ұлытау облысында (1 мандатқа 0,1) тіркелді (№17 кесте).

№17 кесте. Бір мандатты округтер бойынша аудандық мәслихат депутаттығына кандидаттарды ұсыну қорытындылары

№	Өңір	Орын саны	Ұсынылған	Партиядан	Партиядан тыс	Бір мандатқа кандидаттардың орташа саны	Бір мандатқа партиядан кандидаттардың орташа саны	Бір мандатқа партиядан тыс кандидаттардың орташа саны
1	Абай облысы	94	293	108	185	3,1	1,1	2
2	Ақмола облысы	192	674	237	437	3,5	1,2	2,3
3	Ақтөбе облысы	139	448	174	274	3,2	1,2	2
4	Алматы облысы	178	558	249	309	3,1	1,4	1,7
5	Атырау облысы	85	274	112	162	3,2	1,3	1,9
6	БҚО	134	438	167	271	3,3	1,3	2
7	Жамбыл облысы	147	600	214	386	4	1,4	2,6
8	Жетісу облысы	107	351	128	223	3,3	1,2	2,1
9	Қарағанды облысы	84	293	102	191	3,5	1,2	2,3
10	Қостанай облысы	176	546	184	362	3,1	1	2,1
11	Қызылорда облысы	97	350	110	240	3,6	1,1	2,5
12	Маңғыстау облысы	70	259	88	171	3,7	1,3	2,4
13	Павлодар облысы	106	385	251	134	3,6	2,4	1,2

№	Өңір	Орын саны	Ұсынылған	Партиядан	Партиядан тыс	Бір мандатқа кандидаттардың орташа саны	Бір мандатқа партиядан кандидаттардың орташа саны	Бір мандатқа партиядан тыс кандидаттардың орташа саны
14	СҚО	145	463	342	121	3,2	2,4	0,8
15	Түркістан облысы	248	1179	399	780	4,8	1,6	3,2
16	Ұлытау облысы	21	49	47	2	2,3	2,2	0,1
17	ШҚО	142	352	142	210	2,5	1	1,5
ҚР бойынша		2 165	7 512	3054	4458	3,5	1,4	2,1

Дереккөз: АСК ұсынған мәліметтер

Облыс пен республикалық маңызы бар қалалардың мәслихат депутаттарын сайлауда партиялардан бір мандатты округтер бойынша кандидаттар ұсыну. «AMANAT» - еліміздің барлық өңірлерінде мәслихатқа өз кандидаттарын ұсынған жалғыз партия. Облыстық мәслихаттардың, Астананың және республикалық маңызы бар қалалардың бір мандатты округтері бойынша партиядан жалпы саны 331 кандидат ұсынылды. Оның ішінде 326 үміткер тіркеу кезеңінен өтті. Партия кандидаттарының жалпы тіркеуден шығарылуы тек 1,5% болды. Кандидаттарды тіркеу кезеңінде өңірлік бөліністе Ақтөбе, Маңғыстау, Түркістан, Шығыс Қазақстан және Абай облыстарында үміткерлерді тіркеуден бас тартылды.

Ел бойынша **«Ауыл» партиясынан** 49 кандидат ұсынылды, олар толық құрамда тіркеу кезеңінен өтті. Бұл партиядан кандидаттар Шығыс Қазақстан облысында ұсынылмағанын айта кету керек.

«Respublica» партиясынан облыс, Астанаға және республикалық маңызы бар қалалар мәслихатына 81 кандидат ұсынылды. Тіркеу кезеңінде жалпы үміткерді тіркемеу 4,9% болды. Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарында кандидат аз тіркелді. Сондай-ақ, еліміздің бес өңіріне (Атырау, Ақмола,

Жамбыл, Қызылорда және Ұлытау облыстары) осы партиядан кандидаттар ұсынылмағанын атап өткен жөн.

«АМАНАТ» партиясынан кейін ұсынылған кандидаттар саны бойынша ҚХП (121 кандидат) келеді. Бұл ретте осы партиядан кандидаттардың төрттен бір бөлігі (24,8%), яғни Ақтөбе, Алматы, Атырау, Қарағанды, Түркістан және Шығыс Қазақстан, Жетісу және Ұлытау облыстарында, сондай-ақ Шымкент қаласында тіркеуден өтпеді. Алдыңғы екі партиядан айырмашылығы, осы партияның өкілдері елдің барлық аймақтарында ұсынылды.

Облыстық және республикалық маңызы бар қалалардың мәслихатына бір мандатты округтері бойынша «Ақ жол» партиясы 104 кандидат ұсынды. Оның 21,1%-ы тіркеуден өте алмады. Партия еліміздің екі өңірінде (Қызылорда және Түркістан облыстары) кандидат ұсынбағанын атап өткен жөн. Өңірлік бөліністе партия өкілдері Ақмола, Ақтөбе, Абай облыстарында және Алматы қаласында тіркеуден өте алмады (№18 кесте).

№18 кесте. Өңірлер бөлінісінде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихат депутаттығына партиялардың бір мандатты округтерден кандидат ұсыну және тіркеу қорытындылары

№	Өңір	«АМАНАТ»		«Ауыл»		«Respublica»		ҚХП		«Ақ жол»	
		ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу
1	Абай облысы	13	12	1	1	2	2	10	9	24	8
2	Ақмола облысы	16	16	3	3	-	-	6	6	18	15
3	Ақтөбе облысы	17	16	3	3	5	5	8	6	4	3
4	Алматы облысы	19	19	1	1	2	2	2	0	3	3
5	Атырау облысы	15	15	3	3	-	-	17	8	2	2
6	БҚО	14	14	2	2	5	5	3	3	2	2
7	Жамбыл облысы	18	18	2	2	-	-	6	6	2	2
8	Жетісу облысы	16	16	1	1	6	6	6	5	3	3
9	Қарағанды облысы	18	18	1	1	1	1	7	5	2	2
10	Қостанай облысы	16	16	1	1	19	19	1	1	10	10
11	Қызылорда облысы	16	16	3	3	-	-	1	1	-	-
12	Маңғыстау облысы	16	14	1	1	10	10	3	3	2	2

№	Өңір	«АМАНАТ»		«Ауыл»		«Respublica»		ҚХП		«Ақ жол»	
		ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу
13	Павлодар облысы	16	16	1	1	1	0	2	2	1	1
14	СҚО	15	15	3	3	5	2	4	4	2	2
15	Түркістан облысы	23	23	1	1	15	15	3	2	-	-
16	Ұлытау облысы	13	13	3	3	-	-	10	5	4	4
17	ШҚО	16	16	-	-	3	3	17	16	1	1
18	Астана қ.	17	17	4	4	2	2	6	6	11	11
19	Алматы қ.	21	20	3	3	4	4	3	3	9	7
20	Шымкент қ.	16	16	12	12	1	1	6	0	4	4
ҚР бойынша		331	326	49	49	81	77	121	91	104	82

Дереккөз: Саяси партиялар ұсынған мәліметтер

Тіркеу кезеңі. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың мәслихаттарына бір мандатты округтері бойынша 1449 кандидат тіркелді. Кандидаттарды жалпы тіркемеу 15,4% болса, партия ұсынған кандидаттар арасында – 7,4%, ал партиядан тыс кандидаттар арасында – 20% болды. Сәйкесінше, екі санаттың ішінен «партиялық емес» мәртебесі бар үміткерлер тіркеу процесінен өте алмады. Бұл облыстық және республикалық маңызы бар қалалар мен Астана мәслихатына депутаттарды сайлау бір мандатты округтерден тіркеу процесінің алғашқы тәжірибесіне байланысты болуы мүмкін.

А. Чеботарев атап өткендей: «көп жағдайда өзін-өзі ұсынушылар алғаш рет өкілді органдардың депутаттығына үміткер болды⁴⁵. Сондықтан кандидат ретінде тіркелу аяқталғанға дейін олардың саны айтарлықтай азайғаны кездейсоқ емес. Шамасы, осының бір себебі сайлау науқанын жүргізу үшін қажетті ресурстардың болмауы болды. Сайлау жарысының соңына жеткендердің ішінде өз науқанын минималды шығындармен өткізуді таңдаған адамдар аз болған жоқ».

Облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың бір мандатты округтер бойынша мәслихат депутаттығына кандидаттар негізінен тіркеуге дейін үміткердің өзі (48,7%) өтініш

⁴⁵ Чеботарев А. Сайлау-2023: негізгі қатысушыларға арналған сабақтар, 2023 [Электрондық ресурc] URL: <https://search.app/rZWW8xqTnqFSQVX59>

беру себебінен алынып тасталды. Үміткерлердің тағы бір бөлігі құжаттардың толық болмауына байланысты тіркеле алмады (39,4%). Әрбір оныншы үміткер (11,2%) белгіленген сәйкессіздіктер себебінен тіркелмеді. Үміткерлердің 0,7%-ы тіркеу аяқталған соң өтініш бергендіктен кандидат бола алмады.

Жалпы, тіркеу аяқталғаннан кейін ел бойынша бір мандат үшін бәсекелестіктің орташа деңгейі 5,1-ден 4,3-ке дейін төмендеді.

Өңірлік бөліністе кандидаттарды тіркеуден бас тартудың ең көп үлесі Павлодар (25,4%) және Батыс Қазақстан (25%) облыстары мен Шымкент қаласында (21,9%) байқалды. Ең азы – Қостанай (3,4%), Ақмола және Ұлытау облысында (4,7%-дан).

Тіркелгеннен кейінгі көрсеткіш өңірлік бөліністегі орын үшін бәсекелестік көрсеткішіне әсер етпегенін атап өтуге болады. Тек Батыс Қазақстан облысында ғана үміткерді ұсынған кездегі 1 мандатқа 4,3 кандидат тіркеуден кейін 3,2-ге төмендеді. Бұл өңірдің бәсекеге қабілеттілігі төмен өңірлер қатарына қосылуына әсер етті.

Ұсыну кезеңіндегі бәсекелестік деңгейі бойынша үш көшбасшы аймақ тіркелгеннен кейін өз позицияларын сақтап қалды. Мәселен, Астана қаласында орын үшін бәсекелестік көрсеткіші 1 мандатқа 9,1, Алматы қаласында 1 мандатқа 8,1 және Шымкент қаласында 1 мандатқа 7,1. Айта кетерлігі, тіркелмей қалғандар көп болғанына қарамастан, Шымкент қаласы бәсекелестік деңгейі жоғары көшбасшылар үштігінде қалды (№19 кесте).

№19 кесте. Өңірлер бөлінісінде облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың және астана мәслихаты депутаттығына бір мандатты округтерден кандидаттарды тіркеу қорытындысы

№	Өңір	Ұсынылғандар	Тіркелгендер	Тіркеуден бас тартқан %	Бір мандатқа кандидаттардың орташа саны
1	Абай облысы	57	50	12,3%	3,3
2	Ақмола облысы	64	61	4,7%	3,8
3	Ақтөбе облысы	85	72	15,3%	4,2

№	Өңір	Ұсын- ылғандар	Тіркелген- дер	Тіркеу- ден бас тартқан %	Бір мандатқа кандидат- тардың орта- ша саны
4	Алматы облысы	64	59	7,8%	3,1
5	Атырау облысы	50	46	8%	3,1
6	БҚО	64	48	25%	3,2
7	Жамбыл облысы	86	73	15,1%	4,1
8	Жетісу облысы	63	53	15,9%	3,3
9	Қарағанды облысы	70	59	15,7%	3,3
10	Қостанай облысы	59	57	3,4%	3,6
11	Қызылорда облысы	58	49	15,5%	3,1
12	Маңғыстау облысы	78	71	9%	4,4
13	Павлодар облысы	71	53	25,4%	3,3
14	СҚО	62	53	14,5%	3,5
15	Түркістан облысы	118	104	11,9%	4,5
16	Ұлытау облысы	43	41	4,7%	3,2
17	ШҚО	71	60	15,5%	3,8
18	Астана қ.	193	156	19,2%	9,2
19	Алматы қ.	210	170	19%	8,1
20	Шымкент қ.	146	114	21,9%	7,1
ҚР бойынша		1 712	1 449	15,4%	4,3

Дереккөз: АСК ұсынған мәліметтер

Қалалық мәслихаттар деңгейінде жалпы саны 2 165 канди-
дат тіркелді, олардың жалпы 14,8%-ы жойылды. Тиісінше, тір-
келгеннен кейін бәсекелестік деңгейі 4-тен 3,4-ке дейін төмен-
деді.

Үміткерлер құжаты толық болмауына байланысты (48,3%),
өздерінің өтініштері бойынша (47,1%) тіркеуден бас тартты. Үміт-

керлердің 2,8%-ы тіркеу аяқталған соң өтініш берсе, 1,8%-ы белгіленген сәйкессіздіктерге байланысты тіркеуден шығарылды.

Өңірлік бөліністе Солтүстік Қазақстан (29,3%), Түркістан (22,3%) және Батыс Қазақстан (22,1%) облыстарында кандидаттары тіркеуден алынса, ең азы – Ақмола (6,4%) және Қостанай (6,5%) облыстарында байқалды. Тіркеуден алынып тастауы – бәсекелестік деңгейі бойынша аймақтар позициясына әртүрлі әсер еткенін атап өткен жөн. Мәселен, кандидаттарды тіркеуден алып тастаудың көптігіне қарамастан, Түркістан облысы бәсекелестік деңгейі бойынша көшбасшылық позициясын жоғалтқан жоқ. Сондай-ақ, жетекші орынды Ақтөбе (4,1) және Павлодар облысы (4) сақтап қалды.

Ал Солтүстік Қазақстан облысында тіркеуден шығарып тастау өңірдегі бәсекелестік деңгейінің айтарлықтай төмендеуіне әсер етті (4,2-ден 2,9-ға). Осылайша, тіркеу кезеңінен кейін аймақ бәсекелестік деңгейі төмен өңірлер қатарына көшті.

Ұсыну сатысында да, тіркелгеннен кейін де бәсекелестіктің ең төменгі деңгейі Ұлытау облысында тіркелді (2,8) (№20 кесте).

№20 кесте. Бір мандатты округтер бойынша қалалық мәслихаттар депутаттығына кандидаттарды тіркеу қорытындылары.

№	Өңір	Ұсынылғандар	Тіркелгендер	Тіркеуден бас тартқан %	Бір мандатқа кандидаттардың орташа саны
1	Абай облысы	120	99	17,5%	2,9
2	Ақмола облысы	157	147	6,4%	3,6
3	Ақтөбе облысы	155	132	14,8%	4,1
4	Алматы облысы	48	39	18,8%	3,3
5	Атырау облысы	84	73	13,1%	2,9
6	БҚО	104	81	22,1%	3,4
7	Жамбыл облысы	105	93	11,4%	3,4
8	Жетісу облысы	99	86	13,1%	3
9	Қарағанды облысы	396	336	15,2%	3,6
10	Қостанай облысы	186	174	6,5%	3,1

№	Өңір	Ұсынылғандар	Тіркелгендер	Тіркеуден бас тартқан %	Бір мандатқа кандидаттардың орташа саны
11	Қызылорда облысы	97	84	13,4%	3,7
12	Маңғыстау облысы	162	140	13,6%	4
13	Павлодар облысы	215	177	17,7%	3,5
14	СҚО	75	53	29,3%	2,9
15	Түркістан облысы	233	181	22,3%	4,1
16	Ұлытау облысы	115	100	13,0%	2,8
17	ШҚО	191	170	11,0%	3,4
ҚР бойынша		2 542	2 165	14,8%	3,4

Дереккөз: АСК ұсынған мәліметтер

Еліміз бойынша **аудандық мәслихат** сайлауына 6 589 кандидат тіркелді. Қазақстан бойынша кандидаттарды жалпы тіркеуден шығару 12,3%. Бұл орын үшін бәсекелестік деңгейінің 3,5-тен 3-ке дейін төмендеуіне әсер етті.

Бір мандатты округтер бойынша аудандық мәслихат депутаттығына кандидаттардың басым бөлігі (60,9%) тіркелгенге дейін өз өтініштері бойынша бас тартты. Құжаттардың толық болмауына байланысты кандидаттардың үштен бірі (34,4%) тіркеуден шеттетілді. Үміткерлердің 3,4%-ы тіркеу аяқталған соң өтініш бергендіктен тіркелмеді. Кандидаттардың 1,3%-ы белгіленген сәйкессіздіктер себебінен тіркеуден жойылды.

Өңірлік бөліністе тіркеуден шығару бойынша Түркістан (24,4%) және Алматы (23,8%) облыстары көш бастап тұр. Ең азы Солтүстік Қазақстан (2,8%) және Атырау облыстарында (3,6%).

Қалалық мәслихаттар деңгейіндегі сияқты, кандидаттарды тіркеуден шығару дәрежесі аймақтағы орын үшін бәсекелестік көрсеткіштеріне әртүрлі әсер етті. Атап айтқанда, Түркістан облысында тіркеуден жою өңірдегі бәсекелестік көрсеткішіне әсер еткен жоқ, тіркелгеннен кейін де бұрынғы жоғары деңгейде қалды. Сонымен қатар, орын үшін бәсекелестіктің салыстырмалы

түрде жоғары деңгейі Жамбыл (3,6) және Маңғыстау (3,4) облыстарында да байқалды.

Тіркеу сатысында тіркеуден шығару өңірдегі орын үшін бәсекелестік деңгейіне әсер еткен (3,1-ден 2,4-ке төмендеген) Алматы облысын ерекше атап өткен жөн. Осыны ескере отырып, тіркелгеннен кейін аймақ бәсекелестік деңгейі салыстырмалы түрде төмен аймақтар қатарына қосылды. Тіркелгеннен кейін бәсекелестіктің ең төменгі деңгейі Шығыс Қазақстан облысында (2,1) және Ұлытау облысында (2,2) байқалды (№21 кесте).

№21 кесте. Аудандық мәслихат депутаттығына кандидаттарды тіркеу қорытындылары

№	Өңір	Ұсынылғандар	Тіркелгендер	Тіркеуден бас тартқан %	Бір мандатқа кандидаттардың орташа саны
1	Абай облысы	293	256	12,6%	2,7
2	Ақмола облысы	674	589	12,6%	3,1
3	Ақтөбе облысы	448	425	5,1%	3,1
4	Алматы облысы	558	425	23,8%	2,4
5	Атырау облысы	274	264	3,6%	3,1
6	БҚО	438	399	8,9%	3
7	Жамбыл облысы	600	531	11,5%	3,6
8	Жетісу облысы	351	321	8,5%	3
9	Қарағанды облысы	293	249	15,0%	3
10	Қостанай облысы	546	533	2,4%	3
11	Қызылорда облысы	350	319	8,9%	3,3
12	Маңғыстау облысы	259	235	9,3%	3,4
13	Павлодар облысы	385	353	8,3%	3,3
14	СҚО	463	450	2,8%	3,1
15	Түркістан облысы	1179	891	24,4%	3,6

№	Өңір	Ұсынылғандар	Тіркелгендер	Тіркеуден бас тартқан %	Бір мандатқа кандидаттардың орташа саны
16	Ұлытау облысы	49	47	4,1%	2,2
17	ШҚО	352	302	14,2%	2,1
ҚР бойынша		7 512	6 589	12,3%	3

Дереккөз: АСК ұсынған мәліметтер

Аудандық және қалалық мәслихаттар депутаттарын сайлауда бір мандатты округтер бойынша ұсыну және тіркеу кезеңдеріндегі партиялық белсенділік. Аудандық мәслихаттар мен облыстық маңызы бар қалалардың депутаттығына кандидаттардың ең көп саны «AMANAT» партиясынан 2 726 кандидат ұсынылды. Оның 2678-і тіркелді. Тіркеуден шығарудың жалпы деңгейі 1,8%. Партия үміткерлерінің көптігі – сайлаудың шешуші кезеңіне дейін жақсы көрсеткіш болды.

Облыстар мен облыстық маңызы бар қалалардың мәслихат депутаттарын сайлаудан айырмашылығы, «Ауыл» партиясы аудандар мен облыстық маңызы бар қалаларда мәслихат сайлауына партия атынан көп кандидат ұсынды. 308 кандидатпен бұл партия екінші орында тұр. Айта кетейік, партиядан ең көп кандидат Түркістан және Павлодар облыстарында ұсынылып, толық құрамда тіркеу кезеңінен өтті. Партия Шығыс Қазақстан облысынан кандидат ұсынбағанын атап өткен жөн. Бұл ретте партия өз кандидаттарын толық тіркеу кезеңінен өткізді. Тек 1 кандидат қана келесі кезеңге өте алмады.

ҚХП-дан ел бойынша жалпы 217 кандидат ұсынылды. Оның ішінде 197 үміткер тіркеу кезеңінен өтті. Тіркеуден шығарудың жалпы деңгейі 9,2%. Өңірлік бөліністе Ақтөбе, Алматы, Қарағанды, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Түркістан, Жетісу, Абай облыстарында кандидаттар тіркеуден өте алмады.

Жалпы «Ақ жол» партиясынан 282 кандидат ұсынылды. Оның 219-ы тіркеу кезеңінен өтті. Жалпы 22,3% кандидат тіркеуден өте алмады. Өңірлік бөліністе кандидаттар көп дәрежеде Ақмола, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан облыстарында және Жетісу және Абай облыстарында тіркеу кезеңінен өте алмады.

Ұсынылған партиялардың ішінде «Respublica» аз кандидат ұсынды. Ел бойынша барлығы 83 үміткер ұсынылып, оның 71-і тіркеуден өтті. Тіркеуден шығарудың жалпы деңгейі 14,5%.

Тіркелмеген кандидаттардың негізгі үлесі Жамбыл облысына тиесілі. Онда кандидаттардың жартысынан көбі жойылды. Сондай-ақ, Ақмола және Павлодар облыстарынан ұсынылған кандидаттар толық тіркелмеген. Сондай-ақ, «Respublica» Алматы, Атырау, Қызылорда, Маңғыстау және Ұлытау облыстарынан кандидат ұсынбағанын атап өткен жөн (№22 кесте).

Қалалық және аудандық мәслихаттардың бір мандатты округтері бойынша партиялар ұсынған кандидаттардың қалалар мен аудандар бөлінісі бойынша толық ақпарат №2 қосымшада ұсынылған

№22 кесте. Өңірлер бойынша аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың мәслихат депутаттығына партиялар ұсынған кандидаттарды ұсыну және тіркеу қорытындылары


№	Өңір	«АМАНАТ»		«Ауыл»		«Respublica»		ҚХП		«Ақ жол»	
		ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу
1	Абай облысы	124	118	7	6	7	7	10	3	24	8
2	Ақмола облысы	233	233	18	18	1	0	18	18	17	14
3	Ақтөбе облысы	171	169	18	18	5	5	8	6	24	20
4	Алматы облысы	190	190	20	20	-	-	20	19	7	7
5	Атырау облысы	110	108	19	19	-	-	13	13	14	14
6	БҚО	158	154	23	23	2	2	7	7	18	17
7	Жамбыл облысы	172	169	25	25	16	7	25	25	18	18
8	Жетісу облысы	136	131	11	11	5	5	8	6	25	15

№	Өңір	«АМАНАТ»		«Ауыл»		«Respublica»		ҚХП		«Ақ жол»	
		ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу
9	Қарағанды облысы	178	178	17	17	4	4	24	16	34	34
10	Қостанай облысы	232	231	19	19	19	19	5	5	26	26
11	Қызылорда облысы	120	120	14	14	-	-	2	2	11	11
12	Маңғыстау облысы	90	87	19	19	-	-	31	20	14	14
13	Павлодар облысы	157	157	33	33	2	0	9	7	1	1
14	СҚО	163	163	14	14	1	1	15	12	8	8
15	Түркістан облысы	292	277	39	39	9	9	24	17	2	2
16	Ұлытау облысы	58	58	5	5	-	-	10	5	9	1
17	ШҚО	142	135	16	16	12	12	16	16	30	9
ҚР бойынша		2 726	2 678	308	307	83	71	217	197	282	219

Дереккөз: Саяси партиялар ұсынған мәліметтер

Гендерлік өкілдік. Статистикалық деректер бір мандатты округтер бойынша Мәслихаттың барлық деңгейінде, ұсыну кезінде де, тіркелгеннен кейін де гендерлік бөліністе әйелдерге қарағанда ерлер көбірек болғанын көрсетеді (№5 сурет).

Бұл ретте, мәслихаттың үш деңгейінде де әйелдер «қалалық» және «аудандық» сайлауларға өз кандидатураларын жиі ұсынды (тиісінше 28,4% және 26,9%). Тіркелгеннен кейін бұл үрдіс 28,8% және 27,5% көрсеткіші қалпында қалды.



№5 сурет. Бір мандатты округтер бойынша Мәслихаттың барлық деңгейінде гендерлік бөлініспен кандидаттарды ұсыну және тіркеу қорытындылары, %

Дереккөз: АСК ұсынған мәліметтер

Аудандық және қалалық мәслихат бойынша өңірлік бөлініске сүйене отырып, әйелдердің басым бөлігі солтүстік өңірлерде (Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Қарағанды облыстары) және Шығыс Қазақстан облыстарында тіркелді. Ұлытау облысынан әйел кандидат ең аз ұсынылды (44 кандидат).

Салыстырмалы түрде әйел кандидаттарды тіркеуден бас тартудың ең көп үлесі Батыс Қазақстан (32,58%), Түркістан (23,57%), Абай (20,18%), Алматы (19%), Қарағанды облыстарында (18,45%) байқалды.

Ал ең аз деңгейі – Қостанай (1% бас тарту), Жетісу (3%), Солтүстік Қазақстан (5,65%), Ұлытау (6,38%) және Қызылорда облыстарында (6,76%) (№23 кесте).

№23 кесте. Аудандық және қалалық мәслихаттарға сайлауға ұсыну және тіркеу кезеңдерінде әйелдердің өңірлік бөліністе ұсынылуы

Өңір	Ұсыну кезеңі	Тіркеу кезеңі	Тіркеуден бас тарту пайызы
БҚО	132	89	32,58%
Түркістан облысы	157	120	23,57%

Өңір	Ұсыну кезеңі	Тіркеу кезеңі	Тіркеуден бас тарту пайызы
Абай облысы	109	87	20,18%
Алматы облысы	168	136	19,05%
Қарағанды облысы	206	168	18,45%
ШҚО	198	178	10,10%
Жамбыл облысы	155	140	9,68%
Маңғыстау облысы	83	75	9,64%
Ақмола облысы	320	291	9,06%
Павлодар облысы	189	172	8,99%
Атырау облысы	85	78	8,24%
Ақтөбе облысы	172	159	7,56%
Қызылорда облысы	74	69	6,76%
Ұлытау облысы	47	44	6,38%
СҚО	230	217	5,65%
Жетісу облысы	132	128	3,03%
Қостанай облысы	288	285	1,04%

Дереккөз: АСК ұсынған мәліметтер

Тіркеуден бас тартқан әйел үміткерлер басым болған аудандар төмендегі кестеде көрсетілген. Кестеге сүйене отырып, кейбір аудандарда әйелдер кандидаттарды тіркеуден бас тарту пайызы 40-55%-ға дейін жеткенін көруге болады. 2 көшбасшы-аймақ ерекшеленеді: Түркістан облысы (4 аудан мен Түркістан қ.) және Батыс Қазақстан облысы (4 аудан мен Орал қ.) (№24 кесте).

№24 кесте. Тіркеуден бас тартқан әйел үміткерлердің көп пайызы бар аудандар мен қалалар

Аудан	Әйелдерді тіркеуден бас тарту пайызы
Отырар ауданы, Туркестанская облысы	55,5%
Түркістан облысы, Жетысай ауданы	54,1%
БҚО, Байтерек ауданы	47,0%
Абай облысы, Бесқарағай ауданы	46,1%
Түркістан облысы, Ордабасы ауданы,	44,4%
БҚО, Казталов ауданы	44,4%
Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы	42,8%
Абай облысы, Ақсуат ауданы	42,8%
Қарағанды облысы, Абай ауданы	42,3%
Қарағанды облысы, Саран қ.	42,1%
Абай облысы, Курчатов қ.	38,8%
Жамбыл облысы, Меркі ауданы	36,3%
Түркістан қ.	35,7%
Орал қ.	34,8%
Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы	33,3%
БҚО, Жанақала ауданы	33,3%
БҚО, Ақжайық ауданы	30,7%
Петропавлов қ.	29,1%
ШҚО, Тарбағатай ауданы	28,6%
Қарағанды облысы, Шахтинск қ.	26,7%
Қонаев қ.	26,6%
Ақмолинская облысы, Бурабай ауданы	26,6%

Дереккөз: АСК ұсынған мәліметтер

Облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың мәслихаттары бойынша өңірлік бөлініске сүйене отырып, әйел кан-

дидаттардың көпшілігі Астанада (41) және Алматыда (36) тіркелгенін байқаймыз.

Жетісу (7), Батыс Қазақстан (5) және Атырау (5) облыстарында әйел кандидаттар ең аз тіркелген. Қызылорда облысында облыстық мәслихатта бірде-бір әйел кандидат болған жоқ.

Салыстырмалы ауқымда әйел кандидаттарды тіркеуден ең көп бас тартқан өңірлер: Павлодар (37,5% бас тарту), Жетісу (30%), Батыс Қазақстан (28,57%), Абай (26,67%), Қарағанды (25%) облыстары.

Салыстырмалы түрде әйел кандидаттарды тіркеуден ең аз бас тартқан өңірлер: 6 өңірде барлық әйел кандидат (Ақмола, Қостанай, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Ұлытау облыстары) тіркелді. Жамбыл (8,7%) және Шығыс Қазақстан (11,54%) облыстарында тіркемеу деңгейі төмен болды (№25 кесте).

№25 кесте. Облыстық мәслихат сайлауына ұсыну және тіркеу кезеңдерінде әйелдердің өңірлік бөліністе ұсынылуы

Өңір	Ұсыну кезеңі	Тіркеу кезеңі	Тіркеуден бас тарту пайызы
Қызылорда облысы	0	0	Бірде-бір әйел үміткер жоқ
Павлодар облысы	16	10	37,50%
Жетісу облысы	10	7	30,00%
БҚО	7	5	28,57%
Абай облысы	15	11	26,67%
Қарағанды облысы	16	12	25,00%
Түркістан облысы	13	10	23,08%
Шымкент қ.	26	20	23,08%
Астана қ.	51	41	19,61%
Маңғыстау облысы	11	9	18,18%
Алматы қ.	44	36	18,18%
СҚО	17	14	17,65%

Өңір	Ұсыну кезеңі	Тіркеу кезеңі	Тіркеуден бас тарту пайызы
ШҚО	26	23	11,54%
Жамбыл облысы	23	21	8,70%
Ақмола облысы	17	17	барлығы тіркелді
Қостанай облысы	13	13	барлығы тіркелді
Ақтөбе облысы	23	23	барлығы тіркелді
Алматы облысы	11	11	барлығы тіркелді
Атырау облысы	5	5	барлығы тіркелді
Ұлытау облысы	12	12	барлығы тіркелді

Дереккөз: АСК ұсынған мәліметтер

Барлық деңгейдегі мәслихат депутаттығына кандидаттарды ұсыну және тіркеу кезеңінің қорытындысы бойынша мынадай ерекшеліктерді бөліп көрсетуге болады:

Мәслихаттардың барлық деңгейінде ұсыну кезеңінде партиялардан ұсынылған кандидаттармен салыстырғанда партиялық емес кандидаттардың белсенділігі айтарлықтай жоғары. Алайда, деректерді талдау партия кандидаттарының тіркеу кезеңінен әлдеқайда сәтті өткенін көрсетеді.

Бұл артықшылықты бірнеше фактормен түсіндіруге болады: сайлауға қатысу тәжірибесі, талаптар мен процедураларды білу және институционалдық қолдау, партиялық емес кандидаттардың партиялық кандидаттардан айырмашылығы, тәжірибе мен қолдау. Сондай-ақ жеткілікті білімі жоқ, өз бетінше бірінші рет үміткер болу мүмкіндігіне ие болған өзін-өзі ұсынушылар үлкен қиындықтарға тап болды.

Облыстық мәслихаттардың бір мандатты округтері бойынша кандидаттар арасында мәслихаттың үш деңгейлі бөлінісінде ұсыну сатысындағы орын үшін бәсекелестік жоғары болды. Сонымен қатар, орын үшін бәсекелестіктің салыстырмалы түрде жоғары деңгейі қалалардың, әсіресе республикалық маңызы бар қалалардың мәслихаттарына тән. Бұл қала тұрғындарының жоғары саяси белсенділігі мен қызығушылығын білдіруі мүмкін.

Бұл ретте кандидаттарды тіркеуден шығарып тастау жалпы массадағы орын үшін бәсекелестік деңгейіне әсер еткен жоқ. Мәселен, бір мандаттық округтер бойынша облыстық, қалалық және аудандық мәслихат депутаттығына кандидаттардың бәсекелестік деңгейі жоғары өңірлер тіркеу процесінің қорытындысы бойынша өз ұстанымдарын сақтап қалды.

Бір мандаттық округтер бойынша облыстық, қалалық және аудандық мәслихаттардың депутаттығына кандидаттарды тіркеудің жалпы дәрежесі шамамен бір деңгейде болды (тиісінше 15,4%, 14,8% және 12,3%). Сонымен қатар, тіркеуден бас тартудың негізгі себебі – кандидаттардың жарыстан шығу туралы тіркеуге дейін берген өз өтініштері. Дайындықтың жеткіліксіздігі және сенім пен мотивацияның болмауы туралы да айтуға болады. Сонымен қатар жарнаны қамтамасыз ету және үгіт-насихат жұмысын жүргізу қажеттілігіне байланысты қаржылық кедергілер әсер етуі мүмкін.

Облыстық, қалалық және аудандық мәслихаттарда бір мандатты округтер бойынша гендерлік бөліністе ұсыну сатысын мен тіркелгеннен кейін әйелдерге қарағанда ерлер көбірек болды.

Партиялар партиялық тізім бойынша толық ұсына алмады. Сондай-ақ Мәслихаттардың барлық деңгейінде бір мандатты округтер бойынша «AMANAT» партиясынан басқа партиялар партиялық кандидаттардың ұсынылуын қамтамасыз ете алмады. Партиялық тізім бойынша кандидаттарды ұсыну сатысында партияның басым көпшілігінің белсенділігі Алматы қаласы мен Түркістан облысында байқалды. «AMANAT» және «Ауыл» партиялары тіркеу кезеңінен өтудің жоғары тиімділігін көрсетті.

2.3. Үгіт-насихат жұмыстарының ерекшеліктері

Сайлау процесінің ең жарқын және есте қаларлық кезеңдерінің бірі – сайлауалды үгіт-насихат кезеңі. Онда партиялар мен кандидаттар сайлаушылардың дауысын жеңіп алу мақсатында өз бағдарламаларын түсіндіру үшін «алаңға» шығады.

2023 жылғы барлық деңгейдегі мәслихат сайлауы өткен науқандардан ерекшеленді. Өйткені саяси партиялардан басқа саяси аламанға өзін-өзі ұсынған кандидаттар да араласты. Бұл бір жағынан – бәсекелестікті арттырса, екінші жағынан – сайлаушыларға ақпараттық қысымды күшейтті.

Осылайша, ҚР ОСК деректері бойынша сайлау алдындағы үгіт кезеңі басталған кезде барлық деңгейдегі мәслихат депутаттығына 10 288 кандидат тіркелді. Оның ішінде 6359 кандидат (61,81%) өзін-өзі ұсыну тәртібімен, 3929 кандидат (38,19%) түрлі саяси партиялар мен өзге де қоғамдық бірлестіктердің атынан түсті⁴⁶.

Депутаттыққа үміткерлердің сайлаудағы бәсекеге қабілеттілігі көптеген факторға байланысты: кандидаттың және оның штабының уәждемесі мен көзқарасы, материалдық, уақыт, адами ресурстар, науқанның ойластырылуы, шығармашылық, ашықтық және т.б. Мемлекет тарапынан БАҚ-қа тең қолжетімділікке кепілдік беріледі, барынша адалдықты қамтамасыз ету үшін үгіт мәселелері реттеледі. Бұдан басқа, әрбір кандидат өкілді органның деңгейіне сәйкес сайлауалды науқанды өткізу үшін мемлекеттен тең қаражат алады*.

2023 жылғы науқан кезінде мәслихат депутаттығына кандидаттардың әрқайсысы мемлекеттен мынадай қаражат алды⁴⁷:

Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мәслихаттарының депутаттығына кандидаттар үшін (партиялық тізімнен тыс)	Қалалық мәслихат депутаттығына кандидаттар үшін	Аудандық мәслихат депутаттығына кандидаттар үшін
<ul style="list-style-type: none"> • 550 мың теңге. • Оның ішінде 350 мың теңге теледидар және радио бағдарламаларында сөйлеуге, сондай-ақ мерзімді баспа және/немесе желілік басылымдарда екі мақала жариялауға • Сайлау алдындағы жария іс шараларды өткізуге және үгіт материалдарын шығаруға 130 мың теңге • 70 мың теңге - көлік шығындары 	<ul style="list-style-type: none"> • 350 мың теңге. • Оның ішінде 200 мың теңге теледидар және радио бағдарламаларында сөйлеуге, сондай-ақ мерзімді баспа және/немесе желілік басылымдарда екі мақала жариялауға, • Сайлау алдындағы жария іс-шараларды өткізуге және үгіт материалдарын шығаруға 100 мың теңге • 50 мың теңге-көлік шығындары 	<ul style="list-style-type: none"> • 350 мың теңге. • Оның ішінде 200 мың теңге теледидар және радио бағдарламаларында сөйлеуге, сондай-ақ мерзімді баспа және/немесе желілік басылымдарда екі мақала жариялауға, • Сайлау алдындағы жария іс-шараларды өткізуге және үгіт материалдарын шығаруға 100 мың теңге • 50 мың теңге-көлік шығындары

⁴⁶ Кандидаттарды тіркеу, шығын мөлшерін белгілеу және шетелдік байқаушыларды аккредиттеу қорытындылары туралы баспасөз релизі [Электрондық ресурсы]// ҚР Орталық сайлау комиссиясы. URL: https://www.election.gov.kz/rus/news/releases/index.php?ID=8550&sphrase_id=64583

⁴⁷ Кандидаттарды тіркеу, шығын мөлшерін белгілеу және шетелдік байқаушыларды аккредиттеу қорытындылары туралы баспасөз релизі [Электрондық ресурсы]// ҚР Орталық сайлау комиссиясы. URL: https://www.election.gov.kz/rus/news/releases/index.php?ID=8550&sphrase_id=64584

* «Сайлау туралы» Заңға сәйкес кандидаттарға партиялық тізім бойынша сайлау алдындағы үгітке қаражат бөлінбейді

2023 жылғы сайлауалды үгіт-насихаттың жаңалықтарының бірі – бұқаралық ақпарат құралдары сияқты реттелетін онлайн-платформалар арқылы үгіт-насихат жүргізу мүмкіндігі болды. Яғни, үгіт-насихатқа шарттық негізде қатысқысы келетін онлайн-платформа пайдаланушылары ҚР ОСК-на үгіт материалдарын орналастыру шарттары мен төлем мөлшері туралы мәліметтерді ұсынуға және материал жарияланған жағдайда қаржыландыру көзін белгілеуге тиіс болды.

Осылайша үгіт насихат заң жүзінде жүзеге асырылады:

- бұқаралық ақпарат құралдары;
- онлайн платформалар;
- үгіт материалдарын шығару және тарату;
- сайлау алдындағы жария іс-шараларды, кандидаттар

мен олардың сенімді адамдарының сайлаушылармен жеке кездесулерін өткізу.

Кандидаттардың жергілікті атқарушы органдармен келісілуі тиіс жиналыстар, митингілер, шерулер, демонстрациялар ұйымдастыруына және өткізуіне жол беріледі.

Барлық деңгейдегі мәслихаттарға кандидаттардың сайлау алдындағы науқандарын сипаттай отырып, олардың дәстүрлі сайлау технологияларына шоғырланғанын атап өтуге болады: үгіт материалдарын тарату, бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде ақпараттық материалдарды жариялау, сондай-ақ сайлаушылармен офлайн кездесулер (№3 қосымша).


Мұндай таңдау, бір жағынан, үгіт-насихат науқанын жаңа шешімдермен сұйылтуға болатын көптеген мамандардың, саяси технологтардың және кеңесшілердің болмауына байланысты, екінші жағынан, дәстүрлі сайлау технологиялары үгіт-насихаттың бір айлық мерзіміндегі ең қарапайым және дәлелденген әдіс.

Сонымен қатар, аудандық мәслихат деңгейінде мажоритарлық сайлау жүйесі, сайлаушылардың аз саны және аумақтық шектеу жағдайында халықпен, еңбек ұжымдарымен жеке кездесулер ең тиімді стратегия екенін ескеру қажет. Жалпы, мәслихат деңгейіндегі сайлау алдындағы үгіт кандидаттардың округтер бойынша сайлаушылармен, әртүрлі еңбек ұжымдарымен жеке кездесулері аясында өтті.

Мәслихат деңгейлері тұрғысынан белгілі бір ерекшеліктерді атап өтуге болады. Бұл сайлау округтері ауқымындағы айырмашылықтарға, округ бойынша сайлаушылар санына, аймақтар мен аудандардың әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктеріне байланысты, көліктің қолжетімділігі, ауа райы жағдайлары (әсіресе солтүстік аймақтар үшін) және басқа да маңызды факторлар.

Облыстық, қалалық мәслихаттарға сайлау деңгейінде кандидаттар БАҚ-тағы жарияланымдарға, атап айтқанда мәтіндік сұхбат, сондай-ақ сайлау алдындағы бағдарламаларды түсіндіру түрінде белсенді жүгінді. Сондай-ақ, бұқаралық ақпарат құралдарының ресми әлеуметтік медиа беттерінде, атап айтқанда Tik Tok, Instagram және Youtube-те жарияланымдар қолданылғанын атап өтуге болады.


Облыстық маңызы бар қалалар мәслихаты депутаттығына жекелеген кандидаттар подкасттарға және YouTube-сұхбаттарға қатысу ретінде қазіргі уақытта танымал ілгерілету тәсіліне жүгінді.




Қарашаш Джузеева, Алматы қаласы мәслихатының депутаттығына №16 сайлау округі бойынша кандидат

Үміткерлер цифрлық технологияларды қолданды, бірақ бұл жекелеген жағдайларда ғана болды. Мәселен, Астана қаласы мәслихатына 2 округтен кандидат Гүлмира Шайхыстановна азаматтардың өтініштері мен ұсыныстары үшін виртуалды қабылдау бөлмесін іске қосты. Көп жағдайда кандидаттар жеке веб-сайт құрды, онда ол туралы, сайлау округі туралы негізгі ақпарат, сайлау алдындағы бағдарлама, сондай-ақ парақшалар

мен үгіт материалдарында Q-кодтар жарияланды. Сол арқылы сайлаушыларға кандидаттардың мақсаттары мен бағдарламаларымен танысуға мүмкіндік алды.



Гүлмира Шайхыстанова, Астана қаласы мәслихатына №2 сайлау округі бойынша кандидат



Владислав Сергеев, Астана қаласы мәслихатына №1 сайлау округі бойынша кандидат

Жалпы, әлеуметтік желілерде үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуге негізінен республикалық маңызы бар қалалардың, облыстық мәслихаттардың кандидаттары жүгінді. Кейбір үміткерлер әртүрлі әлеуметтік желілерде тікелей үгіт-насихат үшін ресми парақшалар ашқанымен, сайлаудан кейін сайлау жарысы кезіндегідей белсенді болмады. Instagram және Facebook-те үміткерлер ең көп белсенділік танытты, ең азы – TikTok және Youtube-те. Тіпті әлеуметтік желіде белсенді емес қолданушылары да сайлау науқаны аясында өз мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға қызығушылық танытады деген қорытынды жасауға болады.

Сондай-ақ, бір мандатты округтер бойынша «AMANAT» партиясы мен оның кандидаттарының әлеуметтік желілерді белсенді жүргізгенін, партия әзірлеген жарияланым үлгілері мен электрондық үгіт материалдарын пайдаланған жұмыстарын атап өтуге болады.

TikTok 2023 жылғы сайлауға дейін арнайы бетті іске қосқанын айта кету керек. Бұл бетте пайдаланушылар сайлау туралы ақпаратты ресми көздерден ала алады. Сонымен қатар, сайлау туралы бейнероликтер пайдаланушыларды ҚР ОСК ақпараттық бетіне жіберген арнайы этикеткалармен белгіленді.

Сайлау кезінде TikTok сайлау күнінің өзгеруі туралы жалған хабарламаларды, сайлаушыларды қорқыту немесе дауыс беру процесіне араласуы мүмкін материалдарды және басқа да дұрыс емес ақпараттарды жойып отырды.

Халықаралық тәжірибе: әлеуметтік желілердің мұндай шаралары біртіндеп әлемдік трендке айнала бастады. Мысалы, 2018 жылғы Мексикадағы жалпы сайлауға дейін Ұлттық сайлау институты (INE) жалған ақпараттың таралуын анықтау және жолын кесу мақсатында Facebook, Google және Twitter-мен келісім жасады.

Facebook өзінің LIVE платформасы арқылы президенттік пікірталастарды таратуға және азаматтарды сайлауға қатысуға шақыруға уәде берді. Бұған дауыс беру туралы ескертулер жіберу, сайлау мен кандидаттар туралы ақпарат беру, дауыс беру орындары мен уақыттары туралы ақпарат беру кірді.

Twitter, INE-мен жасалған қоғамдық келісімге сәйкес, дәлелденген мазмұнды, соның ішінде осы платформа арқылы маңызды сайлау ақпаратын таратқан бот арқылы таратуға уәде берді.

Google-мен жасалған келісім сайлаушыларды Google Maps арқылы сайлау учаскелеріне жіберуді және маңызды сайлау күндерін еске салуды көздеді (Elections in digital times: a guide for electoral practitioners.) (<https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000382102>)

Егер қоғамдық іс-шаралар туралы айтатын болсақ, онда кандидаттар спорттық жарыстарды, еңбек ұжымдарымен және жалпы сайлаушылармен кездесулерді ұйымдастыруды жөн көрді. Сондай-ақ, үміткерлер әлеуметтік желілер арқылы белсенді түрде таратылатын сараптамалық талқылаулар өткізіп, қатысып, аудиторияның ауқымын кеңейтті.

Аудандық мәслихаттарға сайлауда кандидаттар баспа үгіт материалдарын таратуға, сондай-ақ жұмысшы ұжымдармен кездесулер сипатына ие сайлаушылармен жеке кездесулерге көбірек мән берді. Одан бөлек, кандидаттардың өздері азаматтар көп жиналатын орындарға – базарларға, дүкендерге, үй аулаларына және т.б. сайлаушылармен «кездесуге» жіберілді.

2023 жылғы сайлау науқанының бір ерекшелігі, оның ауқымдылығы мен кандидаттар саны мен мәслихат деңгейлеріне байланысты кандидаттардың халық арасында үгіт-насихат кездесулерін өткізу кезінде біріктіру болды. Бұл көбінесе партиялық тізімдегі кандидаттар мен партиялық бір мандаттықтарға тән. Сонымен, әртүрлі деңгейдегі мәслихаттарға үміткерлер, бірақ бірыңғай аумақтық сайлау округтерімен бірлескен іс-шаралар өткізді.

Өзін-өзі ұсынған үміткерлер де бірлескен үгіт-насихат шараларына жиналды. Мысалы, Алматыда Мәжіліс пен қалалық мәслихатқа кандидаттардың бірлескен үгіт-насихат митингісі өтті. Ол қатысушылардың әрқайсысына сөз сөйлеуге және өздерінің бағдарламаларын ұсынуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, үгіт-насихат митингі қатысушылар мен ұйымдастырушылардың кандидатураларына назар аударуға мүмкіндік беретін маңызды ақпараттық себеп.



Есілхан Қанапьянов, Риддер қалалық мәслихатының депутаттығына №1 округ бойынша кандидат



Облыстық мәслихатқа үміткер Г. Г. Нұрханованың сенімді өкілдері мен «AMANAT» партиясының аудандық мәслихатқа кандидаттарымен бірге «Балапан» және «Светлячок» балабақшаларының қызметкерлерімен және «Балалар музыка мектебі» педагогикалық ұжымымен үгіт-насихат кездесуі, 14 наурыз 2023 ж. Железинка ауылы, Павлодар облысы

Кандидаттарға оларды ұсынған қоғамдық бірлестіктер ақпараттық қолдау көрсетті. Партиялық қатыстылығына қарамастан кандидаттарды ақпараттық қолдау үшін журналистер, блогерлер құрған «Жастар үні» Жас кандидаттарды қолдау блогын ұсыну қызықты бастама болды. Сайлау кезеңінде олардың көмегіне әр аймақтан 100-ден астам кандидат жүгінді. Сондай-ақ, блок подкасттарды, сұхбаттарды, әлеуметтік желілердегі жарияланымдарды ұйымдастыруға және өткізуге қолдау көрсетті⁴⁸.

Пікірсайыс – сайлау жарысының ажырамас бөлігі. Кейбір кандидаттар пікірталас өткізу бастамасымен өз бетінше сөз сөйледі және оларды өзара келісе отырып, ұйымдастырды. Мысалы, Өскемен қалалық мәслихатына кандидаттар арасында 9 сайлау округі бойынша өзін-өзі ұсынған кандидат Лев Вартамян мен «AMANAT» партиясының кандидаты Наталья Уразова ара-

⁴⁸ Жастар үні блогы үгіт-насихат науқаны барысында 100-ге жуық жас кандидатты қолдады. [Электрондық ресурс] URL: <https://almaty.tv/news/obschestvo/1512-blok-dgastar-uni-podderdgal-poryadka-100-molodykh-kandidatov-v-khode-agitkampani>

сында пікірсайыс өтті. Онлайн-трансляция арқылы өткен пікірсайысты жиыны 9 мыңнан астам адам тамашалады⁴⁹.

Сонымен қатар, барлық деңгейдегі мәслихат депутаттығына кандидаттардың сайлауалды үгіт-насихат кезінде кездескен бірқатар проблемаларды бөліп көрсетуге болады:

Біріншіден, үгіт мерзімінің қысқаруы үміткерлер мен олардың командаларына айтарлықтай қысым болды. Олар уақытты және басқа ресурстарды тиімді пайдалануға мәжбүр болды.

Екіншіден, үй-жайларды жалға алу, үгіт материалдарын тарту және жарнама сияқты үгіт-насихат қызметтеріне жоғары бәсекелестік, бұл науқан шығындарына әсер етті.

Үшіншіден, климаттық жағдай үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу үшін қиындықтар туғызды, бұл сайлаушылармен қарым-қатынасты қиындатты.

Төртіншіден, бір мандатты округтер бойынша сайлауға түскен мәслихат депутаттығына кандидаттардың көпшілігінде онлайн-үгіт жүргізу тәжірибесінің болмауы. Бұл онлайн ілгерілеудің маңыздылығын арттыру жағдайында электоратты қамтуға теріс әсер етті.

Өңірлердегі саяси партиялардың үгіт-насихат жұмыстарына жеке тоқталу керек. Әрі қарай партиялар бөліміндегі негізгі ерекшеліктерді атап өтеміз.

Бір мандатты округтер бойынша барлық деңгейдегі мәслихат депутаттығына өз-өзі ұсынғандар мен «AMANAT» партиясының партиялық тізімі бойынша тіркелген кандидаттардың барлық өңірде «Есіктен есікке» акциясын іске қосуы, еңбек ұжымдарының бастамашыл топтарымен кездесулер ұйымдастыруы ерекше болды. «Есіктен есікке» акциясы аясында облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың партиялық тізім бойынша мәслихат депутаттығына кандидаттар үйлерді аралап, тұрғындармен кездесті. Партияның сайлауалды бағдарламасын түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Соның ішінде тұрғындарды депутаттыққа кандидаттармен таныстырып, сайлауда дауыс беруге шақырды. Сонымен қатар, үгіт-насихат кезеңінде партиядан бір мандатты округтер бойынша мәслихат депутаттығына канди-

⁴⁹ Қазақстан билігі партиясынан мәслихатқа кандидаттың «каминг-ауты»: «Менің АҚШ елшілігі арқылы инвестиция тартуға мүмкіндігім бар». [Электрондық ресурс] URL: https://asia24.media/main/kaming-aut-kandidata-v-maslikhat-ot-partii-vlasti-kazakhstana-u-menya-est-vozmozhnosti-privlekat-inv/?PAGEN_2=2

даттар еңбек ұжымдарының бастамашыл топтарымен бірлескен кездесулер өткізді.

«Ақ жол» партиясынан мәслихат депутаттығына кандидаттар да өңірлерде өздерін белсенді көрсетті. Депутаттыққа кандидаттардың Екібастұз қаласының тұрғындарымен ТЖ кезінде кездесуін ерекше атап өткен жөн. Осылайша, партия сайлаушыларға дағдарыс жағдайында өздерінің қамқорлығы мен қолдауын көрсетті. Партияның сайлау науқанының тағы бір ерекшелігі – Алматы қаласында митинг ұйымдастыру болды⁵⁰. Осылайша, партия сайлаушылармен тікелей қарым-қатынас жасауға, оларды партияның сайлауалды бағдарламасының негізгі бағыттарымен таныстыруға, өз жақтастарын жұмылдыруға, БАҚ пен жұртшылықтың назарын аударуға мүмкіндік алды.

«Ауыл» партиясының сайлауалды үгіт-насихат науқаны негізінен ауылдық жерлерде тұратын және шекаралас өңірлердің ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында жұмыс істейтін сайлаушылармен кездесуге бағытталды⁵¹. Осыған байланысты партия үгіт-насихат жұмыстары барысында аудандық мәслихат депутаттығына кандидаттарды белсенді жұмылдырды. Партияның үгіт-насихат жұмыстарының тағы бір қызықты бағыты – Семей қаласының қоғамдық көлігінде кандидаттардың сайлаушылармен кездесуін ұйымдастыруы болды⁵². Қоғамдық көліктегі үгіт-насихат бағытын таңдау – қаладағы осы мәселенің өзектілігіне байланысты. Үгіт-насихат жұмысы аясында кандидаттар қалалық автобустарға отырып, сайлаушыларға сайлау алдындағы бағдарламаның негізгі бағыттары туралы айтып берді. Содан кейін тұрғындардың мәселелері тыңдап, аталған мәселелерді шешу бойынша өз нұсқаларын ұсынды.

Партиялық тізім мен бір мандатты округтер бойынша мәслихат депутаттығына кандидаттар партия ұйымдастырған барлық іс-шараларға қатысты. Атап айтқанда, партия Қазақстан аналар бірлестігімен бірлесіп Астана қаласында республикалық «Ана-

⁵⁰ [Электрондық ресурc] URL: Алматыда «Ақ жол» демократиялық партиясының митингі өтті (akzhol.kz)

⁵¹ Сайлау науқаны кезінде «Ауыл» партиясы 6 мыңнан астам кездесу өткізді. [Электрондық ресурc] URL: <https://kapital.kz/gosudarstvo/113966/vo-vremya-predvybornoy-kampanii-partiya-au-yl-provela-boleye-6-tysyach-vstrech.html>

⁵² «Ауыл» партиясының кандидаттары автобустарда үгіт-насихат жүргізді. [Электрондық ресурc] URL: <https://24.kz/ru/news/policy/item/588200-kandidaty-ot-partii-auyl-proveli-agitatsiyu-v-avtobusakh>

лар құрылтайын» өткізді⁵³. Онда Мәжіліс пен мәслихат депутаттығына кандидаттар қатысушыларды ҚХП-ның сайлауалды бағдарламасымен таныстырды. Сонымен қатар, мәслихат депутаттығына кандидаттар мезгіл-мезгіл YouTube-сұхбатқа қатысты.

«**Байтақ**» партиясы барлық деңгейдегі мәслихат депутаттығына өз кандидаттары үшін ауаның ластану проблемасымен күресетін, қалдықтарды қайта өңдеумен айналысатын және т.б. кәсіпорындардың эко-қорғаушыларымен және еңбек ұжымдарымен бірқатар кездесулер ұйымдастырды. Барлық өңірлерде мәслихат депутаттығына кандидаттардың тікелей қатысуымен «Таза өңір – чистая жизнь» эко-марафонын ұйымдастыруды ерекше атап өткен жөн.

«**Republica**» партиясы Қазақстанның барлық өңірі бойынша үгіт-насихат автобус турын ұйымдастырды. Тур барысында партиядан Мәжіліс және мәслихат депутаттығына кандидаттар жастармен, ғылыми-сараптамалық қоғамдастық өкілдерімен және әр өңірдегі кәсіпорындардың еңбек ұжымымен кездесулер өткізіп, оларды өздерінің сайлауалды платформасымен таныстырды. Мысалы, үгіт-насихат жұмыстары кезінде Павлодар облысында Павлодар қаласының тұрғындарымен ашық форматта кездесу өткізілді. Алдымен сайлаушыларды партияның сайлауалды бағдарламасымен таныстырып, әлеуметтік және экономикалық блокқа баса назар аударып, тұрғындардың пікірін тыңдап, олардың сұрақтарына жауап берді⁵⁴.

ЖСДП барлық деңгейдегі мәслихат сайлауына кандидат ұсынған жоқ, сондықтан бұл деңгейде үгіт жүргізбегенін айта кету керек.

2023 жылғы 19 наурыздағы сайлауға негізгі қатысушылардан басқа, ҚР ОСК да халықты сайлауға қатысуға тарту бойынша жұмыстарын жүзеге асырды. Сайлау науқаны барысында ҚР ОСК барлық өңірде белсенді ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын, өзінің ресми сайтында, сондай-ақ сайлауға қатысты әлеуметтік желілер мен БАҚ-тың ресми аккаунттары арқылы белсенді жұмыстарын жүргізді.

⁵³ Астанада ҚХП «Аналар құрылтайын» ұйымдастырды. [Электрондық ресурс] URL: https://baigenews.kz/kurultay-materey-organizovala-npk-v-astane_147699/

⁵⁴ Republica партиясының өкілдері Павлодар облысына келді. [Электрондық ресурс] URL: <https://www.youtube.com/watch?v=sELBshqileo>

ҚР ОСК ақпараттық жұмысын – ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу, ҚР ОСК қызметін жариялау (отырыстар, сапарлар және т.б.) және оқыту материалдарын трансляциялау деп бөлуге болады.

Осылайша, ҚР ОСК сайлау алдындағы науқанды енгізудің және партиялар мен депутаттыққа кандидаттардың үгіт-насихат жұмыстарын жүзеге асырудың заңнамалық нормалары бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізді. ҚР ОСК отырыстары YouTube арнасында онлайн-режимде көрсетілді. Онда мәслихат депутаттарын сайлауға қатысты ең өзекті жаңалықтар айтылды. Онлайн-режимде әр партиядан партиялық тізімнің сандық көрсеткіштері туралы ақпарат берілді. Бұдан басқа, тікелей эфирде жеребе тастау процесі жүргізілді, онда партиялар сайлау бюллетеньдерінде қай кезек бойынша тұратыны шешілді⁵⁵.

Сайлау күні жақындаған сайын сайлау бюллетеньдері бойынша ақпарат беру жұмыстары жандана түсті. Өткен сайлаудың бір ерекшелігі – сайлаушылар бес бюллетеньде дауыс беруі керек еді. Осыған байланысты бұқаралық ақпарат құралдары мен элеуметтік желілерде сайлау бюллетеньдерін дұрыс толтыруға қатысты бейнероликтер іске қосылды. Барлық өңірлік БАҚ-та жергілікті жерлерде бір мандатты округтер бойынша мәслихат депутаттығына тіркелген кандидаттар туралы өзекті ақпарат жарияланды.



ҚР ОСК. Сайлау бюллетеньдерін дұрыс толтыру бойынша ақпарат



ҚР ОСК: Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен барлық мәслихат депутаттарын сайлауға қатысты ақпарат парағы

⁵⁵ ҚР ОСК отырысы / Заседание ЦИК РК (19.02.2023-14:00), [Электрондық ресурс] // ҚР Орталық сайлау комиссиясы. URL: <https://www.youtube.com/watch?v=CeI75oNnGuE>

2023 жылғы барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарын сайлаудың үгіт-насихат науқанын зерттеу аясында өткен науқандарды бағалау және олардың ерекшеліктерін анықтау мақсатында сараптамалық сауалнама жүргіздік. Сауалнамаға 25 сарапшы қатысты.

Мәселен, облыстар мен республикалық маңызы бар қалалар мәслихат депутаттарын сайлаудың үгіт-насихат науқанын бір мандатты округтер бойынша 10 балдық шкала бойынша бағалай отырып (1 – нашар ұйымдастырылған науқан, ал 10 – жарқын, қызықты және жанданған науқан), сарапшылардың көпшілігі (43,6%, 4-6 бағалау жиынтығы) орташа баға берді. Сарапшылардың үштен бірі (34,8%, 7-10 бағалау жиынтығы) үгіт-насихат өте айқын болғанын атап өтті. Екінші жағынан, ақпарат берушілердің 21,6%-ы (1-3 бағалаулар жиынтығы), керісінше, әлсіз үгіт-насихат науқаны туралы айтты.

Жалпы, облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың мәслихат сайлауында партиялық тізім ұсынған саяси партиялардың үгіт-насихат науқанына қатысты шамамен бірдей баға берілді. Сарапшылардың 39,0%-ы ұйымды, науқанның ашықтығын орташа деп сипаттады. Үштен бірі партиялардың үгіт-насихат жұмыстарын жоғары бағалады. Бұл ретте, төрттен бір бөлігі (26,0%) ұйымдастырудың, науқанның ойын-сауығының төмен деңгейін атап өтті (№6 сурет).



№6 сурет. Сарапшылардың облыстық және республикалық маңызы бар қалалардың мәслихат депутаттарын сайлаудағы үгіт-насихат жұмыстарын 10 балдық шкала бойынша бағалауы

Дереккөз: сараптамалық сауалнама нәтижелері

Сараптамалық сауалнама нәтижесінде облыстық және республикалық маңызы бар қалалардың мәслихаттарына депутаттарды сайлаудың үгіт-насихат науқандарының негізгі ерекшеліктері мен трендтері анықталды.

Үгіт барысына әсер еткен негізгі фактор – азаматтарға өзін-өзі ұсынуға мүмкіндік беретін мажоритарлық жүйенің қайтарылуы. Алайда, олардың көпшілігі сайлаушыларды жұмылдыруда қиындықтарға тап болып, үгіт-насихат жұмыстары әлсіз жүргізілді. Бұл мемлекеттік саясат тәжірибесінің жоқтығына және аймақтық деңгейде саяси технологтардың жетіспеушілігіне байланысты. Сондай-ақ, референдум, президенттік сайлау сияқты жиі қайталанған саяси науқандар халықтың сайлау процесіне қызығушылығының төмендеуіне әкелгенін ескеру қажет.


Сарапшылар бір мандатты үміткерлер ең белсенді үгіт жүргізгенін атап өтті. Бұл үміткерлер әлеуметтік медианы да, облыстық және қалалық газеттер сияқты дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарын да пайдаланды. Дәстүрлі баспа басылымдары аймақтардағы жазылым дәстүрінің арқасында тиімді болып қала берді. Алайда, Астана сияқты республикалық қалаларда кандидаттар бұрынғы қызметі бойынша немесе плакаттар мен парақшалар сияқты үгіт материалдары есебінен белгілі болған жағдайларды қоспағанда, сайлаушылар кандидаттар туралы аса хабардар болмады.

Аймақтарда кандидаттар сайлаушылармен белсенді кездесіп, үгіт-насихат кезеңінде өз округтерін толығымен аралап, брендтік киімдерді қолданды. Алайда, науқанның бір түрі – идеялар мен ұрандарда әртүрліліктің болмауы байқалды. Бұл көптеген өзін-өзі ұсынушылардың тәжірибесіздігін, олардың мәслихат депутатының функционалдығын жеткіліксіз түсінуін атап өтті. Ірі қалаларда үгіт-насихат науқандары көбінесе формальды болып қала берді.

Алматыда түрлі платформаларда мазмұнды пікірталас өткізген науқандар ерекше көзге түсті. Дегенмен, үміткерлер туралы ақпараттың жетіспеушілігі, жарнаманың әлсіздігі және нақты бағдарламасы бар ерекше үміткерлердің болмау проблемалары қалды.

Қалалық және аудандық мәслихаттар депутаттығына кандидаттардың үгіт-насихат кампанияларын бағалай отырып,

сарапшылардың көпшілігі (43,5%, 4-6 бағалау жиынтығы) науқанның ұйымдастырылуы мен қызығушылығына, жарықтығына орташа баға берді. Бұл ретте сарапшылардың 30,5%-ы (7-10 бағалау жиынтығы) аудандық және қалалық мәслихаттар деңгейінде өткен үгітті жоғары бағалады. Төрттен бір бөлігі (26,0%, 1-3 бағалар жиынтығы), керісінше, үгіт-насихат әлсіз және қызықсыз өтті деген пікір білдірді (№7 сурет).



№7 сурет. Сарапшылардың аудандық және қалалық мәслихат депутаттарын сайлаудағы үгіт-насихат жұмыстарын 10 балдық шкала бойынша бағалауы

Дереккөз: сараптамалық сауалнама нәтижелері

Сарапшылар аудандық және қалалық мәслихатқа кандидаттардың үгіт-насихат жұмыстарының бірқатар ерекшелігін атап өтті. Жалпы, көптеген кандидат пен өзін-өзі ұсынушылар белгілі бір дәрежеде сайлау процесі мен бәсекелестікті жандандырғаны анық.

Қалалық және аудандық мәслихаттардағы үгіт-насихат науқандарының ерекшелігі – облыстық мәслихат сайлауына қарағанда азаматтармен тығыз қарым-қатынас жасау болды. Сайлаушылармен кездесулер маңызды рөл атқарды. Дегенмен республикалық БАҚ назарын аударатындай ерекше үгіт-насихат әдістері байқалмады.

Кейбір аймақтарда, әсіресе оңтүстікте, кандидатты қолдауда оның рулық байланысы маңызды фактор болды. Сондай-ақ, үміткерлер құрылыс, ауыл шаруашылығы, энергетика, ТКШ, білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік сала мамандарымен жолықты. Бұл олардың біркелкі өкілдігін қамтамасыз етті.

Жалпы, сарапшылар барлық деңгейде әлеуметтік желілер мен онлайн мессенджерлерді пайдаланғанына қарамастан, үгіт-насихат науқаны бірдей болып қалғанын және шығармашылықпен ерекшеленбегенін атап өтті. Мысалы, Астанада науқан әлеуметтік желілердегі жарияланымдармен, үй чаттарындағы таратылымдармен және үгіт-насихат бағаналарындағы парақшалармен шектелді. Бұл сайлаушылардың айтарлықтай қызығушылығын тудырмады. Сондай-ақ, кандидаттардың белсенділігінің олардың лауазымы мен бөлінген қаржыға тәуелділігі байқалды.

Сарапшылар мәслихат сайлауына байланысты өңірлік деңгейде саяси консалтинг пен саяси PR нарығын жандандыру перспективалары туралы әртүрлі пікірлер айтты. Олардың көпшілігі бұл қызметтерге сұраныс артуы мүмкін екенін атап өтті. Бірақ бұл негізінен ірі қалалар мен облыс орталықтарында болуы мүмкін. Кейбір сарапшылар аймақтық саяси консалтингтік нарық сайлаушыларға жеке көзқарас пен жергілікті бәсекелестік қажеттілігі арқылы дамуға серпін бере алады деп санайды.

Саяси партиялар мен кандидаттардың бәсекелес сайлауға белсенді қатысуы маңызды. Десе де бұл сайлаушылармен жұмыс барысында үлкен шығармашылық пен тиімділікті талап етеді.

Сайлау қорытындыларының заңдылығы көбінесе олардың ашықтығы мен сайлау процесінің ашықтығына байланысты болады. Олар бірнеше сыртқы фактормен қамтамасыз етіледі: БАҚ-та журналистердің сайлау барысын жариялауы; онлайн сайлау учаскелерінен онлайн-трансляцияларды ұйымдастыру; экзит-поллдар өткізу; ҰЕҰ, халықаралық ұйымдар және ел азаматтарының өздері тарапынан сайлауды қоғамдық бақылау.

Сайлауды қоғамдық бақылау – сайлау процесін бақылаудың ең тиімді құралы. Сайлаудың сәттілігі көбінесе сайлауды бақылау институтының қаншалықты тиімді жұмыс істейтініне байланысты. Өйткені байқау – сайлаудың транспарентті және бәсекелестік сипаттағы қасиеттерінің бірі, сондай-ақ азаматтардың саяси процестерге деген сенімін арттыру.



ҚР ОСК отырысы

Сайлауды бақылау – тікелей дауыс беру, сайланатын лауазымға кандидат ретінде қатысудан бөлек, азаматтардың сайлау процесіне қатысу түрлерінің бірі. Азаматтардың мұндай қатысуы қоғамдық-саяси белсенділіктің тағы бір түрі ретінде танылуы мүмкін: оған көптеген азамат қатысады, жақсы ұйымдастырылған, оның мақсаты – қоғам өмірін жақсартуға тырысу.

Байқаушылардың көптігі – демократиялық режимнің маңызды көрсеткіші, өйткені бұл сайлауға, басқа саяси институттарға деген сенімді арттырады және қоғамдағы саяси қақтығыстардың төмендеуіне ықпал етеді. Өйткені, сайлауды бақылау қоғамдағы адалдықты арттырады; бақылаудың арқасында азаматтық қоғам институттары, азаматтардың өзін-өзі ұйымдастыру практикасы дамиды. Қоғамның құқықтық сауаты артады, ал қоғамдық-саяси институттар оң имиджді қалыптастырады.

Бақылау институтының тағы бір маңызды жағы – оның сайлаудағы бұзушылықтар мен бұрмаланулардың алдын алатын бақылау функциясы. Осылайша, бақылау институты ықтимал бұзушылықтардың, шатасулардың, дауыс санаудың қитұрқы сипаты пайда болуына жол бермеуге мүмкіндік алады. Осылайша қоғамда сайлау құқықтарын сақтауға кепіл болады. Саяси ерік-жігер мен халықтың таңдауын сақтауды қамтамасыз етеді. Бақылау демократиялық процеске тікелей қолдау көрсетеді.

Бақылау – халықаралық саладағы өзара іс-қимыл, халықаралық қатынастар мен халықаралық құқық саласындағы оқиға. Өйткені ол халықаралық байқау миссияларына, ҰЕҰ, саяси партиялар, БАҚ және тәуелсіз байқаушылардың қатысуын қамтиды. Олардың мақсаты – сайлау науқанына, дауыс беру күніне, дауыстарды санауға және нәтижелерді жариялауға үшінші тарап, ұлттық емес мониторинг жүргізу, сондай-ақ барлық бұзушылықтарды немесе халықаралық құқықтық нормалар мен әлемдік стандарттарға сәйкессіздіктерді құжаттау.



Халықаралық бақылаушылардың баспасөз конференциясы

Егер байқаушылар міндетін неғұрлым мамандандырылған анықтауға жүгінгіміз келсе, онда 2021 жылы «ЭХО» ҚБ шығарған бақылаушыларға арналған нұсқаулыққа жүгінуге болады. Оған сәйкес бақылаушылар келесі міндеттерді ұстануы керек:

- сайлау кезінде проблемалар мен бұзушылықтарды анықтау және алдын алу;
- сайлау процесінің ашықтығын арттыру, жұртшылық пен БАҚ-қа сайлау барысы туралы есеп беру, сондай-ақ сайлау нәтижелеріне проблемалар мен бұзушылықтардың әсерін бағалау;
- сайлаудың адалдығын бағалау, сайлаудың қаншалықты адал әрі объективті өтті, нәтижелер қоғамның саяси қалауын өтей алды ма;
- заң ережелерін, сайлау заңнамасын өзгерту және түзету бойынша ұсыныстар дайындау.

Сондай-ақ, жоғарыда аталған оқу құралында авторлар бақылаушылардың келесі функцияларын белгілеп береді:

- сайлауды заңдастыру;
- саяси ойыншылар арасында сенім қалыптастыру;
- демократияландыру тенденциясын растау;
- сайлау заңнамасын жетілдіру;
- сайлаудан кейінгі саяси қақтығыстарды азайту.

Сонымен қатар, бақылаушылардың құқығы мен міндеттемелері де бар. Қалыптасқан халықаралық тәжірибеге сәйкес, сайлау күні бақылаушыларға келесі әрекеттерді жүзеге асыруға тыйым салынады:

- сайлау күні кез келген мәлімдеме шығаруға;
- сайлау барысы мен алдын-ала нәтижелерінің қорытындысы ресми жарияланғанға дейін түсініктеме беруге;

Бақылаушыларға арналған нұсқаулық. «ЭХО» ҚБ, 2021 [Электрондық ресурсы] URL: https://echo.kz/images/posobie_nabludatel/posobie_ru.pdf

Қазақстанда байқаушылардың қызметі заң нормаларымен реттеледі. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 20-1-бабына сәйкес саяси партиялардан, сондай-ақ өзге де аккредиттелген қоғамдық бірлестіктерден, коммерциялық емес ұйымдардан жіберілген Қазақстан азаматтары байқаушы бола алады⁵⁷.

2021 жылдан бастап бақылаушылардың қызметін реттейтін 2 жаңалық жүзеге асты.

Біріншіден, байқаушыларды сайлауға жіберуді жоспарлап отырған ұйым Жарғысында сайлауда байқаушы қызметін (жарғылық қызмет) атқаратыны жазылуы керек.

Екіншіден, мұндай ұйымдар (қоғамдық бірлестіктер, коммерциялық емес ұйымдар) сайлауды бақылауға қатысқысы келетінін растап, аккредитациядан өтуі керек. Аккредиттеу процесін ҚР ОСК жүзеге асырады және реттейді⁵⁸.

Аккредитация алу үшін өтініш пен жарғыдан үзінді ұсыну қажет. Өтінішті қарау мерзімі күнтізбелік 30 күн. Мемлекеттік органдар мен ұйымдар сайлау комиссиялары сұратқан сәттен бастап күнтізбелік 20 күн ішінде аккредиттеуден бас тарту немесе күшін жою үшін негіздердің бар-жоғын тексеру үшін қажетті ақпаратты беруге міндетті. ҚР ОСК аккредиттеуге өтініш берген ұйымның қорытындысы бойынша аккредиттеу туралы куәлік немесе аккредиттеуден бас тарту туралы жазбаша хабарлама береді.

Әділет министрлігінде тіркелген республикалық ұйымдарды аккредиттеуді ҚР ОСК жүзеге асыратынын, ал өңірлік Әділет департаменттерінде тіркелген және қатаң белгіленген саладағы жергілікті ұйымдарды аккредиттеуді – АСК («жарғылық қызметіне сайлауды қадағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыру жататын қоғамдық бірлестіктер мен коммерциялық емес ұйымдарды аккредиттеу қағидалары») жүзеге асыратынын нақтылау қажет⁵⁹.

⁵⁷ Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі N 2464 Конституциялық заңы. Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы, 20-1-бап, 1-т.


⁵⁸ Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі N 2464 Конституциялық заңы. Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы, 20-1-бап, 1-1-т.

⁵⁹ Жарғылық қызметіне сайлауды байқау жөніндегі қызметті жүзеге асыру жататын қоғамдық бірлестіктер мен коммерциялық емес ұйымдарды аккредиттеу қағидаларын бекіту туралы - «Әділет» АҚЖ (zan.kz)

Ұйымды аккредиттеу, егер заңда өзгеше белгіленбесе, бір жыл ішінде жарамды және белгіленген талаптар бұзылған немесе тиісті ұйымның қызметі тоқтатылған жағдайда күшін жоя алады.

Қазақстанда байқауды ұйымдастыру – сайлау туралы Заңға және ҚР ОСК белгілеген аккредиттеу қағидаларына сәйкес айқындалады. Бақылаушылар қабылданған құқықтық нормаларға сәйкес әрекет етуге міндетті.

Сонымен қатар, байқаушылардың өкілеттіктері оның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіле отырып, жазбаша нысанда куәландырылуға тиіс. Бұл құжат байқаушыны жіберген ұйымның мөрімен куәландырылып, байқаушының жеке куәлігімен бірге жарамды болады. Құжаттар сайлау комиссиясының төрағасына не оны алмастыратын адамға ол туралы деректерді есепке алу журналына енгізу жолымен байқаушыны тіркеу үшін ұсынылады⁶⁰.



Сайлау учаскесіндегі байқаушылар үшін арнайы орын көрсетілген тақтайша

Байқаушы қызметін куәландыратын құжаттарды алғаннан кейін бақылаушы бүкіл сайлау науқаны кезінде құқықтар мен міндеттерді алады. Сайлау туралы Заңның 20-1-бабының 2-тармағы бақылаушылардың келесі құқықтарға ие болуы мүмкін екенін хабарлайды⁶¹:

⁶⁰ Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы, N 2464 Конституциялық заңы, 20-1-бап, 1-т.

⁶¹ Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі N 2464 Конституциялық заңы. Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы, 20-1-бап, 2-т.

- 1) Сайлау комиссиясының отырысына қатысуға;
- 2) Дауыс беруге, оның ішінде учаскеден тыс жерде дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың саны туралы ақпарат алуға;
- 3) Дауыс беруді өткізу және дауыстарды санау кезінде тиісті сайлау учаскесінің дауыс беруге арналған учаскеде болуға;
- 4) Тасымалданатын сайлау жәшіктерін алып жүруге, оның ішінде оларды тасымалдау кезінде көлік құралында болуға;
- 5) Дауыс беру барысын, дауыстарды санау және дауыс беру нәтижелерін ресімдеу рәсімін сайлау учаскесінде, дауыс беруге арналған пунктте аталған барлық рәсімдерді нақты көру мүмкіндігін қамтамасыз ететін жағдайларда байқауға;
- 6) Тиісті сайлау комиссиясының және (немесе) оның мүшелерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жоғары тұрған сайлау комиссиясына немесе сотқа шағымдануға;
- 7) Сайлаушылардың дауыс беру учаскесіне келуі мүмкін болмаған жағдайда, учаскеден тыс жерде дауыс беруге қатысуға;
- 8) Учаскелік сайлау комиссиясы мүшелерінің пайдаланылмаған сайлау бюллетеньдерін санау және өткізу кезінде қатысуға;
- 9) Дауыс беру барысына және оның қорытындысын шығаруға кедергі келтірмей, фото, аудио және бейнежазбалар жасауға;
- 10) Дауыс беру нәтижелері туралы хаттамаларды жоғары тұрған сайлау комиссияларына беру рәсімін байқауға;
- 11) Дауыс беру өткізілгеннен кейін дауыс беру қорытындылары туралы сайлау комиссиясының хаттамаларымен танысуға, олардың куәландырылған көшірмелерін алуға;
- 12) Сайлау комиссиясы мүшелерінің назарын осы Конституциялық заң талаптарының бұзылуына аударуға, оларға тиісті жазба өтініштерді, бұзушылықтар туралы актілерді тапсыруға және тапсыру туралы белгілер алуға құқылы. Сайлау комиссиясының төрағасы, оны алмастыратын адам сенім білдірілген адамдардың, байқаушылардың өтініші бойынша өздері жасаған актілерді дауыстарды санау хаттамасына қоса беруге міндетті.

Қазақстанда бақылаушының құқықтарынан басқа, бірқатар міндеттемелері бар. Сайлау туралы Заңның 20-1-бабының 2-тармағында байқаушы тұлғалардың мынадай міндеттемелері атап өтіледі⁶²:

⁶² Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі N 2464 Конституциялық заңы. Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы, 20-1-бап, 2-т.

- 1) Өзімен бірге жеке басын және өкілеттіктерін куәландыратын құжаттардың болуы;
- 2) сайлау процесіне, сайлау комиссиясының дауыстарды санау және шешімдерді қабылдау рәсіміне араласпауға;
- 3) сайлау комиссиясының жұмысына кедергі келтіретін іс-әрекеттер жасамауға;
- 4) сайлау учаскесінде сайлау комиссиясы төрағасының тиісті сайлау комиссиясы белгілеген тәртіп ережелерін сақтау жөніндегі талаптарын орындауға;
- 5) өз ескертулерін құжатталған, шынайы және тексеруге болатын фактілермен негіздеуге;
- 6) Қазақстан Республикасының осы Конституциялық заңының және өзге де заңнамасының талаптарын сақтауға;
- 7) алаламауға, нақты кандидатқа, саяси партияға артықшылық бермеуге;
- 8) фото-, аудио- және бейнежазбаны жүзеге асыру және тарту кезінде Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген талаптарды сақтауға міндетті.

Егер байқаушының өзі Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзса, онда тиісті сайлау комиссиясы байқаушыны тіркеуден шығаруға құқылы. Барлық талап етілетін құжаттар ұсынылмаған, жарғылық талаптар бұзылған немесе олардың ұйымының қызметі тоқтатылған жағдайда байқаушыны тіркемеуі мүмкін.

Қазақстанда ұлттық байқаушылардан басқа, халықаралық байқаушылардың қызметі де реттеледі. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 20-2-бабында олардың қызметі жазылады.

Біріншіден, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдарға ҚР-дағы сайлауды байқауға қатысуға шақыруларды ҚР ОСК төрағасы және сыртқы істер министрі ҚР Сыртқы істер министрлігі арқылы жібере алады. Шақыруда миссияның саны мен құрамына, сондай-ақ миссияда гендерлік теңгерімді, елдік өкілдікті қамтамасыз етуге тілектер қамтылуы мүмкін.

Екіншіден, барлық шетелдік бақылаушы Сыртқы істер министрлігінің ұсынысы бойынша ҚР ОСК аккредитациясын алуы тиіс. Ұйымдардың аккредиттелген байқаушыларына ҚР ОСК белгілеген үлгідегі куәлік береді.

Үшіншіден, шетелдік бақылаушылардың, шетелдік БАҚ өкілдерінің өз мәртебесін сайлауды бақылауға қатыссыз қызметті жүзеге асыру үшін пайдалануға құқығы жоқ.

Төртіншіден, шетелдік байқаушылар ҚР заңнамасын немесе жалпыға бірдей танылған халықаралық құқық нормаларын бұзған жағдайда, тиісті сайлау комиссиясы ҚР ОСК-не шет мемлекеттің, халықаралық ұйымның байқаушысын аккредиттеуді кері қайтарып алу туралы ұсыныс енгізуге құқылы.

Сондай-ақ, шет мемлекеттің, халықаралық ұйымның байқаушысын аккредиттеуді тиісті шет мемлекеттің, халықаралық ұйымның өтініші негізінде Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ұсынуы бойынша ҚР ОСК кері қайтарып алуы мүмкін.

2023 жылғы мәслихат сайлауын байқаушылар қызметін талдауға көшсек. Алдымен байқаушылардың жалпы саны және олардың санаттары туралы жиынтық деректер берілуі керек. Сайлау органдарының деректері бойынша барлығы 82 мың бақылаушы аккредиттелді. Оның ішінде сенім білдірілген адамдар да бар. ҰЕҰ мен қоғамдық бірлестіктерден 23383 бақылаушы. Партиялар 19001 бақылаушы жіберді. Сайлауға 153 журналист қатысты. Бұл бақылаушылар саны бойынша рекордтық көрсеткіш. Бұған дейінгі бақылаушылар санынан 24 мыңға жуық адам артық⁶³ (№52 кесте).

№52 кесте. 2023 жылғы сайлауды бақылауға тартылған партиялар мен ұйымдар саны

Ұйымдар	Ел бойынша барлық өкіл
Саяси партиялардан	19 001
Үміткерлердің сенімді өкілдері	38 981
ҚР ОСК-да аккредиттелген қоғамдық бірлестіктер мен коммерциялық емес ұйымдардан	23 383
Шетелдік бақылаушылар,	840

⁶³ Сайлаушылардың келу қорытындылары және Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауында дауыс берудің алдын ала қорытындылары [Электрондық ресурс] // ҚР Орталық сайлау комиссиясы. URL: <https://www.election.gov.kz/rus/news/releases/index.php?ID=8012>

Ұйымдар	Ел бойынша барлық өкіл
халықаралық ұйымдардың бақылаушылары	153
БАҚ	

Дереккөз: АСК ұсынған мәліметтер

Байқаушылардың бөлінуін талдау контекстінде алдымен қалалық аумақты талдау индикативті болады. Төмендегі кестеге негізделген негізгі қорытынды: байқаушылар саны бойынша қалалар контекстінде бақылаушылар саны мен қаланың (халық) мөлшері арасындағы корреляция әрқашан көрінбейді.

Халық саны аз қалалардағы байқаушылардың көп болуы жергілікті азаматтық қоғам (ҰЕҰ) мен партия филиалдарының белсенділігіне байланысты болуы мүмкін. Осылайша, 370 мың тұрғыны бар Павлодар қаласындағы (1164 байқаушы) байқаушылар республикалық маңызы бар миллионнан астам адам өмір сүретін Шымкент қаласына (1021 байқаушы) қарағанда көп болды (№ 53 кесте).

№53 кесте. Қалаларды бақылаушылар саны бойынша бөлу (барлық бақылаушы)

Қала	Бақылаушылар саны
Астана	1 529
Алматы	1 459
Қарағанды	1 413
Ақтөбе	1 259
Павлодар	1 164
Шымкент	1 021
Ақтау	757
Атырау	669
Жаңаөзен	630
Орал	629
Тараз	535

Қала	Бақылаушылар саны
Семей	428
Талдықорған	395
Қостанай	374
Екібастұз	370
Балқаш	316
Кентау	293
Петропавл	263
Өскемен	254
Сатпаев	253
Шахтинск	250
Ақсу	230
Рудный	217
Түркістан	206
Саран	179
Жезқазған	171
Көкшетау	146
Қызылорда	100
Арқалық	97
Текелі	89
Қаражал	76
Риддер	76
Лисаков	64
Қонаев	63
Курчатов	54
Теміртау	37

Қала	Бақылаушылар саны
Степногор	34
Қосшы	22
Приозер	3

Дереккөз: АСК ұсынған мәліметтер

Аудандар бойынша байқаушылардың таралуын талдасақ, Негізінен халық тығыз қоныстанған, ауыл шаруашылығы аудандарда бақылаушылар барынша көп қамтылған. Сондай-ақ ішінара облыс орталығын қоршап тұрған аудандар (Мысалы, Қостанай және Павлодар аудандары) да осындай мүмкіндікке ие (№54 кесте).

№54 кесте. Бақылаумен неғұрлым көп қамтылған аудандар (барлығы)

Өңір	Аудан	Бақылаушылар саны
Қызылорда облысы	Шиелі	480
БҚО	Казталов	450
Ақтөбе облысы	Әйтеке би	411
Қызылорда облысы	Қармақшы	408
Қостанай облысы	Қостанай	402
Түркістан облысы	Сайрам	387
Қызылорда облысы	Арал	385
Жетісу облысы	Кербұлақ	343
Жамбыл облысы	Қордай	343
Түркістан облысы	Ордабасы	321
Маңғыстау облысы	Мұнайлы	319
Жетісу облысы	Панфилов	302
Алматы облысы	Іле	296
Қарағанды облысы	Абай	270

Өңір	Аудан	Бақылаушылар саны
Түркістан облысы	Сарыағаш	267
Қарағанды облысы	Бұқар жырау	264
Қостанай облысы	Ұзынкөл	256
Қарағанды облысы	Қарқаралы	247
Жамбыл облысы	Шу	247
Абай облысы	Үржар	237
СҚО	Айыртау	231
Түркістан облысы	Шардара	222
Павлодар облысы	Павлодар	220
Қызылорда облысы	Жаңақорған	219
ШҚО	Қатон-Қарағай	219
Маңғыстау облысы	Бейнеу	218
Жамбыл облысы	Байзақ	213
Қызылорда облысы	Қазалы	211
Қостанай облысы	Қарасу	205
Қостанай облысы	Қарабалық	201
Түркістан облысы	Төлеби	200
СҚО	Тайынша	200
ШҚО	Ұлан	199
Қостанай облысы	Мендіқара	198
Жетісу облысы	Алакөл	191
СҚО	Есіл	190
Павлодар облысы	Тереңкөл	190

Өңір	Аудан	Бақылаушылар саны
Маңғыстау облысы	Маңғыстау	184
Жамбыл облысы	Т.Рысқұлов	184
Ақтөбе облысы	Хромтау	184
Алматы облысы	Жамбыл	181
БҚО	Ақжайық	181
СҚО	Аққайың	180
Түркістан облысы	Түлкібас	175
Павлодар облысы	Шарбақты	175
Абай облысы	Жарма	167
БҚО	Бәйтерек	166
СҚО	Ғ.Мүсірепов	165
СҚО	Уәлиханов	165
Ақтөбе облысы	Ырғыз	159
Ақтөбе облысы	Мәртөк	156
Қостанай облысы	Б.Майлин	156
Жамбыл облысы	Жуалы	155
СҚО	М.Жұмабаев	154
СҚО	Қызылжар	153
Жамбыл облысы	Жамбыл	152
Жетісу облысы	Ақсу	150
Ақтөбе облысы	Шалқар	150

Дереккөз: АСК ұсынған мәліметтер

Байқаушылармен ең аз қамтылған аудандар негізінен Ақмола, Алматы облыстарының және шеткі, шекара маңы облыстардың аудандары (Батыс Қазақстан облысының 4 ауданы, Шығыс Қазақстан облысының 2 ауданы). Бұл жағдай Ақмола және Алматы облыстарының ірі мегаполистердің айналасында болуына байланысты болуы мүмкін. Осыған байланысты азаматтық қоғам негізінен мегаполистерде шоғырланған болса керек. Өз кезегінде шекара маңы облыстарында (Батыс Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстары) бақылаушылардың аз қамтылуын осы өңірлердің көлік-логистикалық қолжетімділігінің аздығымен түсіндіруге болады (№55 кесте).

№55 кесте. Бақылаумен ең аз қамтылған аудандар

Өңір	Аудан	Байқаушылар саны
Алматы облысы	Райымбек	49
Ақмола облысы	Ерейментау	49
БҚО	Шыңғырлау	48
Ақмола облысы	Жарқайың	48
ШҚО	Самар	44
Ақмола облысы	Шортанды	43
Ақмола облысы	Сандықтау	40
Алматы облысы	Кеген	39
Алматы облысы	Талғар	37
БҚО	Қаратөбе	36
СҚО	Шал ақын	36
БҚО	Жаңақала	34
ШҚО	Тарбағатай	34
Атырау облысы	Қызылқоға	33
Ақмола облысы	Ақкөл	32
Ақмола облысы	Целиноград	30

Өңір	Аудан	Байқаушылар саны
Ақмола облысы	Астрахан	27
Ақмола облысы	Жақсы	24
Алматы облысы	Балқаш	22
Ақмола облысы	Егіндікөл	20
БҚО	Бөкейорда	19
Ақмола облысы	Қорғалжын	17
Алматы облысы	Ұйғыр	14

Дереккөз: АСК ұсынған мәліметтер

Саяси партиялардың сенімді өкілдері мен байқаушылары

Саяси партиялардың сенімгерлер мен бақылаушыларды ұсынуы – партиялардың саяси мүдделерін сақтау және ықпалын арттыруға деген қызығушылығының стандартты тәжірибесі. Сенім білдірілген адамдар мен бақылаушылар – сайлауды бақылау, дауыс беру ережелері мен рәсімдерінің ықтимал бұзушылықтарын табу, дауласу, сондай-ақ өз ұйымдарының құқықтары мен мүдделерін сақтау мақсатында саяси партиялардың атынан қатысады.

Сайлау процестерін бақылауға қатысу – саяси партияларға сайлау жүйесімен, ОСК-мен белсенді байланыста болуға, олардың жетілдірілуіне ықпал етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар сайлау жүйесін жетілдіруге жауапты институттарға кері байланыс береді.

Одан бөлек, сенімді өкілдер мен бақылаушылар партияның саяси стратегиясы мен бағдарламасын түзету үшін ақпарат бере алатын партиялық әлеуметтанушылар ретінде әрекет етеді. Бұл ақпарат партия стратегтері мен сайлау штабтарына сайлау ландшафтын зерттеуге, сайлаушыларға қолдау көрсету деңгейін алуға және келесі сайлау үшін науқан стратегиялары мен тактикасын өзгертуге мүмкіндік береді.

2023 жылғы сайлауда саяси партиялар бақылаудың маңыздылығына көбірек назар аударып, бақылаушыларын сай-

лау учаскелеріне белсенді түрде жіберді. 2023 жылғы сайлауға партиялар барлығы 19001 бақылаушы жіберді. Бұл партиялардың сайлаудың барлық деңгейінде өз мүдделерін қорғауға, соның ішінде шалғайдағы, қол жетпейтін елді мекендерге дейін әр дауыс үшін күресуге деген қызығушылығының оң тенденциясын көрсетеді.

ҚР ОСК өз тарапынан партия бақылаушыларына да назар аударды. ОСК саяси партиялардың, қоғамдық бірлестіктердің және коммерциялық емес ұйымдардың 840 өкіліне дауыс беру күні сайлауды бақылаудың құқықтық негіздері бойынша онлайн-семинар түрінде оқыту өткізді⁶⁴.

Төмендегі кестеге сүйене отырып, байқаушылардың саяси партиялар бойынша аймақтық таралуы қандай да бір жалпы сипаттамалармен ерекшеленбейді. Республикалық маңызы бар қалалардағы байқаушылар саны бойынша Алматы (1600), Шымкент (489), Астана (356) арасындағы айтарлықтай айырмашылықты атап өткен жөн. (№56 кесте)

56 кесте. Саяси партиялардың байқаушылары бойынша аймақтық көрсеткіш

Өңір	Саяси партиялардың бақылаушылары
Қарағанды облысы	1 792
Қостанай облысы	1 679
Алматы қ.	1 600
Түркістан облысы	1 518
Павлодар облысы	1 231
Жамбыл облысы	1 167
Ақмола облысы	1 091
БҚО	1 033
Алматы облысы	997
Атырау облысы	951
СҚО	895
Жетісу облысы	880

⁶⁴ Сайлау алдындағы үгітті аяқтау және сайлау учаскелерінің дайындығы бойынша ОСК отырысының баспасөз релизі [Электрондық ресурс]// ҚР Орталық сайлау комиссиясы. URL: <https://www.election.gov.kz/rus/news/releases/index.php?ID=8844>

Өңір	Саяси партиялардың бақылаушылары
ШҚО	721
Ақтөбе облысы	701
Қызылорда облысы	652
Абай облысы	617
Шымкент қ.	489
Астана қ.	356
Маңғыстау облысы	320
Ұлытау облысы	311

Дереккөз: АСК ұсынған мәліметтер

57-кестеден көріп отырғанымыздай, ең белсенді мониторингтік миссияны бүкіл ел аумағы бойынша дамыған ұйымдық әлеуеті бар, негізінен тәжірибелі «AMANAT», «Ауыл», «Ақ жол» және ҚХП парламенттік партиялары белсенді жүргізді. «Respublica», «Байтақ» партияларының белсенділігі төмен. Бақылаушылар ең аз партия – ЖСДП. Бұл партияның бұрынғы сайлауға ішінара бойкот жариялап, елемеуіне байланысты болса керек. Дегенмен бұл жағдай олардың жақтастарының санына әсер етуі мүмкін.

Қарағанды облысын партиялар арасында ең танымал облыс ретінде атап өткен жөн. Онда («AMANAT»-тан басқа) партиялардың әрқайсысында байқаушылар саны көп болды.

57 кесте. Партиялық бақылаушылардың аймақтық бөлінісі

Өңір	AMANAT	Ауыл	Ақ жол	ҚХП	ЖСДП	Байтақ	Respublica
Абай облысы	523	6	51	45	2	0	25
Ақтөбе облысы	465	94	50	34	9	43	6
ШҚО	686	70	55	138	0	0	0
Жамбыл облысы	668	125	92	122	6	105	49
Жетісу облысы	459	104	75	191	14	0	37

Өңір	АМАНАТ	Ауыл	Ақ жол	ҚХП	ЖСДП	Байтақ	Respublica
БҚО	504	165	156	105	14	22	67
Қарағанды облысы	499	347	62	147	281	263	193
Қостанай облысы	1108	258	103	114	9	8	79
Қызылорда облысы	419	69	18	15	13	65	53
Маңғыстау облысы	85	24	26	104	6	47	28
Павлодар облысы	728	135	153	93	19	1	102
СҚО	691	115	3	62	7	7	10
Түркістан облысы	917	169	144	49	11	100	27
Ұлытау облысы	130	95	28	8	0	9	41
Астана қ.	209	32	17	62	12	19	5
Шымкент қ.	100	71	58	143	4	68	45
Барлығы	8191	1879	1091	1432	407	757	767

Дереккөз: АСК ұсынған мәліметтер

Ескерту: Алматы қаласы, Алматы, Ақмола, Атырау облыстары бойынша деректер ұсынылмаған

Қоғамдық бірлестіктер және коммерциялық емес ұйымдар

Қазақстанда түрлі ұйымдар ұсынған сайлауды бақылаушылардың елеулі жүйесі қалыптасты. Республикалық және жергілікті деңгейде сайлауға байқаушы жіберу үшін ҚР ОСК аккредиттелген 147 ұйым жұмыс істейді⁶⁵.

Олардың қатарында ірі республикалық ұйымдар бар, бірақ сонымен бірге байқауға өңірлік қоғамдық бірлестіктер де қа-

⁶⁵ Жарғылық қызметіне сайлауды қадағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыру кіретін аккредиттелген ҚБ және ҰЕҰ тізімі [https://www.election.gov.kz/upload/docs/2023/02/%D0%A0%D0%B5%D0%B5%D1%81%D1%82%D1%80/%D0%A0%D0%95%D0%95%D0%A1%D0%A2%D0%A0%20%D0%B0%D0%BA%D0%BA%D1%80%D0%B5%D0%B4%D0%B8%D1%82.%20%D0%9E%D0%9E%20%D0%B8%20%D0%9D%D0%9A%D0%9E%20%D0%BF%D0%BE%20%D0%BD%D0%B0%D0%B1%D0%BB%D1%8E%D0%B4.%20%D0%B7%D0%B0%20%D0%B2%D1%8B%D0%B1.%20\(RU\)-05.07.24%D0%B3.xlsx](https://www.election.gov.kz/upload/docs/2023/02/%D0%A0%D0%B5%D0%B5%D1%81%D1%82%D1%80/%D0%A0%D0%95%D0%95%D0%A1%D0%A2%D0%A0%20%D0%B0%D0%BA%D0%BA%D1%80%D0%B5%D0%B4%D0%B8%D1%82.%20%D0%9E%D0%9E%20%D0%B8%20%D0%9D%D0%9A%D0%9E%20%D0%BF%D0%BE%20%D0%BD%D0%B0%D0%B1%D0%BB%D1%8E%D0%B4.%20%D0%B7%D0%B0%20%D0%B2%D1%8B%D0%B1.%20(RU)-05.07.24%D0%B3.xlsx)

тысқанын айта кету керек. Мысалы, «Ақмола облысының Азаматтық альянсы» ЗТБ, «Қуат» мүгедектер ҚБ (Алматы облысы), «Жастар таңдауы» ҚБ (Ақтөбе облысы), «Жетісу тәуелсіз бақылаушылар» ҚБ, «Доброе сердце Lider.kz» ҚҚ (Ақмола облысы) және т. б.

ҮЕҰ ұсынған тәуелсіз байқаушылар саны партиялық байқаушылар санынан асып түсті (ҮЕҰ 23 383, партиялар 19 001 бақылаушы). Аймақтық бөлініске сүйене отырып, ҮЕҰ бақылаушылары партиялық бақылаушыларға қарағанда аймақтарда біршама кеңірек ұсынылғанын көруге болады. Бұл ретте 7 өңірде ҮЕҰ-дан 1 мыңға жуық бақылаушы, 13 өңірде ҮЕҰ-дан 1 мыңнан астам бақылаушы болды (№58 кесте).

№58 кесте. ҮЕҰ бақылаушылар саны бойынша өңірлік бөлініс

Өңір	Бақылаушылар саны
Ақтөбе облысы	2328
Қызылорда облысы	2009
Павлодар облысы	1810
Түркістан облысы	1692
Алматы қ.	1459
Қарағанды облысы	1430
Қостанай облысы	1403
СҚО	1173
Астана қ.	1173
Атырау облысы	1150
БҚО	1099
Ақмола облысы	1096
Алматы облысы	1050
Жамбыл облысы	962
ШҚО	748
Маңғыстау облысы	731

Өңір	Бақылаушылар саны
Жетісу облысы	647
Шымкент қ.	532
Абай облысы	521
Ұлытау облысы	370

Дереккөз: АСК ұсынған мәліметтер

Байқаушылар саны бойынша ең белсенді ҮЕҰ мыналар: «Дауыс» қоғамдық байқаушылар коалициясы» РҚБ, «Жастар үні» РҚБ, Қазақстанның Азаматтық Альянсы, «Мұқалмас» РҚБ, «Ел дауысы» ҚҚ, «НАҚ» ҚҚҚ, «Еркіндік қанаты» ҚҚ, «Қазақстанның жастар ақпараттық қызметі» ҚҚ (№59 кесте).

№59. Байқаушылар саны бойынша ең белсенді жалпы республикалық ҮЕҰ

ҮЕҰ	Ел бойынша
«Дауыс» қоғамдық байқаушылар коалициясы» РҚБ	7 582
«Жастар үні» РҚБ	1 310
Қазақстанның Азаматтық Альянсы	1 007
«Мұқалмас» РҚБ	868
«Ел дауысы» ҚҚ	588
«НАҚ» ҚҚҚ	483
«Еркіндік қанаты» ҚҚ	116
«Қазақстанның жастар ақпараттық қызметі» ҚҚ	51

Дереккөз: АСК ұсынған мәліметтер

ҮЕҰ байқаушыларымен неғұрлым көп қамтылған облыстар бөлінісіне сүйене отырып, Алматы қаласына қарай аздап бейімделу байқалады (бұл қаланы үш ҮЕҰ бақылауға алды), бірақ тұтастай алғанда, қандай болмасын белгілі бір облысқа артықшылық беру бойынша ешқандай үрдіс байқалмайды (№60 кесте).

№60 кесте. Облыстардағы ең белсенді жалпы республикалық ҮЕҰ

«Дауыс» қоғамдық байқаушылар коалициясы» РҚБ	«Жастар үні» РҚБ	Қазақстанның Азаматтық Альянсы	«Мұқалмас» РҚБ	«Ел дауысы» ҚҚ
СҚО - 1101	Алматы - 314	Жетісу облысы - 418	Алматы облысы - 224	БҚО - 95
Қостанай облысы - 1052	Астана - 198	БҚО - 326	Ақтөбе облысы - 151	Алматы - 69
Ақмола облысы - 982	Шымкент - 131	Маңғыстау облысы - 151	Қарағанды облысы - 129	Шымкент - 68
Түркістан облысы - 706	Ақтөбе облысы - 110	Атырау облысы - 112	Астана - 82	Атырау облысы - 68
Алматы облысы - 500	Павлодар облысы - 85		Алматы - 69	Қарағанды облысы - 33

Дереккөз: АСК ұсынған мәліметтер

Ең белсенді жергілікті ҮЕҰ – Павлодар (4 ҮЕҰ), Ақтөбе (4 ҮЕҰ) облыстарында, сондай-ақ Жамбыл және Қызылорда облыстарында анықталды (№61 кесте).

№61 кесте. Ең белсенді жергілікті ҮЕҰ

ҮЕҰ	Бақылаушылар саны	Өңір
«NAMYS -PVL» ҚБ	496	Павлодар область

ҮЕҰ	Бақылаушылар саны	Өңір
«KAISAR – KZ» ҚБ	492	Павлодар область
«Павлодар қаласының Ауған соғысы және жергілікті соғыстар ардагерлері мен мүгедектері» ҚҚ	425	Павлодар область
«СЕНИМ-ТИРЕК» ҚБ	416	Ақтөбе облысы
«Ақтөбе облысының үкіметтік емес ұйымдарының ассоциациясы» ЗТБ	401	Ақтөбе облысы
«Жастар-зерттеу» ЖҚБ	401	Жамбыл область
«Ақтөбе облысының кәсіподақ орталығы» ӨБ	398	Ақтөбе облысы
«Ақтөбе облысының медиаторлар кеңесі» ҚБ	395	Ақтөбе облысы
«Сыр болашағы» жас мемлекеттік қызметшілер клубы» ЖҚБ	302	Қызылорда облысы
«Самұрық» инновациялық идеяларды дамыту орталығы» ҚҚ	296	Қызылорда облысы
«Әлеуметтік қолдау» ҚҚ	257	Павлодар облысы

Дереккөз: АСК ұсынған мәліметтер

Аудандар бөлінісінде (қалаларды есептемегенде) бір ұйымнан, оның ішінде партиялар жіберген байқаушылар саны бойын-

ша жалпы республикалық ҰЕҰ партиялар тағайындаған байқаушылар санынан кем түспегенін атап өтуге болады.

Мысалы, Казталов ауданында байқаушылардың ең көбін «AMANAT» партиясы жұмылдырды. Ал саны бойынша екінші көрсеткіш «Дауыс» қоғамдық байқаушылар коалициясына тиесілі. Олар Ордабасы ауданына 102 байқаушы жіберген (№62 кесте).

№62 кесте. Партиялар мен ҰЕҰ қай аудандарда белсенді болды

Облыстар	Аудандар	Ұйым	Байқаушылар саны
БҚО	Казталов	«AMANAT» партиясы	144
Түркістан	Ордабасы	«Дауыс» қоғамдық байқаушылар коалициясы» РҚБ	102
Түркістан	Сарыағаш	«Дауыс» қоғамдық байқаушылар коалициясы» РҚБ	96
Ақтөбе	Әйтеке би	«AMANAT» партиясы	93
Қостанай	Меңдіқара	«Дауыс» қоғамдық байқаушылар коалициясы» РҚБ	88
Түркістан	Сайрам	«Дауыс» қоғамдық байқаушылар коалициясы» РҚБ	85
Қостанай	Ұзынкөл	«Дауыс» қоғамдық байқаушылар коалициясы» РҚБ	82
Қостанай	Қостанай	«Дауыс» қоғамдық байқаушылар коалициясы» РҚБ	80

БҚО	Казталов	«Ел дауысы» КҚ	63
Қостанай	Қостанай	«АМАНАТ» партиясы	63
БҚО	Казталов	Қазақстанның Азаматтық Альянсы	48
Ақтөбе	Әйтеке би	«Дауыс» қоғамдық байқаушылар коалициясы» РҚБ	31
Ақтөбе	Әйтеке би	«Мұқалмас» РҚБ	31

Дереккөз: АСК ұсынған мәліметтер


Халықаралық бақылау

Халықаралық байқаушылар – халықаралық құқық пен тәжірибеге сәйкес сайлауды халықаралық құқық пен тәжірибеге сай деп мойындау үшін маңызды. Сондықтан сайлауды ұлттық байқаушылардан басқа халықаралық байқаушылар да қадағалады.

Соңғы сайлау циклдарының трендтері көрсеткендей, халықаралық бақылаушылардың қатысуы да артып келеді. 2023 жылғы сайлауда дауыс беру күні Қазақстан бойынша сайлау учаскелерінде 41 шет мемлекеттен және 12 халықаралық ұйымнан 793 бақылаушы жұмыс істеді. 2021 жылғы мәслихат депутаттарын қоса сайлаған парламенттік сайлауда 31 шет мемлекеттен және 10 халықаралық ұйымнан 398 байқаушы болды⁶⁶. Ал 2022 жылғы президенттік сайлауға 641 халықаралық байқаушы келді⁶⁷ (№9 сурет).

⁶⁶ Қазақстанда Парламенттің төменгі палатасы мен жергілікті өкілді органдарға сайлау өтеді. [Электрондық ресурc] URL: <https://tass.ru/mezhdunarodnaya-panorama/10426329>

⁶⁷ Сайлаушылардың келу қорытындылары және Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауында дауыс берудің алдын ала қорытындылары [Электрондық ресурc]// ҚР Орталық сайлау комиссиясы. URL: <https://www.election.gov.kz/rus/news/releases/index.php?ID=8012>



№9 сурет. Шетелдік бақылаушылар санының динамикасы, 2021-2023 жж

Дереккөз: ҚР ОСК ұсынған деректер

Халықаралық байқаушылардың қатысуының өсуі – Қазақстанда өткен саяси реформаларға, оның ішінде сайлау жаңалықтарына (бір мандатты округтер, партиялардың Мәжіліске өту шегінің төмендеуі және т.б.) қызығушылықты көрсетеді.

Тарау қорытындысында елімізде байқаушылардың Қазақстанның демократиялық дамуын қолдаудың маңызды элементі ретінде сайлауға қатысуына аса мән берілетінін атап өтуге болады. Мұны сайлаудағы бақылаушылар санының тұрақты өсуі көрсетеді. Мәселен, 2023 жылғы сайлауға 81 мың бақылаушы қатысты, бұл алдыңғы көрсеткіштерден 24 мың адамға артық. Осылайша, сайлаудағы бақылаушылар санының артуы азаматтардың сайлауға бақылаушы ретінде қатысуы үшін қолайлы жағдайлар жасалғанын көрсетеді.

Бақылау институтына қойылатын жаңа талаптарға сүйене отырып, бұл процеске дайындықтың өзіндік ерекшеліктері мен кезеңдері бар, мұнда алғашқы қадамдар маңызды, атап

айтқанда ұйымдарды аккредиттеу. Сондықтан ҰЕҰ және басқа да қоғамдық бірлестіктер құжаттарды уақтылы дайындап, ОСК немесе АСК аккредиттеу рәсімінен өтуі тиіс.



Сайлау учаскесіндегі бюллетеньдерді санау

Бақылаушылар қозғалысы – дамып келе жатқан азаматтық қоғамның көріністерінің бірі. Бұл ретте өңірлік бақылаушылардың біркелкі емес өкілдігі байқалады, бұл да әртүрлі аймақтардағы азаматтық сектордың даму дәрежесін көрсетуі мүмкін. Осылайша, байқау қарқындылығы қалалар бөлінісінде көрсетілген жалпы халық санына қарағанда көбінесе жергілікті азаматтық қоғамның (ҰЕҰ) және партия филиалдарының белсенділігіне байланысты. Яғни, Қазақстандағы бақылау институты әртүрлі өңірде әртүрлі қарқынмен, әртүрлі ауқымда біртіндеп дамып келеді.

Сондықтан саяси партияларға, қоғамдық бірлестіктерге және коммерциялық емес ұйымдарға әртүрлі аймақтардағы бақылаушылар санын көбейту мүмкіндігін қарастырған жөн.

Осыған байланысты байқау институтының рөлін күшейту үшін мемлекеттік органдар, партиялар мен ҮЕҰ бірлесіп байқаудың ауқымын ұлғайтуға, оны қамтуға әзірлікті күшейтуі қажет. Сондай-ақ, халықаралық бақылаушылардың сайлау процесін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарын ескеру қажет.

III ТАРАУ. АЙМАҚТЫҚ САЙЛАУДЫҢ САНДЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ: ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ

Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы, олардың қоғам мен мемлекет дамуының әлеуметтік, экономикалық процестеріне етене араласуы – шешім қабылдаудың саяси саласына цифрлық технологиялар мен шешімдердің енгізілуіне себеп болады. Қоғамның саяси өмірінің маңызды аспектілерінің бірі – сайлау. Мемлекет пен қоғамның даму траекториясын алдын ала анықтайтын, халықтың азаматтық қатысу белсенділігін ұлғайтатын – сайлау процесі.

Электрондық, цифрлық технологиялар халықтың сайлауға қатысуын арттыруға ықпал етіп, сайлау процесін жеңілдетеді, сайлауды ұйымдастыруды, дауыс беруді және дауыс санауды транспарентті етеді. Сайлауға, оның нәтижелеріне сенім деңгейін арттыруға ықпал етеді деп саналады.

Бірте-бірте әлем елдері белгілі бір дәрежеде сайлау процесін ұйымдастыру саласындағы цифрлық шешімдерге жүгінеді. Мәселен, Халықаралық Демократия және сайлау өткізуге көмек институтының (International IDEA) деректеріне сәйкес, бүгінгі таңда әлемнің 174 елінің 36-сы әртүрлі деңгейде және әртүрлі дәрежеде электрондық дауыс беру рәсімін пайдаланады; 109 елде сайлаудың ресми нәтижелері электрондық қорытындылау жүйесімен өңделеді⁶⁸.

Цифрлық технологиялар тек сайлау процесін ұйымдастыру саласында ғана емес, сонымен қатар үгіт-насихат, сайлаушылар дауысы үшін күрес мәселелерінде партиялар мен кандидаттардың цифрлық және ақпараттық әдістерінде белсенді қолданылатынын айта кету керек. Жасанды интеллекттің әртүрлі жүйелерінің пайда болуы оны сайлау процесінде қолдану этикасы мәселесі өткір әрі қазіргі саяси күн тәртібіндегі пікірталас тақырыптарының бірі. Бұл билікті белгілі бір шектеу шараларын қабылдауға мәжбүр етеді.

Сайлау процесін цифрландыру туралы айтатын болсақ, ұлттық сайлауды қамтитын бастамалар, жалпыұлттық сипаттағы

⁶⁸ The International Institute for Democracy and Electoral Assistance (International IDEA). Database. [электронный ресурс] URL: <https://www.idea.int/data-tools/data/icts-elections-database>

шешімдер жиі айтылады. Ал жергілікті сайлауға көңіл аз бөлінеді. Бұл тарау сайлау процесін ұйымдастыру мәселесінде де, сайлау алдындағы үгіт-насихатта цифрлық, ақпараттық технологияларды қолдану мәселесінде де жергілікті сайлау жүйесіне цифрлық технологияларды енгізудің халықаралық тәжірибесін зерделеуге арналған.

Тұтастай алғанда, жергілікті деңгейде цифрлық сайланбалы технологияларды енгізудің бірнеше бағытын бөліп көрсетуге болады. Олар әртүрлі интервенциялардың ауқымы мен мақсаттарын қамтиды.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, жергілікті сайлауда цифрлық технологияларды енгізу жоғарыдан төменге қарай жүреді. Әдетте, бұл технологиялар жалпыұлттық деңгейде енгізіледі, олар бірыңғай сайлау жүйесіне байланысты жергілікті деңгейде қолданылады.

Мысалы, **Эстония** бүгінде сайлаудың әр кезеңі автоматтандырылған сайлау процесін цифрландыру бойынша әлемдік көшбасшылардың бірі болып саналады. Елде сайлауды ұйымдастыру процесін цифрландыратын e-Election System жүйесі жұмыс істейді.

Жүйе сайлау басталғаннан бастап, дауыс санауға және архив үшін есеп беруге дейін қолданылады. Бұл жүйе Парламентке, жергілікті билік органдарына және Еуропалық парламентке сайлау өткізу кезінде қолданылады. Оны қолдану сайлауды әлдеқайда үнемді етеді, сонымен қатар есеп беру жылдамдығын арттырады. Жүйе әртүрлі сайлау деректерін шоғырландырып, оларды нақты уақыт режимінде мүдделі тараптарға – бұқаралық ақпарат құралдарына, азаматтарға, кандидаттарға, партияларға және т. б. портал арқылы жолдайды.

Электрондық дауыс беру Эстонияда 2005 жылдан бастап қол жетімді. Ол eID арқылы сайлаушылардың қатаң аутентификациясымен өтеді. Азаматтардың үйде әртүрлі гаджеттерден дауыс беру мүмкіндігі бар. Содан бері жергілікті өзін-өзі басқару органдарына 5, парламенттік 5 сайлау өтті.

Электрондық дауыс беру нақты уақыт режимінде сарапшылар мен белсенділерге дауыс беру барысын үнемі бақылауға мүмкіндік береді. Өйткені дауыс беру бағдарламасының бастапқы коды көпшілікке қол жетімді. Сонымен қатар, дауыс беру-

ден кейін 30 минут ішінде әрбір сайлаушы смарт құрылғының көмегімен берген дауысының электронды дауыс беру жәшігіне дұрыс түскенін тексере алады⁶⁹.

Memberships | Sitting | Legislations | Citizen's Initiatives

Municipalities

- Harju county
 - Ensti Linade ja Valdade Liit
 - Crastine Perekoolast
 - Harju vald
 - Jõelähtme vald
 - Kaia linn
 - Kõli vald
 - Lääne-Harju vald
 - Nõuani Ensti OU
 - Rae vald
 - Saku vald
 - Saue vald
 - Virmo vald
- Ida-Viru county
 - Alajõe vald
 - Õru vald
 - Kohila-Järve linn
 - Lüganuse vald
- Jõgeva county
 - Muivee vald
- Lääne county
 - Kuusalu linn
- Lääne-Viru county
 - Rakvere linn
 - Rakvere vald
 - Tapa vald
- Põlva county
 - Põlva vald
- Pärnu county
 - Pärnu linn
 - Saarde vald

Introduction to VOLIS

Welcome to VOLIS!

VOLIS (System for Local Democratic Procedures) was created for: - to change decision making of the local authorities faster, simpler and also cheaper; using software solution for that; - to share all information regarding of the local decision-making with the public and also encouraging people to participate in these processes. VOLIS creates operating environments for the members of councils and local governments and shows the public what is happening at the sessions along with the agenda, voting results and automatically writing protocol through the internet.

Information system key features:

- Paperless document management and processing
- Different possibilities for participation in meetings including virtual participation
- E-writing ID card
- Automatic self-writing session protocol
- Session Webcast and recordings archive
- Participatory Democracy – including possibility to do paperless all participatory budgeting processes and use polls where secure voting by e population is provided

VOLIS developments are coordinated by the Estonian Association of Municipalities.

Original version of VOLIS was financed from the EU funds, from the European Regional Development Foundation. VOLIS is a freemare-based and license-free!

Сонымен бірге, Эстонияда жергілікті деңгейде VOLIS жүйесі жұмыс істейді. Бұл жергілікті өзін-өзі басқару органдарына арналған ақпараттық жүйе. Ол онлайн кездесулер мен отырыстар өткізуге, сондай-ақ муниципалитет тұрғындары арасында дауыс беруге мүмкіндік береді.

Бұл жүйе сандық аутентификация арқылы дауыс беру және маңызды мәселелерді талқылау мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар Кеңес отырыстарына виртуалды түрде қатысуға толық құқық береді, соның ішінде дауыс беруге мүмкіндік бар.

Тұрғындар референдум/дауыс беру туралы ұсыныстарды тікелей жүйе арқылы бере алады. Жеке құрылғымен немесе сайлау учаскесіне барып та дауыс бере алады. Сондай-ақ, қағазда берілген дауысты түпкілікті нәтижелерді есепке алу үшін жүйеге енгізу мүмкіндігі қарастырылған.

⁶⁹ How did Estonia carry out the world's first mostly online national elections [электронный ресурс] URL: <https://e-estonia.com/how-did-estonia-carry-out-the-worlds-first-mostly-online-national-elections/>


VOLIS көмегімен электронды және виртуалды отырыстар мен жиналыстар өткізуге болады. Жүйе сессияларды автоматты түрде жазады. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша жобалар мен материалдарды өңдейді, сонымен қатар бейнені көпшілікке таратуды қамтамасыз етеді⁷⁰.

Норвегияда дауыс берудің барлық деңгейі үшін ортақ elektronisk valgadministrasjonssystem жүйесі – Eva сайлауды басқару жүйесі қабылданды.

Бұл жүйені сайлау өткізу үшін округтер, муниципалитеттер, Саами Парламенті және Ұлттық сайлау комитеті пайдаланады. Бүгінгі күні EVA-ны барлық муниципалитеттер сайлауға дайындық кезінде, дауыс беру және нәтижелерді беру кезінде қолданады.

Оны пайдалану тегін, бірақ муниципалитеттер жабдыққа, сканерлерге, лицензияларға және адам ресурстарына байланысты шығынды жабуы керек.

EVA сайлау процесінің бірнеше кезеңін қамтиды. Кандидаттарды тіркеуден, сайлаушылар тізімін электронды түрде белгілеуден, бюллетеньдерді сканерлеуден және сайлау нәтижелерін өңдеуден басталады. Жүйе үш компоненттен тұрады: Eva Admin, EVA Scanning және EVA Results⁷¹:



⁷⁰ VOLIS (System for Local Democracy Procedures). [Электронный ресурс] URL: <https://www.volis.ee/gvolis/web.options?lang=en&kid=339519>

⁷¹ EVA – the electronic election administration system. [Электронный ресурс] URL: <https://www.valg.no/en/elections2/conduct-of-elections/eva--the-electronic-election-administration-system/>

Сонымен бірге мемлекет жүйенің қауіпсіздігі мәселесіне өте мұқият қарайды. ҰСК жүйеге әр муниципалитетте, округте тек екі адамға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Муниципалитеттер, округтер өздері сайлау процесін қамтамасыз ететін қызметкерлеріне одан әрі қол жетімділікті қамтамасыз етуге жауапты. Қол жетімділік өкілеттіктерге байланысты шектеледі.

Сонымен қатар, Норвегияның ұлттық қауіпсіздік басқармасы жүйеге кіру қауіпсіздігін тексереді. Басқарма трафикті мониторингтеу және тіркеу, тіркелген іс-қимылдарға мониторинг, есептік деректерге қол жеткізе алатын және кері қайтарып алатын, сондай-ақ қорғалған есептік деректері бар ID порталы арқылы өтетін тұлғаларды бақылау арқылы жүйенің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Жүйенің құжаттамасы мен оның бастапқы коды онлайн режимінде жалпыға қол жетімді. Ал мәліметтер базасы жалпыға қол жетімді емес. Құжаттамада барлық мәлімет жоқ, бірақ тұжырымдаманы көрсетеді. Сайлау процесі туралы толығырақ ақпаратты ресми сайлау порталынан табуға болады.

Кейбір елдер аймақтық, муниципалдық сайлауды электронды дауыс беру, сайлау процесін ұйымдастырудың әртүрлі электронды құралдарын сынау алаңы ретінде пайдаланады.

Ресейде дауыс берудің әртүрлі формалары, соның ішінде қашықтықтан электронды дауыс беру біртіндеп жүзеге асырылып келеді. Сайлау учаскелері де жаңғыртылып, дауысты электронды түрде де, дәстүрлі түрде де – бюллетень арқылы беруге мүмкіндік қарастырылған.

Мәселен, 2023 жылы Мәскеу мэрін сайлауда кез келген қала тұрғынына кез келген сайлау учаскесінде дауыс беруге мүмкіндік беретін электрондық дауыс беру жүйесі жұмыс істеді. Электрондық дауыс беруді енгізудің негізгі қауіптердің бірі – сайлаушылардың жеке деректерінің жарияланып кету мүмкіндігі және ерік білдірудің анонимділігі қағидатын сақтамау болғандықтан, осы сайлау барысында дауыс беру құпиясын қамтамасыз етудің жаңа бағдарламасы – анонимизатор пайдаланылып, сыналды. Анонимизатор дауыс берушілердің жеке деректерін қорғауды қамтамасыз етіп, дауыс беру құпиясын сақтау, дерек-


тердің бұрмалануын болдырмау үшін бірнеше шифрлау әдістерін қолданады.

Жалпы, электронды дауыс беру жүйесі блокчейн технологиясына негізделген. Бұл бірыңғай орталықтан жүзеге асырылатын ақпараттық жүйелердің осалдығын жеңу үшін жасалды. Блокчейн – белгілі бір ережелерге сәйкес құрылған ақпараттық блоктардың (транзакциялардың) үздіксіз тізбегі. Олардың арасындағы байланыс, тұтастай алғанда, тізбектің қауіпсіздігі криптографиялық әдістермен қамтамасыз етіледі⁷².

2023 жылғы Мәскеу мэрі сайлауының қорытындысы бойынша қашықтан электронды дауыс беру арқылы 2,7 миллионнан астам сайлаушы дауыс берген.

Қырғызстанда 2023 жылы 14 айыл Кенеш депутаттарын сайлау өтті. Сол сайлауларда пилоттық режимде электрондық дауыс беру қолданылды. Электрондық дауыс беру алгоритмі келесідей:

Жергілікті Кенеш депутаттарын сайлауда электрондық дауыс беруге ниет білдірген сайлаушы дауыс беру күніне дейін күнтізбелік 15 күннен кешіктірмей өзінің ниеті туралы өтініш жасауы тиіс.



72

Мәскеу қалалық Думасын электронды сайлау. [Электрондық ресурc] URL: <https://web.archive.org/web/20191219014641/https://www.mos.ru/city/projects/blockchain-vybory/>

Бұны сайлау комиссиясы арқылы немесе тиісті авторизациясы бар мемлекеттік порталдағы «сайлаушылар кабинеті» сервисі арқылы жасауға болады. Осыдан кейін сайлау учаскесінде дауыс беру туралы өтініш қабылданбайды.

Электрондық өтініштерді Қырғызстан ОСК жүйелік әкімшісі тиісті АСК-те өңдейді. Дауыс беру сайлау күні жергілікті уақыт бойынша 8:00-ден 20:00-ге дейін жүргізіледі. Электрондық дауыс беру үшін сайлаушы мобильді құрылғыда арнайы қосымшаны пайдалануы немесе дербес компьютер арқылы Қырғызстан ОСК электрондық порталына кіруі тиіс.

Сайлаушы «Liveness» технологиясы бойынша тұлғаның геометриясын қоса алғанда, дербес және биометриялық деректер бойынша авторизациялау және/немесе сәйкестендіру рәсімінен өтеді. Сәтті сәйкестендіруден кейін жүйе сайлау округінің мәліметтері мен фотосуретін көрсетеді және тиісті округтің электрондық бюллетеніне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Кейін сайлаушы электронды бюллетеньге белгі қою арқылы дауыс береді. Сондай-ақ, дауыс беру аяқталғанға дейін өз таңдауын нақтылау мүмкіндігі бар. Дауыс беру нәтижелері блокчейн технологияларын қолдану арқылы анонимдендіріледі, ал жүйе автоматты түрде сайлау округтері бойынша дауыс беру қорытындылары туралы электрондық хаттаманы қалыптастырады.

Электрондық дауыс беретін сайлаушылардың тізімі әрбір сайлау учаскесі үшін жеке жасалады және «Тизме» мемлекеттік порталында орналастырылады⁷³.

Электрондық дауыс беруді енгізу кезінде сайлау процесіне араласудың екіұштылығы мен жоғары қаупіне байланысты кейбір елдер оны тек муниципалды деңгейде пайдаланады.

Сонымен қатар, Федеративті басқару нысаны бар елдерде дауыс беру жүйесін анықтау немесе қандай да бір цифрлық технологияларды енгізу мәселелерінде мемлекет субъектілері дербес екендігі атап өтілді.

⁷³ Пилоттық режимдегі электрондық дауыс беру тәртібі туралы уақытша ереже [Электрондық ресурс] URL: https://shailoo.gov.kg/ru/npacik/Polojeniya_CIK_KRBShKnyu_Joboloru/vremennoe-polozhenie-o-poryadke-elektronnogo-golosovaniya-v-pilotnom-rezhime/

Ал *Канадада* электронды дауыс беру тек бірнеше провинциялардағы муниципалды, аймақтық сайлауда қол жетімді. Жалпыұлттық сайлауда қағаз бюллетеньдер арқылы дәстүрлі дауыс беру қолданылады.

Провинциялардың әрқайсысы дауыс беру үшін өз жүйелерін пайдаланады. Мысалы, Онтариода 2022 жылы 417 муниципалитеттің 217-сі SCYTL онлайн дауыс беру жүйесін немесе телефон арқылы дауыс беру арқылы сайлау өткізді. Бұл шамамен 3,8 миллион сайлаушыға онлайн дауыс беруге мүмкіндік берді. Дауыс беруге қатысу үшін сайлаушы сайлаушылар тізімін тексеріп, олардың қатысуын, сондай-ақ олардың пошталық мекен-жайының өзектілігін тексеруі керек болды. Содан кейін әр сайлаушыға дауыс беру үшін PIN коды бар хат жіберілді⁷⁴.
















Сайлаушыларға телефон арқылы немесе интернет арқылы дауыс беру мүмкіндігі берілді. Телефон арқылы дауыс беру кезінде сайлаушылар өздерінің PIN кодын және туған күнін енгізіп, содан кейін дауыс беруді аяқтау үшін дыбыстық нұсқауларды орындауы керек. Интернет арқылы дауыс беру кезінде сайлаушыларға PIN коды мен туған күнін пайдалану, содан кейін тексеруден өтіп, өз дауыстарын беру қажет.

Онлайн дауыс беру жүйесінің сенімділігін қамтамасыз ету үшін сайлаушыларға бюллетень берілгеннен кейін олардың дұрыс жазылуын тексеру үшін растау кодтары беріледі. Кейбір сайлаушыларға SCYTL verify мобильді сайлау қолданбасы арқылы дауыстарының дұрыс жазылуын қауіпсіз тексеру үшін пайдалана алатын бірегей QR кодтары беріледі⁷⁵.

Сонымен қатар, сайлаушылар election Ontario веб-сайты арқылы қаржылық ақпаратқа, саяси партиялардың, қоғамдық ұйымдардың қызметі туралы есептерге, әртүрлі жергілікті сайланған лауазымдарға үміткерлерге қол жеткізе алады.

⁷⁴ How to Vote Online [электронный ресурс]. URL: <https://www.electionsmarkham.ca/en/voting/how-to-vote-online/>

⁷⁵ Trusted by clients like you around the world. [электронный ресурс] URL: <https://scyt.com/resources-and-references/customers/ontario-municipalities/>

 Job Opportunities <p>We are hiring election officials for the by-elections.</p> <p>Apply now </p>	 Voter Registration <p>To receive your voter information card for the by-elections, confirm, update or add your information to the Register by April 22.</p> <p>Check now </p>	 Voter Information Service <p>Enter your postal code or search by electoral district to find when and where to vote for the by-elections.</p> <p>Postal Code <input type="text"/> Search </p>
 Voting by Mail <p>Once you have successfully applied to vote by mail, you will be unable to choose another voting option for the by-elections.</p> <p>Apply </p>	 ID to Vote <p>Find examples of accepted ID to vote for the by-elections.</p> <p>Accepted ID </p>	 List of Candidates <p>A full list of candidates for the by-elections will be available after April 18.</p> <p>Search </p>
 Accessible Voting	 Elections Ontario app	 Political Financing & Party Information

Канададағы жергілікті сайлауда кандидатураны ұсыну процесін жеңілдету үшін саяси партиялар мен кандидаттар саяси ұйымдарға қызмет көрсету орталығына (PESC) бара алады. Бұл әртүрлі қызметтер мен цифрлық құжаттарға, соның ішінде тіркеу мен ұсынымға қол жеткізуді қамтамасыз ететін онлайн портал. Порталда пайдаланушылар үміткерді онлайн толтырып, өтініш бере алады. Әрине, кандидатура туралы құжатты офлайн режимінде де ұсынуға болады. Портал сонымен қатар сайлау материалдарына қол жеткізуді және кандидаттың қаржылық есептерін ұсынуға мүмкіндік береді.

PESC порталын қолдану үшін пайдаланушылар тіркелуі керек. Тіркеу процесін әлеуетті үміткер бастауы керек. Қол қоюды қажет ететін кейбір құжаттар басып шығарылып, әрі қарай қарау үшін порталға жүктелуі керек.

Кандидаттарды бекіту немесе қабылдамау сайлау комиссияларының қызметкерлері пайдаланатын EC Connex істерді басқару жүйесінде жүзеге асырылады. Бұл жүйе ұсыну процесін тиімді басқаруды қамтамасыз етеді және шешім қабылдауда ашықтықты қамтамасыз етеді.

АҚШ-та әр штат жергілікті немесе федералды сайлауды өткізген кезде қандай жүйелерді қолданатынын өзі анықтайды. Мысалы, Солтүстік Каролинада ES&S немесе Hart жабдықтары мен жүйелері қолданылады. Бұл ретте провайдерлер ел мен

штаттың сайлау комиссиясы тарапынан міндетті тексеруден және мақұлдаудан өтуі тиіс. Мысалы, Нью-Йорк штатының сайлау комиссиясы (NYSBOE) Нью-Йорктегі дауыс беруде пайдалану үшін clearvote 2.4 жүйесін ресми түрде сертификаттады⁷⁶.

Сонымен қатар, әрбір жеке округтік сайлау комиссиясы өзінің аудандық Комиссарлар Кеңесімен бірлесе отырып, олардың сайлаушыларына бекітілген қандай дауыс беру жүйесі жақсы болатынын шешеді. Округтің кез келген жаңа жүйені сатып алуы жабдықты көпшілік алдында көрсетіліп, оны сайлауда немесе тестілік сайлауда сынақтан өткізгеннен кейін ғана жүзеге асырылуы мүмкін.


Дауыс беру жабдығын интернетке қосу немесе сыртқы араласу мүмкіндігін шектеу үшін сымсыз қол жетімділікті пайдалану мүмкін емес⁷⁷.

Солтүстік Каролинада дауыс беру жүйесі ретінде сертификатталғаннан кейін, провайдер жүйенің бастапқы кодын бекітілген агентке тапсыруы керек. Дауыс беру жүйесінде ақау болған жағдайда жаңа мемлекеттік сайлауға кететін шығынды өтеу үшін кепіл немесе несие желісін (шамамен 17 миллион доллар) орналастырып, штатта көмекші персоналмен кеңсе ашуы керек.

Ready to Vote in the Jharkhand Assembly Election 2019

SEEING IS BELIEVING... VVPAT

Voter Verifiable Paper Audit Trail is a system attached with the Electronic Voting Machine (EVM) which facilitates the voter to verify his/her vote. The voter sees a printed slip in the VVPAT window for about 7 seconds showing the Serial Number, Name and Symbol of the chosen candidate.



- VOTE**
By pressing the blue button on the Ballot Unit of EVM
- VERIFY**
Check the printed paper slip on the VVPAT
- SATISFY**
That your vote has gone to the candidate of your choice

Election Commission of India
Helpline 1950 | www.nvsp.in

Download VOTER HELPLINE APP

NO VOTER TO BE LEFT BEHIND
https://ec.gov.in | #EBC | @ECVVPAT | @ECVVPAT

⁷⁶ Innovation for Our Nation's Elections. [электрондық ресурс] URL: <https://www.clearballot.com/>

⁷⁷ Voting Equipment.[электрондық ресурс] URL: <https://www.ncsbe.gov/voting/voting-equipment>

Үндістанда 40 жылдан астам уақыт бойы электронды дауыс беру машиналары (EVM) қолданылып келеді. Әсіресе штаттың заң шығарушы органдарын сайлау кезінде. Бұл машиналар екі блоктан тұрады: басқару блогы және бір-біріне кабель арқылы қосылған дауыс беру блогы. Басқару блогы – төрағалық етушіде сақталады, ал дауыс беру блогы – дауыс беру бөлімінде орнатылады.

Дәстүрлі дауыс беру бюллетеньдерінің орнына сайлау комиссиясының қызметкері дауыс беру машинасындағы түймені басып, сайлаушыларға өз дауысын беруге мүмкіндік жасайды. Құрылғыда түймелермен байланысты үміткерлердің есімдерінің тізімі көрсетіледі. Сайлаушы дауыс бергісі келетін кандидаттың есімімен қатар тұрған түймені басуы керек. Барлық машина бір желіге қосылған.

Қайта дауыс беруді алдын алу үшін дауыс бергеннен кейін әр сайлаушының сұқ саусағына арнайы сия жағады, оны өшіру қиын. Бұл бір адамнан қайта дауыс беру мүмкіндігін болдырмайды⁷⁸.


Бұл бағытта түрлі қоғамдық ұйымдар, қозғалыстар мен азаматтық белсенділер белсенді қатысып келеді. Сайлаушыларды дауыс беруге тартудың бір жолы – әртүрлі акциялар. Азаматтарды электрондық дауыс беруге тарту үшін танымал етудің және назар аударудың цифрлық тетіктері де қолданылады.

Сайлауды жергілікті деңгейде ұйымдастыру мәселесінде цифрлық шешімдерді пайдаланудан басқа, сайлаушыларды дауыс беруге тартудың, келуді арттырудың әртүрлі цифрлық, ақпараттық тетіктері қолданылады.

Мәскеу мэрін сайлау кезінде халықты электронды дауыс беруге ынталандыру үшін «Миллион жүлде» акциясы ұйымдастырылды. Бұл осынша сомадағы рубль ұтып алуға мүмкіндік берді. Дауыс беру күніне дейін мәскеуліктер SMS-хабарламаның көмегімен науқанға қатысушының бірегей нөмірін алып, соның көмегімен науқан сайтында ұтыс ұпайларын тексеруге, ұтысқа қатысуға мүмкіндік алды. Ұтысты серіктестермен айырбастауға болады. Сонымен қатар азық-түлік дүкендерінде, дәріханаларда,

⁷⁸ Voting Equipment.[электрондық ресурc] URL: <https://www.ncsbe.gov/voting/voting-equipment>

ойын-сауық мекемелерінде, сондай-ақ қайырымдылыққа жұмсауға болады.



The screenshot shows a website header with the logo "ЛЮДИ РОСТА" and navigation links: "Люди Роста - это мы", "Мудрецы", "Дискуссии", "Апксоны", "Публикации", "Партия Роста". There are also search and social media icons. The main content area features a title "Блокчейн-акция по повышению явки в Москве" and a sub-header "Приходите 8 сентября 2019 года на избирательный участок и выигрывайте призы! Поделитесь геолокацией, получите до 350 тысяч URCoin'ов* и обменяйте их на множество крутых подарков." Below this, it lists three simple actions: 1. Register on the "Люди Роста" website. 2. Visit the polling station on September 8, 2019, and click the "Participate in the poll" button. 3. Confirm the location via the "Share location" button to receive a random number of URCoin'ов (100 to 350,000). A video player with a play button is visible on the right side of the announcement.

Мәскеуліктерді сайлау учаскелеріне тартуға бағытталған тағы бір қызықты акция – «Люди Роста» жобасының блокчейн-акциясы. Ол қала тұрғындары тіркеліп, жеке крипто-әмияндарын ала алатын арнайы платформа құрудан тұрды. Дауыс беру күні сайлау учаскесінен өзінің геолокациясын бөлісу және автоматты түрде әмияныңызға URCoin таңбалауыштарының кездейсоқ санын алу қажет болды. Содан кейін оларды білім беру курстарына, компьютерлік техникаға, саяхатқа, криптовалюта сатып алуға айырбастауға болады.

Жергілікті сайлауға қатысуды арттырудың тағы бір тәсілі – цифрлық технологияларды, атап айтқанда сайлаушы ретінде тіркелу процесін едәуір жеңілдететін, сондай-ақ сайлау туралы толық ақпарат беретін қосымшалар мен платформаларды қолдану.

2016 жылы АҚШ-тың Пенсильвания штатында Rock the vote қоғамдық ұйымы Pennsylvania Voice мен штаттың мемлекеттік департаментімен серіктестікте үгітшілерге сайлаушыларды интернетсіз цифрлық тіркеуге мүмкіндік беретін арнайы қолданба әзірледі. Қосымшаны қолданған үгіттеушілер сайлаушыларды мақұлдау үшін сандық тіркеуге өтініш бере алады. Сонымен қатар, деректерді жинаушылар қалам арқылы алынған электрондық қолтаңбаларды қабылдай алады. Ал серіктес ұйым сайлаушылардың құпия емес деректеріне қол жеткізеді. Бұл тіркелген тұлғаларды одан әрі әрекет ету қажеттілігінен арылтуға және

жүргізуші куәлігінсіз сайлаушыларды тіркеу процесін жеңілдетуге мүмкіндік берді. 2018 жылғы мәліметтер бойынша штатта тіркелген тұрғындардың 90%-ы сайлаушылар тізіміне енді⁷⁹.



We help you vote, no matter what.

We provide you with the information you need to vote with confidence. Sign up for election reminders and get help with voter registration and voting by mail – all in one place!

Never miss an election!

Enter your address or Select your state

 Register To Vote
with help from TurboVote

Check Your Registration

Preregister To Vote
Under 18? Register as soon as you can!

АҚШ-тың азаматтық секторының ауқымды бастамасы – жергілікті және Ұлттық сайлауда жұмыс істейтін turbovote платформасы. Бұл платформа АҚШ-тың барлық Штаттарындағы сайлаушыларға қол жетімді.

Платформа сайтында тіркелгеннен кейін азамат сайлаушылар тізіміне тіркелуге, бюллетеньдерді пошта арқылы жіберу кезінде көмек ала алады. Өзі үшін сайлау туралы ескерту-хабарлағышты, жекелендірілген анықтамалық қызметті қолдануына болады. Осылайша, платформа сайлаушыларға сәтті дауыс беру үшін қажетті толық ақпаратты, құралдарды және еске салу құралдарын ұсынады. АҚШ-тың көптеген университеті мен колледждері студенттерге сайлауға тіркелуге көмектесу үшін TurboVote платформасын пайдаланады⁸⁰.

Сандық технологиялар және сайлау науқаны

Ақпараттық, цифрлық технологияларды адамдардың күнделікті өміріне көбірек еніп, әлеуметтік медианың маңыз-

⁷⁹ rock the Vote, annual report, 2018. [электрондық ресурсы] URL: <https://www.rockthevote.org/wp-content/uploads/Rock-the-Vote-2018-Annual-Report.pdf>

⁸⁰ TurboVote. [электрондық ресурсы] URL: <https://turbovote.org/>

дылығын арттыра отырып, олардың байланыс арналары, ақпаратты ілгерілету және жеткізу ретіндегі құндылығы артып келеді. Бұл сайлауалды жарыс процесінде көрініс табатыны сөзсіз.

Әлеуметтік медианың артықшылықтарының бірі – әлеуетті сайлаушылардың үлкен массасы үшін өз идеялары мен мағыналарын алға жылжытудың салыстырмалы түрде оңай әдісін ұсынады.

Барселона мәріне үміткер Ада Колау 2023 жылы жастармен жұмыс істеген үгіт-насихат жұмыстарында TikTok-қа зумерлер буыны арасында ең танымал әлеуметтік желілердің бірі ретінде баса назар аударды. Бұл жерде Ада Колау сайлауға түскен Barcelona en Comú партиясы өзінің ішкі және сыртқы ұйымының цифрлық өзара әрекеттесуіне сүйенетінін атап өткен жөн. Сондықтан олар пайда болғаннан бері цифрлық, әлеуметтік медианы саяси коммуникация құралы ретінде қатты қолданумен сипатталады⁸¹.

TikTok-ты қолдану арқылы үміткер бір жағынан TikTok трендтеріне сәйкес келетін, ал екінші жағынан саяси күн тәртібін қамтитын түпнұсқа мазмұн мен форматқа негізделген танымал жеке стильді сәтті жасады.

Сайлау науқанында TikTok алаңын пайдалану АҚШ саясаткерлері арасында, атап айтқанда муниципалды деңгейде көбірек таралды. Олар өздерінің танымалдылығын арттыру үшін әлеуметтік желі трендтерін белсенді пайдаланды⁸².

Бір уақытта 9 провинцияда, 224 округте және 37 қалада өткен 2020 жылғы Индонезиядағы аймақтық сайлауда 700-ден астам кандидат пен 100 миллионнан астам сайлаушы қатысқан кандидаттар жиынтығында 6,472 әлеуметтік медиа аккаунт құрды. Бұл сайлау COVID-19 пандемиясы кезінде өтті. Бұл үгіт-насихат үшін әртүрлі онлайн платформаларды пайдалануды өзекті етті⁸³.

⁸¹ Cervi L. TikTok Use in Municipal Elections: From Candidate-Majors to Influencer-Politicians // Revista Más Poder Local, 2023. No.53, p. 8-29. [электрондық ресурc] URL: <https://doi.org/10.56151/maspoderlocal.175>

⁸² Local Political Candidates Are Using TikTok To Communicate with Young Voters. [Электронный ресурc] URL: <https://dot.la/local-politicians-tiktok-2658449104.html>

⁸³ Tham J., Carson A., Aman A., Chinnappa A. Digital campaigning and political finance in the Asia and the Pacific region. International IDEA, 2022. [Электронный ресурc] URL: <https://www.idea.int/sites/default/files/publications/digital-campaigning-and-political-finance-in-AP-region.pdf>

Количество аккаунтов в социальных сетях, созданных на региональных выборах в Индонезии, 2020



Digital campaigning and political finance in the Asia and the Pacific region

Жасанды интеллект әртүрлі мазмұнды өндірудегі үлкен мүмкіндіктерімен саяси күрес пен үгіт-насихатты айтарлықтай өзгертеді.

Калифорния штатының 16 ауданынан АҚШ Конгресіне үміткер Питер Диксон 2024 жылғы Конгресстері 16-шы сайлау науқанында жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдаланып, округ тұрғындарына қоңырау шалып, кандидат туралы әңгімелейтін және кандидаттың саяси платформасы негізінде тұрғындардың сұрақтарына жауап беретін оператор құрды.

Сонымен бірге, сайлауалды үгіт-насихатта жасанды интеллектті қолдану сынға ұшырап, талқылаудың маңызды тақырыптарының біріне айналады. Өйткені мұндай технологияларды жалған ақпарат пен қара PR тарату үшін қолдануға болады.

Мысалы, 2023 жылдың қазан айындағы Колумбиядағы аймақтық сайлау кезінде жасанды интеллект көмегімен жасалған және саяси кандидаттарға бағытталған жалған аудиожазбалардың таралуы туралы алаңдаушылық туындады. Богота мен Кали мэріне үміткер Карлос Фернандо Галан мен Алехандро Эдер жасанды интеллект жасап, әлеуметтік желілерде жарияланған осы болжамды аудиожазбалардан зардап шекті. Бір аудио хабарламада Ф. Галан басқа кандидатпен бірге сайлаудың екінші туры-

да өз орнын қамтамасыз ету үшін төлемдер мен артық сауалнама нәтижелерін қамтитын жоспарды талқылайды. Сонымен бірге, Колумбия үкіметтік емес ұйымы Consejo de Redacción жобасы Colombiacheck жазбаларды талдап, жазбаларды жасанды интеллект технологиясын қолдана отырып ойдан шығаруға болатындығы туралы қорытынды жасады⁸⁴.

Цифрлық технологиялар тек сайлау науқаны аясында ғана емес, сонымен қатар саяси партиялар, азаматтық белсенділер жергілікті сайлауға үміткерлерді іздеуде және билеуші партияға қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуде қолданылды. 2017 жылы Ресейде «Яблоко» партиясының «Саяси Uber» жобасы аясында Мәскеу қаласы депутаттарының жергілікті кеңестеріне үміткер барлық адам үшін арнайы платформа іске қосылды. Платформа өз кандидатурасын тіркеуге өтініш берудің әр кезеңінде кандидаттарды сүйемелдеуге арналған. Барлық толтыру қағаздары осы платформа арқылы толтырылды, содан кейін оларды сайлау штабының мүшелері екі рет тексерді. Егер дұрыс болса, үміткер тіркеу үшін дайын құжаттар пакетін алды.

Зависиморечья, округ №2

Жылма: 12 481
 Кишілер: 8 565
 Пошта: 351
 Дина: 159

8 идеялар вам нужно совершить 5 монтагов с избирателями. Это означает, что избиратель должен 5 раз увидеть вашу фамилию, услышать что-то о вас либо увидеть вас лично.
 1-2 монтажа должны быть личными, остальные могут быть через листовки и газеты в почтовый ящик, объявление около подъезда или даже через интернет (об интернете не думаю, но займемся этим).

729 голосов нужно для победы
 Как считать. Ожидание явя. 20%. По опыту прошлых выборов для победы в многопартийном округе нужно примерно 27% голосов от количества зарегистрированных избирателей.

Бюджет кампании
Команда
Планирование повзратного обмена
Телефонная система

Агитационные материалы

Горизонтальная с фотослайдовой презентацией
 Таблетка в листовый ящик
 Самостоятельно проинформировать посетителя
 Плакаты в подъезде
 Открытка в почтовый ящик

2004 жылғы сайлауда электрондық дауыс беру жүйесін пайдалану

⁸⁴ Beyond Imagining – How AI is actively used in election campaigns around the world. [Электронный ресурс] URL: <https://blog.checkpoint.com/research/beyond-imagining-how-ai-is-actively-used-in-election-campaigns-around-the-world/>

Сондай-ақ, платформа үгіт-насихат жұмыстарында топтарға біріккен үміткерлерді сүйемелдеді: халықпен кездесулерді жоспарлау, дайындық, үлестірме материалдардың дизайны, парақшалар және басқалар⁸⁵.

Осылайша, жергілікті сайлауда цифрлық технологияларды енгізу қазіргі саяси тәжірибеде шешуші рөл атқарады, бұл сайлау процесін қол жетімді, ашық және тиімді етуге көмектеседі. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, елдер жергілікті сайлауға халықтың қатысу деңгейін арттыру тәсілі ретінде цифрлық шешімдерге көбірек бет бұра бастаған.

Алайда, біршама артықшылықтарға қарамастан, жергілікті сайлауда цифрлық технологияны енгізу мұқият зерттеуді және теңдестірілген тәсілді қажет етеді. Сайлаудың сенімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ жергілікті контексттің ерекшеліктері мен сайлаушылардың қажеттіліктерін ескеру қажет.

⁸⁵ Sergeyeva O., Orekh E., Bogomiagkova E., Kolesnik N. Shift to digital gamification in political life (russian cases) // SCA '19: Proceedings of the 4th International Conference on Smart City Applications, 2019. P. 1-6.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мәслихат депутаттарын сайлау жергілікті жерлерде демократияны нығайтуда шешуші рөл атқарады. Олар азаматтарға жергілікті билік алдындағы мүдделері мен қажеттіліктерін көрсететін өз өкілдерін сайлау құқығын қамтамасыз етеді. Мәслихат депутаттары инфрақұрылымды, білім беру және денсаулық сақтау қызметтерін, сондай-ақ жергілікті қоғамдастықтың басқа да негізгі аспектілерін дамыту және жақсарту бойынша белсенді жұмыс атқарады. Мәслихат депутаттарын сайлау азаматтық қоғамды қалыптастыруға және маңызды шешімдер қабылдауға белсенді азаматтық қатысуға ықпал етеді.

Соңғы конституциялық өзгерістерге сәйкес облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана мәслихаттарының депутаттары аралас сайлау жүйесі бойынша, ал облыстық маңызы бар қалалар мен аудандар мәслихаттарының депутаттары – мажоритарлық сайлау жүйесі бойынша сайланады.

Бір мандатты округтердің оралуымен қатар, сайлаудың жалпы ландшафтына «барлығына қарсы» бағананы, партиялық тізімдегі әйелдер, жастар және мүгедектер үшін міндетті квоталар сияқты өзгерістер әсер етті. Бұл мәслихаттардағы өкілдік пен саяси көзқарастардың әртүрлілігін арттыруды қамтамасыз етеді. Десе де гендерлік өкілдік тұрғысынан әйелдердің өз кандидатураларын ұсынудағы белсенділігінің төмендігі байқалды. Талдау мәслихат деңгейі мен депутат әйелдердің саны арасында байланыс бар екенін көрсетті: депутат әйелдердің негізгі бөлігі қалалық және аудандық мәслихаттарға сайлауға шоғырланған.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жаңа сайлау жүйесіне ауысу халықтың белсенділігін арттыруға және оның дауыс беруге, таңдау жасауға деген құлшынысын жақсартуға мүмкіндік берді. Жергілікті жерлерде саяси партиялар да күшейе түсті. «Аманат», ҚХП және «Ақ жол» партиялары ең жоғары белсенділік пен тиімділікті көрсетті. Жаңа ойыншылардың ішінен

парламенттік партияларға мәслихат деңгейінде кандидаттар ұсынуда бәсекелестікті негізінен «Respublica» партиясы ерекшеленіп отыр.

Сонымен бірге бір мандаттық жүйе бойынша сайлау да өз белсенділігін көрсетті. Бір мандатты аудандарда бәсекелестіктің жоғары деңгейі тіркелді. Дегенмен бұл депутаттарды сайлау тәжірибесі ұзақ үзілістен кейін қайта жанданды. Статистикалық деректер бойынша, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихат депутаттарын сайлауға бір мандатты округтер бойынша 334 орынға 1712 кандидат немесе бір мандатқа орта есеппен 5,1 кандидат ұсынылды.

Өткен сайлаудың тағы бір тенденциясы – сайлаудағы бәсекелестіктің аймақтық сәйкессіздігі. Мысалы, бұл бір мандатты округтер бойынша сайлау контекстінде көбірек байқалады. Кандидаттарды ұсыну кезеңінде ірі қалаларда – Астана (1 орынға 11,4 кандидат), Алматыда (10), Шымкентте (9,1) ең көп белсенділік байқалды. Бұл ірі қалалардағы бәсекелестіктің ұлттық орташа деңгейден асып түскенінен (5,1 орынға үміткер) көрінді. Әрине, бұл ең алдымен, экономикалық даму, әлеуметтік жағдайлар және жергілікті саяси топтардың белсенділігі сияқты саяси белсенділікке әсер ететін жергілікті факторлардың болуына байланысты.

Сонымен қатар, аймақтар арасындағы бәсекелестіктің айырмашылығынан басқа, әкімшілік-аумақтық бірліктердің әртүрлі деңгейлері арасындағы бәсекелестікте де айырмашылықтар болды. Ал талдау мәслихаттар деңгейлері бойынша бәсекелестіктің белгілі бір иерархиясын көрсетті. Кандидаттарды ұсыну көрсеткіші бойынша сайлаудың бәсекелестік деңгейі қалалық мәслихаттарға қарағанда (1 орынға 4 кандидат) аудандық мәслихаттарда (1 орынға 3,5 кандидат) жоғары болды.

Сайлаудағы бәсекелестікті талдауды қорытындылай келе, сайлаудағы бәсекелестік деңгейінде көлденең (аймақтар арасында) және тік (аймақ ішінде) айырмашылықтар бар деп айтуға болады.

Сонымен қатар, сайлаудың табысты өту факторларына партиялық қолдаудың болуы және үгіт-насихат науқандарының тиімділігі жатады. Мысалы, бір мандатты кандидаттарды тіркеу кезеңінде партиялық қолдау және оларға жәрдемдесу маңызды болды. Тәжірибелі партиялардың қолдауына ие бола отырып, мұндай кандидаттар партиялық емес кандидаттарға қарағанда артықшылықтарға ие. Мәселен, тіркеу кезеңінде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың мәслихаттарына кандидаттарды тіркемеу партиялық кандидаттар арасында – 7,4%, ал партиядан тыс кандидаттар арасында – 20% болды.

Бұның себептерінің бірі – партиялық емес, жаңадан келген кандидаттардың дайындығының төмендігіне байланысты болуы мүмкін. Сонымен қатар, сайлау жарнасын төлеу мен кандидаттардың салық-мүліктік ашықтығы да әсер етті. Мәселен, қалалық мәслихатқа кандидаттардың құжатын толық ұсынбауына байланысты (48,3%), сондай-ақ тіркеуге дейін өзі өтініш беріп, бас тартуына байланысты (47,1%) алынып тасталды.

Осылайша, партиялық кандидаттар объективті артықшылықтарға ие болды, өйткені олар бірнеше жетістіктерге ие еді: ұйымдастырушылық және консультациялық қолдау, сондай-ақ партиялық қызмет аясында сайлауға түсу тәжірибесі. Партиядан тыс кандидаттардың олардан айырмашылығы – ұзақ уақыт бойы алғаш рет осындай додаға қатысып отыр. Сондай-ақ сайлау туралы толық білмей, өз бетінше үміткер болу мүмкіндігіне ие болды. Соның салдарынан өзін-өзі ұсынушылар белгілі бір қиындықтарға тап болды. Мұндай өзін-өзі ұсынушылар үшін болашақта сайлау процестерінің қыр-сырын, саяси-құқықтық оқытуды қамтамасыз ету қажет болады.

Тағы бір фактор – бұрынғы сайлау науқандарына қарағанда үгіт-насихат бірқатар ерекшеліктерге ие болды. Мысалы, үгіт-насихат жұмыстары жоғары бәсекелестікпен ерекшеленді. Егер 2021 жылғы өткен сайлауға тек 5 саяси партия қатысса, 2023 жылғы сайлауға 7 саяси партия қатысты. Оған Мәжіліс депутаттығынан үміткер бір мандатты 609 кандидат, барлық дең-

гейдегі мәслихат депутаттығынан үміткер 10 203 кандидат қосылды. Кандидаттар санының мұндай ұлғаюы полиграфиялық қызметтерге, үй-жайларды жалға алуға, үгіт материалдарын таратуға, әлеуметтік желілерде жылжыту бойынша мамандарды жалдауға сұранысты күшейтті.

Бір жағынан, үгіт-насихат науқанын жүзеге асыру – байыпты дайындықты және кадрлық, қаржылық, құқықтық ресурстардың барлық түрін тартуды талап етеді. Алайда, екінші жағынан, бұл сайлау кезеңі көптеген азаматқа сайлау додасына қатысуға, одан тәжірибе алуға мүмкіндік берді.

Байқаушылардың көбеюі – осы сайлау науқанының тағы бір сипаттамасы болды. Соңғы үш сайлаудағы өсу тенденциясын жалғастырды. Бірақ өңірге байланысты бақылаушылар санының ауытқуы бар. Бұл ретте өңірдің/қаланың көлемі мен бақылаушылар саны арасында нақты байланыс жоқ: шағын қалаларда ірі қалаларға қарағанда көбірек бақылаушылар болуы мүмкін, бұны жергілікті халықтың азаматтық белсенділігінің және ҰЕҰ-секторының дамуының әртүрлі деңгейімен түсіндіруге болады.

Бақылау институтының тағы бір заңдылығы партиялардың тәжірибесі мен бақылаушылар саны арасындағы байланыс болды. Мәселен, ең белсенді бақылаушыларды негізінен «Аманат», «Ауыл», «Ақ жол» және ҚХП парламенттік партиялары жұмылдырды. «Respublica», «Байтақ» секілді жаңадан келген партиялар сайлау учаскелеріне бақылаушылар бағытында белсенділігі төмен болды. Бақылаушылар ең аз тіркелген саяси ұйым – ЖСДП. Бұл оның ұзақ уақыт бойы сайлауға қатыспағандығына байланысты болса керек.

Сонымен қатар, бұл сайлауда сайлауға қатысудың төмендеуінің әлемдік тенденциясы байқалды. ОСК деректері бойынша бүкіл Қазақстан бойынша сайлауға сайлаушылардың 54,21%-ы келген. Көптеген аймақтарда келушілер 50-60% деңгейінде болды. Бұл ретте 2021 жылғы сайлау көрсеткіштерімен салыстырғанда барлық өңірлерде дауыс берудің төмендеуі байқалды. Соңғы жылдары байқалған сайлау белсенділігінің төмен-

деуі сайлаушылардың қатысуын ынталандыру үшін қосымша зерттеулер мен күш-жігерді қажет етеді. Үміткерлер мен олардың командалары өз ресурстарын барынша пайдалану үшін үгіт-насихат мерзімін біршама ұзарту қажет болуы мүмкін. Сондай-ақ, сандық шешімдерді шектеулі енгізу нұсқасын қарастыруға болады.

Сайлау процестерін цифрландыруға арналған әлемдік тренд – жаһандық деңгейде сайлаушылардың сайлауға деген қызығушылығының төмендеуі жағдайында жергілікті деңгейдегі сайлауға халықтың қатысу деңгейін арттыру тәсілі ретінде цифрлық шешімдерге көбірек жүгінетінін айта кету керек. Алайда, бұл оларды қолданудың әлеуеті мен тәуекелдерін бағалауды, сондай-ақ жергілікті контексттің ерекшеліктерін ескеруді талап етеді.

Осылайша, ұсынылған зерттеу 2023 жылғы мәслихат сайлауының негізгі ерекшеліктерін, тенденциялары мен қорытындыларын көрсетеді. Сонымен бірге, жергілікті деңгейдегі сайлауды одан әрі тереңдетіп зерделеудің бастапқы нүктесі болмақ. Сайлау нәтижелерін талдау аймақтардың саяси ландшафтында өзгерістердің болуын көрсетеді. Бұл жергілікті деңгейде шешім қабылдау динамикасына айтарлықтай әсер етеді. Бұл өз кезегінде жаңа сайлау жүйесі бойынша сайлау нәтижелерінің өңірлерді дамытуға әсері мәселелерін одан әрі зерделуді қажет етеді.


Әртүрлі аспектілер бойынша үгіт-насихат науқандарының ерекшеліктерін талдау да перспективті зерттеу саласы. Мысалы, өзін-өзі ұсынған кандидаттар мен партиялар ұсынған кандидаттар арасындағы айырмашылықтарды қарастырған жөн. Немесе мәслихаттар деңгейіне байланысты әртүрлі сайлау технологияларын қолданудың тиімділігін зерделеуге болады.

Сондай-ақ, біздің зерттеуіміз аясында партиялар барлық деңгейдегі мәслихат сайлауында кандидаттардың өкілдігін толық қамтамасыз ете алмағаны анықталды. Бұл өңірлік партиялық өкілдікті және оның мәслихат депутаттарын сайлау қоры-

тындыларына, әсіресе аудандық деңгейде ықпалын одан әрі зерделеуді талап етеді.

Зерттеу халықты пассивті де, белсенді де сайлау құқығын пайдалануға ынталандыру мақсатында сайлаушылардың аймақтық бөліністегі дауыс беруін және сайлаушылардың қалауын арттыру факторларын зерттеуге негіз болады.

№1 ҚОСЫМША. 2023 ЖЫЛҒЫ САЙЛАУ БЮЛЛЕТЕНЬДЕРІ



86

⁸⁶ Сайлау-2023: дауыс беруге арналған сайлау бюллетеньдері [Электронный ресурс] // Центральная избирательная комиссия РК. URL: <https://www.election.gov.kz/upload/docs/2023/03/%D1%84%D0%BE%D1%82%D0%BE/WhatsApp%20Image%202023-03-13%20at%2019.10.00.jpeg>

№2 ҚОСЫМША. КАНДИДАТТАРДЫ ҰСЫНУ ЖӘНЕ ТІРКЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Төменде қалалық және облыстық округтер бойынша қалалық және аудандық мәслихат депутаттығына бір мандатты округтер бойынша партия кандидаттарының деректері келтірілген.

№	Аудан/қала	«АМАНАТ»		«Ауыл»		«Respubli- ca»		НПК		«Ақ жол»	
		ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу
Абай облысы											
1.	Семей қ.	23	23	4	4	5	5	5	2	4	4
2.	Қурчатов қ.	10	9	1	1	-	-	-	-	1	-
3.	Абай ауданы	10	9	-	-	-	-	-	-	3	1
4.	Ақсуат ауданы	11	7	1	-	2	2	2	1	1	-
5.	Аягөз ауданы	14	14	-	-	-	-	-	-	5	-
6.	Бесқарағай ауданы	8	8	-	-	-	-	1	-	1	-
7.	Бородулиха ауданы	12	12	-	-	-	-	-	-	1	-
8.	Жарма ауданы	12	12	-	-	-	-	-	-	2	1
9.	Көкпекті ауданы	10	10	-	-	-	-	1	-	3	1
10	Үржар ауданы	14	14	1	1	-	-	1	-	3	1
Барлығы		124	118	7	6	7	7	10	3	24	8

МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ-2023: ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ҮРДІСТЕРІ

№	Аудан/қала	«АМАНАТ»		«Ауыл»		«Respubli- ca»		НПК		«Ақ жол»	
		ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу
Ақмола облысы											
1.	Көкшетау қ.	17	17	-	-	1	-	3	3	2	2
2.	Степногор қ.	12	12	-	-	-	-	1	1	1	1
3.	Қосшы қ.	12	12	2	2	-	-	2	2	2	2
4.	Ақкөл ауданы	11	11	1	1	-	-	-	-	1	1
5.	Аршалынский	11	11	1	1	-	-	1	1	-	-
6.	Астрахан ауданы	11	11	1	1	-	-	1	1	1	1
7.	Атбасар ауданы	12	12	1	1	-	-	1	1	-	-
8.	Біржан сал ауданы	10	10	1	1	-	-	-	-	1	1
9.	Бұланды ауданы	11	11	1	1	-	-	-	-	1	1
10.	Бурабай ауданы	14	14	1	1	-	-	3	3	1	1
11.	Егіндікөл ауданы	10	10	1	1	-	-	-	-	-	-
12.	Ерейментау ауданы	11	11	1	1	-	-	-	-	2	1
13.	Есіл ауданы	11	11	2	2	-	-	1	1	1	-
14.	Жақсы ауданы	11	11	-	-	-	-	-	-	-	-
15.	Жарқайың ауданы	10	10	1	1	-	-	-	-	-	-

МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ-2023: ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ҮРДІСТЕРІ

№	Аудан/қала	«АМАНАТ»		«Ауыл»		«Respubli- са»		НПК		«Ақ жол»	
		ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу
16.	Зеренді ауданы	12	12	-	-	-	-	1	1	3	2
17.	Қорғалжын ауданы	10	10	-	-	-	-	2	2	-	-
18.	Сандықтау ауданы	11	11	1	1	-	-	1	1	-	-
19.	Целиноград ауданы	15	15	2	2	-	-	-	-	1	1
20.	Шортанды ауданы	11	11	1	1	-	-	1	1	-	-
Барлығы		233	233	18	18	1	-	18	18	17	14
Ақтөбе облысы											
1.	Ақтөбе қ.	32	31	4	4	2	2	1	1	8	7
2.	Алға ауданы	12	12	1	1	-	-	-	-	1	1
3.	Әйтекеби ауданы	11	11	1	1	-	-	-	-	1	1
4.	Байғанин ауданы	11	10	2	2	-	-	1	1	1	-
5.	Ырғыз ауданы	10	10	2	2	-	-	1	-	1	1
6.	Қарғалы ауданы	11	11	1	1	-	-	1	-	2	2
7.	Мәртөк ауданы	11	11	1	1	-	-	1	1	2	1
8.	Мұғалжар ауданы	14	14	1	1	-	-	1	1	1	1
9.	Темір ауданы	12	12	1	1	1	1	-	-	3	3

МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ-2023: ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ҮРДІСТЕРІ

№	Аудан/қала	«АМАНАТ»		«Ауыл»		«Respubli- ca»		НПК		«Ақ жол»	
		ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу
10.	Ойыл ауданы	11	11	1	1	-	-	1	1	-	-
11.	Қобда ауданы	11	11	1	1	-	-	-	-	2	2
12.	Хромтау ауданы	13	13	1	1	2	2	-	-	2	1
13.	Шалқар ауданы	12	12	1	1	-	-	1	1	-	-
Барлығы		171	169	18	18	5	5	8	6	24	20
Алматы облысы											
1.	Іле ауданы	27	27	1	1	-	-	4	4	3	3
2.	Райымбек ауданы	11	11	1	1	-	-	-	-	1	1
3.	Балқаш ауданы	11	11	1	1	-	-	-	-	1	1
4.	Қарасай ауданы	30	30	3	3	-	-	2	2	-	-
5.	Кеген ауданы	11	11	2	2	-	-	-	-	-	-
6.	Еңбекшіқазақ ауданы	28	28	2	2	-	-	6	6	-	-
7.	Жамбыл ауданы	21	21	3	3	-	-	2	1	-	-
8.	Талғар ауданы	25	25	3	3	-	-	3	3	-	-
9.	Ұйғыр ауданы	14	14	3	3	-	-	2	2	1	1
10.	Қонаев қ.	12	12	1	1	-	-	1	1	1	1

МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ-2023: ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ҮРДІСТЕРІ

№	Аудан/қала	«АМАНАТ»		«Ауыл»		«Respubli- са»		НПК		«Ақ жол»	
		ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу
Барлығы		190	190	20	20	-	-	20	19	7	7
Атырау облысы											
1.	Атырау қ.	25	24	3	3	-	-	8	8	8	8
2.	Жылыой ауданы	15	14	2	2	-	-	-	-	2	2
3.	Индер ауданы	12	12	3	3	-	-	2	2	1	1
4.	Исатай ауданы	11	11	2	2	-	-	-	-	-	-
5.	Құрманғазы ауданы	13	13	2	2	-	-	1	1	1	1
6.	Қызылқоға ауданы	12	12	3	3	-	-	1	1	-	-
7.	Мақат ауданы	11	11	2	2	-	-	-	-	-	-
8.	Махамбет ауданы	11	11	2	2	-	-	1	1	2	2
Барлығы		110	108	19	19	-	-	13	13	14	14
Батыс Қазақстан облысы											
1.	Орал қ.	24	22	5	5	1	1	3	3	5	5
2.	Шыңғырлау ауданы	10	10	2	2	-	-	-	-	1	1
3.	Жәнібек ауданы	10	10	2	2	-	-	-	-	-	-
4.	Қаратөбе ауданы	10	10	1	1	-	-	-	-	1	1

МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ-2023: ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ҮРДІСТЕРІ

№	Аудан/қала	«АМАНАТ»		«Ауыл»		«Respubli- ca»		НПК		«Ақ жол»	
		ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу
5.	Жанқала ауданы	11	9	2	2	-	-	-	-	1	1
6.	Қазталов ауданы	11	11	2	2	-	-	-	-	1	1
7.	Бәйтерек ауданы	13	13	2	2	1	1	2	2	2	1
8.	Бөрлі ауданы	13	13	1	1	-	-	2	2	3	3
9.	Тасқала ауданы	11	11	1	1	-	-	-	-	2	2
10.	Ақжайық ауданы	12	12	1	1	-	-	-	-	1	1
11.	Бөкейорда ауданы	10	10	1	1	-	-	-	-	1	1
12.	Сырым ауданы	11	11	2	2	-	-	-	-	-	-
13.	Теректі ауданы	12	12	1	1	-	-	-	-	-	-
Барлығы		158	154	23	23	2	2	7	7	18	17
Жамбыл облысы											
1.	Тараз қ.	27	27	5	5	6	5	9	9	2	2
2.	Байзақ ауданы	17	17	3	3	1	-	2	2	1	1
3.	Жамбыл ауданы	15	15	2	2	2	-	4	4	1	1
4.	Жуалы ауданы	13	12	1	1	1	1	1	1	1	1
5.	Қордай ауданы	20	19	2	2	-	-	2	2	2	2

МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ-2023: ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ҮРДІСТЕРІ

№	Аудан/қала	«АМАНАТ»		«Ауыл»		«Respubli- са»		НПК		«Ақ жол»	
		ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу
6.	Меркі ауданы	15	15	1	1	1	-	-	-	2	2
7.	Мойынқұм ауданы	11	11	1	1	-	-	-	-	2	2
8.	Сарысу ауданы	11	11	4	4	1	-	1	1	1	1
9.	Талас ауданы	12	12	3	3	3	1	2	2	1	1
10.	Т. Рысқұлов ауданы	14	13	1	1	1	-	3	3	1	1
11.	Шу ауданы	17	17	2	2	-	-	1	1	4	4
Барлығы		172	169	25	25	16	7	25	25	18	18
Жетісу облысы											
1.	Ақсу ауданы	12	12	1	1	1	1	1	1	3	1
2.	Алакөл ауданы	15	15	1	1	1	1	1	1	1	-
3.	Ескелді ауданы	13	12	1	1	-	-	-	-	1	-
4.	Қаратал ауданы	12	12	2	2	-	-	1	1	-	-
5.	Кербұлақ ауданы	13	12	1	1	-	-	-	-	1	-
6.	Көксу ауданы	12	10	1	1	-	-	-	-	1	-
7.	Панфилов ауданы	18	18	3	3	-	-	-	-	2	1
8.	Сарқан ауданы	12	12	-	-	-	-	-	-	1	1

МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ-2023: ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ҮРДІСТЕРІ

№	Аудан/қала	«АМАНАТ»		«Ауыл»		«Respubli- ca»		НПК		«Ақ жол»	
		ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу
9.	Талдықорған қ.	18	17	1	1	3	3	4	2	14	11
10.	Текелі қ.	11	11	-	-	-	-	1	1	1	1
Барлығы		136	131	11	11	5	5	8	6	25	15
Қарағанды облысы											
1.	Қарағанды қ.	30	30	2	2	4	4	10	8	9	9
2.	Балқаш қ.	13	13	1	1	-	-	2	2	1	1
3.	Приозерск қ.	11	11	-	-	-	-	-	-	1	1
4.	Саран қ.	11	11	1	1	-	-	-	-	3	3
5.	Теміртау қ	17	17	2	2	-	-	1	1	10	10
6.	Шахтинск қ.	12	12	2	2	-	-	2	-	2	2
7.	Абай ауданы	13	13	1	1	-	-	1	1	1	1
8.	Ақтоғай ауданы	11	11	1	1	-	-	-	-	2	2
9.	Бұқар жырау ауданы	13	13	1	1	-	-	2	1	1	1
10.	Қарқаралы ауданы	12	12	1	1	-	-	2		1	1
11.	Нұра ауданы	11	11	1	1	-	-	-	-	-	-
12.	Осакаровка ауданы	12	12	2	2	-	-	2	1	1	1

МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ-2023: ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ҮРДІСТЕРІ

№	Аудан/қала	«АМАНАТ»		«Ауыл»		«Respubli- са»		НПК		«Ақ жол»	
		ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу
13.	Шет ауданы	12	12	2	2	-	-	2	2	2	2
Барлығы		178	178	17	17	4	4	24	16	34	34
Қостанай облысы											
1.	Алтынсарин ауданы	10	10	1	1	1	1	-	-	1	1
2.	Амангелді ауданы	10	10	1	1	1	1	-	-	1	1
3.	Әулікөл ауданы	12	11	1	1	1	1	-	-	1	1
4.	Денисов ауданы	11	11	1	1	1	1	-	-	1	1
5.	Жангелдин ауданы	10	10	1	1	1	1	-	-	1	1
6.	Жітіқара ауданы	12	12	1	1	1	1	-	-	2	2
7.	Қамысты ауданы	10	10	1	1	1	1	-	-	1	1
8.	Қарабалық ауданы	11	11	1	1	1	1	-	-	-	-
9.	Қарасу ауданы	11	11	1	1	1	1	-	-	2	2
10.	Қостанай ауданы	14	14	1	1	1	1	1	1	2	2
11.	Меңдіқара ауданы	11	11	1	1	1	1	-	-	1	1
12.	Наурызым ауданы	10	10	1	1	1	1	-	-	-	-
13.	Сарыкөл ауданы	11	11	1	1	1	1	-	-	1	1

№	Аудан/қала	«АМАНАТ»		«Ауыл»		«Respubli- ca»		НПК		«Ақ жол»	
		ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу
14.	Б.Майлин ауданы	11	11	-	-	1	1	2	2	1	1
15.	Ұзынкөл ауданы	11	11	1	1	1	1	-	-	1	1
16.	Федоров ауданы	11	11	1	1	1	1	-	-	2	2
17.	Қостанай қ.	20	20	3	3	1	1	-	-	3	3
18.	Арқалық қ.	11	11	1	1	1	1	2	2	1	1
19.	Лисаков қ.	11	11	-	-	1	1	-	-	1	1
20.	Рудный қ.	14	14	-	-	-	-	-	-	3	3
Барлығы		232	231	19	19	19	19	5	5	26	26
Қызылорда облысы											
1.	Арал ауданы	15	15	1	1	-	-	-	-	1	1
2.	Қазалы ауданы	15	15	2	2	-	-	-	-	1	1
3.	Қармақшы ауданы	13	13	2	2	-	-	-	-	1	1
4.	Жалағаш ауданы	12	12	1	1	-	-	-	-	1	1
5.	Сырдария ауданы	12	12	1	1	-	-	-	-	-	-
6.	Шиелі ауданы	15	15	2	2	-	-	-	-	-	-
7.	Жаңақорған ауданы	15	15	4	4	-	-	1	1	1	1
8.	Қызылорда қ.	23	23	1	1	-	-	1	1	6	6

МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ-2023: ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ҮРДІСТЕРІ

№	Аудан/қала	«АМАНАТ»		«Ауыл»		«Respubli- са»		НПК		«Ақ жол»	
		ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу
Барлығы		120	120	14	14	-	-	2	2	11	11
Маңғыстау облысы											
1.	Ақтау қ.	16	16	1	1	-	-	12	7	3	3
2.	Жаңаөзен қ.	12	12	2	2	-	-	7	2	2	2
3.	Бейнеу ауданы	14	14	1	1	-	-	1	1	2	2
4.	Қарақия ауданы	11	10	1	1	-	-	2	2	1	1
5.	Маңғыстау ауданы	9	9	2	2	-	-	1	1	1	1
6.	Мұнайлы ауданы	16	16	1	1	-	-	4	4	3	3
7.	Тұпқараған ауданы	12	10	2	2	-	-	4	3	2	2
Барлығы		90	87	10	10	-	-	31	20	14	14
Павлодар облысы											
1.	Павлодар қ.	24	24	5	5	2	-	5	5	-	-
2.	Екібастұз қ.	15	15	4	4	-	-	2	-	-	-
3.	Ақсу қ.	12	12	4	4	-	-	1	1	-	-
4.	Аққұлы ауданы	10	10	1	1	-	-	-	-	-	-
5.	Ақтоғай ауданы	10	10	2	2	-	-	-	-	-	-

№	Аудан/қала	«АМАНАТ»		«Ауыл»		«Respubli- ca»		НПК		«Ақ жол»	
		ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу
6.	Баянауыл ауданы	11	11	2	2	-	-	-	-	-	-
7.	Железинка ауданы	11	11	1	1	-	-	-	-	1	1
8.	Ертіс ауданы	11	11	1	1	-	-	1	1	-	-
9.	Май ауданы	10	10	2	2	-	-	-	-	-	-
10.	Павлодар ауданы	11	11	3	3	-	-	-	-	-	-
11.	Тереңкөл ауданы	11	11	3	3	-	-	-	-	-	-
12.	Успен ауданы	10	10	2	2	-	-	-	-	-	-
13.	Шарбақты ауданы	11	11	3	3	-	-	-	-	-	-
ВБарлығы		157	157	33	33	2	-	9	7	1	1
Солтүстік Қазақстан облысы											
1.	Айыртау ауданы	12	12	1	1	-	-	1	1	-	-
2.	Ақжар ауданы	10	10	1	1	-	-	-	-	-	-
3.	Аққаың ауданы	11	11	-	-	1	1	1	1	-	-
4.	Есіл ауданы	11	11	-	-	-	-	1	1	-	-
5.	Жамбыл ауданы	11	11	-	-	-	-	2	2	-	-
6.	Жұмабаев ауданы	11	11	1	1	-	-	1	1	-	-

МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ-2023: ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ҮРДІСТЕРІ

№	Аудан/қала	«АМАНАТ»		«Ауыл»		«Respubli- са»		НПК		«Ақ жол»	
		ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу
7.	Қызылжар ауданы	13	13	2	2	-	-	-	-	-	-
8.	Мамлют ауданы	11	11	2	2	-	-	-	-	1	1
9.	Ғ.Мүсірепов ауданы	12	12	1	1	-	-	-	-	2	2
10.	Тайынша ауданы	12	12	-	-	-	-	-	-	2	2
11.	Тимирязев ауданы	10	10	1	1	-	-	-	-	1	1
12.	Уәлиханов ауданы	10	10	3	3	-	-	1	1	-	-
13.	Шал ақын ауданы	11	11	-	-	-	-	1	1	-	-
14.	Петропавл қ.	18	18	2	2	-	-	7	4	2	2
Барлығы		163	163	14	14	1	1	15	12	8	8
Түркістан облысы											
1.	Түркістан қ.	18	17	1	1	-	-	9	7	1	1
2.	Арыс қ.	13	13	2	2	-	-	1	1	1	1
3.	Кентау қ.	13	13	1	1	3	3	1	-	-	-
4.	Бәйдібек ауданы	13	11	3	3	-	-	1	-	-	-
5.	Жетісай ауданы	22	22	2	2	-	-	1	-	-	-
6.	Қазығұрт ауданы	17	16	3	3	-	-	1	-	-	-

МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ-2023: ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ҮРДІСТЕРІ

№	Аудан/қала	«АМАНАТ»		«Ауыл»		«Respubli- ca»		НПК		«Ақ жол»	
		ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу
7.	Келес ауданы	18	16	3	3	-	-	2	2	-	-
8.	Мақтаарал ауданы	18	17	3	3	-	-	-	-	-	-
9.	Ордабасы ауданы	18	15	3	3	-	-	1	-	-	-
10.	Отырар ауданы	13	12	2	2	-	-	3	3	-	-
11.	Сайрам ауданы	25	25	2	2	3	3	-	-	-	-
12.	Сарығаш ауданы	24	23	3	3	-	-	2	2	-	-
13.	Сауран ауданы	16	16	2	2	3	3	-	-	-	-
14.	Созақ ауданы	14	12	1	1	-	-	-	-	-	-
15.	Төлеби ауданы	18	17	2	2	-	-	2	2	-	-
16.	Түлкібас ауданы	17	17	3	3	-	-	-	-	-	-
17.	Шардара ауданы	15	15	3	3	-	-	-	-	-	-
Барлығы		292	277	39	39	9	9	24	17	2	2
Ұлытау облысы											
1.	Жезқазған қ.	13	13	-	-	-	-	5	3	4	-
2.	Сәтпаев қ.	12	12	2	2	-	-	3	1	3	-
3.	Қаражал қ.	11	11	1	1	-	-	1	1	2	1

МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ-2023: ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ҮРДІСТЕРІ

№	Аудан/қала	«АМАНАТ»		«Ауыл»		«Respubli- са»		НПК		«Ақ жол»	
		ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу	ұсыну	тіркеу
4.	Жаңаарқа ауданы	12	12	2	2	-	-	-	-	-	-
5.	Ұлытау ауданы	10	10	-	-	-	-	1	-	-	-
Барлығы		58	58	5	5	-	-	10	5	9	1
Шығыс Қазақстан облысы											
1.	Өскемен қ.	24	24	2	2	7	7	1	1	7	3
2.	Риддер қ.	12	12	1	1	-	-	2	2	2	2
3.	Алтай ауданы	14	14	1	1	-	-	1	1	1	-
4.	Глубоки ауданы	13	12	2	2	1	1	2	2	1	-
5.	Зайсан ауданы	12	11	2	2	2	2	2	2	4	1
6.	Қатон-Қарағай ауданы	11	10	2	2	-	-	2	2	2	-
7.	Күршім ауданы	11	10	1	1	-	-	2	2	3	-
8.	Самар ауданы	10	10	1	1	1	1	-	-	2	1
9.	Тарбағатай ауданы	11	10	1	1	-	-	1	1	4	1
10.	Ұлан ауданы	12	10	1	1	1	1	2	2	3	1
11.	Шемонайха ауданы	12	12	2	2	-	-	1	1	1	-
Барлығы		142	135	16	16	12	12	16	16	30	9

Дереккөз: Саяси партиялар ұсынған мәліметтер

№3 ҚОСЫМША. 2023 ЖЫЛҒЫ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ҮГІТ-НАСИХАТ МАТЕРИАЛДАРЫ



Шымкент қаласы мәслихатына кандидат Дулат Куашбаевтың үгіт-насихат материалы

<https://otyrar.kz/wp-content/uploads/2023/03/vlcsnap-2023-03-16-15h19m08s746.jpg>



Шымкент қаласы мәслихатына кандидат Дулат Куашбаевтың тұрғындарымен кездесуі

<https://otyrar.kz/wp-content/uploads/2023/03/vlcsnap-2023-03-16-13h30m46s658.jpg>



«АМАНАТ» партиясының Шымкент қаласындағы сайлауалды штаб жұмысы
<https://tengrinews.kz/userdata/u398/2023-03/resize/fb8c2484dac850966199f81d70036382.jpeg>



Алматы қаласы мәслихатына кандидат Бақарасова Еленаның үгіт-насихат плакаты, «АМАНАТ» партиясы
<https://exclusive.kz/wp-content/uploads/2023/10/snimok-ekrana-2023-10-30-v-11.33.28.png>



Абай облыстық мәслихатына кандидат Айдос Қасымовтың сайлаушыларымен кездесуі», «Respublica» партиясы
https://018.kz/ru/uploads/posts/2023-03/1678939708_whatapp-image-2023-03-15-at-20_33_06.jpg



Щучинск қаласы мәслихатына кандидат Арман Табулдиннің үгіт-насихат плакаты, «AMANAT» партиясы
<https://44030.kz/wp-content/uploads/2023/02/tabuldin-ru.jpg>



«Ауыл» партиясының сайлаушыларымен кездесуі

<https://www.alataunews.kz/wp-content/uploads/2023/03/effcc2f2e2914dd9aa7e79adad858b87.jpeg>



«Ақ жол» партиясының Алматы қаласындағы митингі

<https://orda.kz/uploads/sites/2/2023/03/vtoroj-press-reлиз-1440x810.jpg>



«AMANAT» партиясы Павлодар облысы филиалының штабында сайлаушылармен кездесу

<https://inbusiness.kz/uploads/2023-2/EsJKX9kg.webp>



«Respublica» партиясының Петропавл қаласындағы сайлауалды үгіт-насихаты

https://vlast.kz/media/gallery_images/ua/1678696660vny5f_920x600.jpg





ҚАЗАҚСТАН
ХАЛЫҚ ПАРТИЯСЫ
НАРОДНАЯ ПАРТИЯ
КАЗАХСТАНА

Кандидаты в депутаты встретились с избирателями

   @halyk_partyasy  @HalykPartyKZ  @HalykParty


ҚХП өкілдерінің Петропавл қаласында сайлаушылармен кездесуі

<https://www.instagram.com/p/CpxF2CPqPZK/>



«Ауыл» партиясының Жамбыл облысында сайлаушыларымен кездесуі

<https://www.instagram.com/p/CplsdYyv95K/>



«Байтақ» партиясының Instagram парақшасындағы жазбалар

https://www.instagram.com/baytaq_jasyldar_partiyasy/

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Жолдыбалина Алуа Серікқызы – Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты директорының орынбасары, PhD

Санхаева Жанар Мағажанқызы – Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты Саяси зерттеулер бөлімінің басшысы

Үрпекова Амина Гұмарқызы – Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты Өңірлермен жұмыс жөніндегі бөлімнің басшысы

Сайлау Қуаныш Сапиоллаұлы – Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты Саяси зерттеулер бөлімінің аға сарапшысы

Өтеғали Дулат Болатұлы – Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты Саяси зерттеулер бөлімінің бас сарапшысы

Ықылас Қуандық Ернарұлы – Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты Саяси зерттеулер бөлімінің аға сарапшысы

Басуға 25.09.2024 қол қойылды.
Пішімі 60x84/16. Қағазы офсеттік.
Таралымы 500 дана. Тапсырыс № 457

«Big Dream» ЖШС баспаханасында басылды.
Астана қаласы, К.Байсейітова көш., 114/2
Тел.: 37-70-74,
+7 702 484 88 13,
+7 747 572 65 02

ISBN 978-601-81083-7-2



9|786018|108372|